



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ
ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ»**
республикалық ғылыми-практикалық
конференция жинағы
(2023 жылғы 28 сәуір)

Сборник республиканской
научно-практической конференции
**«СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ
ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ
В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ»**
(28 апреля 2023 года)

Астана-2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА

**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫН
ЖЕТІЛДІРУ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
ЖИНАҒЫ
(2023 жылғы 28 сәуір)**

**СБОРНИК
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФИОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ В
ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ»
(28 апреля 2023 года)**

Астана – 2023

МРНТИ 14.15.01
ӘОЖ 373.5.016
A14

Редакция алқасы: Ахметжанова А.А., Галимжанова М.А., Хусаинова А.К., Махмадинов Д.М., Мурзакулов С.В., Танірбергенова А.Ш., Исмагулова С.К., Тастанова А.К., Ергалиева Г.Т.

«Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 206 б. – Қазақша, орысша.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 373.5.016
A14

**© Ы. Алтынсарин атындағы
ҰБА, 2023.**

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

1. Тыныбаева М.А. Перспективы развития профориентационной работы в организациях образования	5
2. Абдыкадырова Г.М., Нысанбаева К.А. Жеткіншектің болашақ мамандыққа қатысты мәселелері	8
3. Аманбаева Ж.К. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстары	12
4. Апендина Г.К. Арнайы мектепте кәсіптік бағдар беру туралы	16
5. Арыстан Н.Н. Жасөспірімдерге кәсіптік бағыт - бағдар берудің инновациялық әдістері	20
6. Аханова М.Қ. Болашақтағы мамандықтың кәсіби бағытын айқындау үшін STORYTELLING әдісін қолдану	24
7. Ахметова М.К. Мамандыққа деген қоғамдық қатынас, оның беделінің дәрежесі, маңыздылығы, рентабельділігі	26
8. Базарбаева М.К. Планирование работы профориентатора и оценка эффективности профориентации	30
9. Балымова С.Т. Мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді ұйымдастыру жолдары	33
10. Бимбетова З.А. Жоба жасау арқылы білім беру – кәсіби бағдарды айқындайтын әдіс	37
11. Болатова С.Б. Кәсіптік бағдар беру жұмысының моделі	41
12. Булакбаева Ж.К. Развитие предпринимательского потенциала студентов через систему профессионального образования	46
13. Булекова А.Ж. «Ұлттық өнер - ұрпаққа мұра»	51
14. Грудупс К.Я. Профессиональная ориентация в школе: сущность, проблемы и пути решения	54
15. Дастенова Л.Ж. Орта мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру	58
16. Есенгулов К.М. Профессиональное ориентирование обучающихся в школе: состояние и проблемы	63
17. Есжанова М.Е. Оқушыға жеке профориентациялық кеңес жүргізу технологиясы	66
18. Жарасова И.К. Кәсіби бағыт беру және кәсіби өзін-өзі анықтау	68
19. Жетибаева А.А. Кәсіптік бағдар-болашаққа жол	73
20. Ибрагимова М.О. Кәсіптік бағдар берушінің жұмысын жоспарлау және кәсіптік бағдар берудің тиімділігін бағалау	76
21. Ибраева К.Ш. Ранняя профилизация учащихся младшего школьного возраста в физико-математическом лицее	80
22. Ибраева М.А. Болашақта мамандық таңдау – өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау	84
23. Ильяшова С.Б. Мектептегі кәсіптік бағдар беру	88
24. Калжанова Г.М. Кәсіби бағдар берудің заманауи талаптары	91
25. Калиханова Ш.М. Кәсіптік бағдар беру мамандық таңдаудың негізгі жолы	95
26. Кашкенов Т.К. Оқыту сапасын арттыру үшін педагогикалық өлшеулердің нәтижелерін пайдалану	100
27. Керибаева А.М. Профориентационное сопровождение как инструмент раннего самоопределения обучающихся	102

28. Кошкарбаева Д.К. Формирование профессиональных предпочтений обучающихся на уроках физики	106
29. Лысенко Ю.Б. Профессиональная ориентация: равные возможности, доступная среда для всех участников образовательного процесса	110
30. Макажанова Ж.М., Жакина А.М. Жоғары колледж жағдайында кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыру жолдары	113
31. Маликова С.Т. Особенности организации педагогического сопровождения профессионального самоопределения учащихся в малокомплектных школах	118
32. Мельникова Т.М. Погружение в профессию	122
33. Мурзакулов С.В., Тастанова А.К. Модель профориентационной работы в организациях среднего образования РК	125
34. Мурсалимова Ш.С. Развитие информационной грамотности у студентов в цифровой эпохе	130
35. Муханбет А.М. Қабілет және дарындылық кәсіби бағыт жолының бастауы	134
36. Мұратбай Т.Ч. Ауыл мектебінде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	137
37. Профориентация в начальной школе-первый шаг к выбору профессии Нагноенко О.Ю.	141
38. Нургалиева А.Ж. О профориентационной работе в школе	146
39. Оспанова А.А., Аубакирова Г.Б. Оқушыларды химия пәнінен бейіналды даярлау	149
40. Оспанова А.М. Мектептегі кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру жолдары	157
41. Пірімова Ә.Ә. Оқушыларды кәсіби бағдарлауда тәжірибедегі ізденістер	160
42. Раева А.Ж. Ғылымдар тоғысындағы жаңа мамандықтар	164
43. Рахимбердиева Г.Н. Средства компьютерной графики при подготовке специалистов сферы услуг	168
44. Рахматуллина А.Т. Моя профессия - учитель	172
45. Садыбекова А.Ж. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде мектеп пен жоғары оқу орнының арасындағы байланыстың әсері	174
46. Сеитова К.Т. Профессиональное самоопределение личности - один из компонентов выбора будущей профессии	177
47. Сон Е.Г. Системный подход в процессе формирования профессионального самоопределения старших школьников	180
48. Сулейменова А.З. Кәсіптік бағдар беру жұмысын инновациялық жобалар арқылы жүргізудің маңызы	186
49. Тодераш О.Е. Инновационные формы в организации профориентационной работы общеобразовательных школ	189
50. Тұрдыбек А.Ғ. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда акт құралдарын пайдалану мүмкіндіктері	195
51. Якияева Г.У. Формирование профессиональных предпочтений обучающихся на уроках английского языка	200
52. Алиева Э.М. Индивидуальное образовательное пространство, как условие формирования профессиональной направленности личности обучающихся	205
52. Мынбаева Ж.Т., Тимченко Е.С. Индивидуальное образовательное пространство, как условие формирования профессиональной направленности личности обучающихся	209

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

М.А. Тыныбаева

*Президент Национальной академии образования им. И.Алтынсарина
Министерства просвещения Республики Казахстан*

**Добрый день,
уважаемые участники конференции!**

Я искренне рада сегодня встрече с вами на первой республиканской конференции по вопросам совершенствования профориентационной работы.

Результаты исследований сигнализируют о необходимости системного подхода к проведению профориентационной работы в организациях среднего образования.

По результатам исследований Национальной академии образования имени И. Алтынсарина, наблюдаются сложности на местах с нормативно-правовой базой, отсутствием актуальной информации о рынке труда и востребованных профессиях, методологической и материально-технической базы для повышения квалификации школьных профориентаторов. Частные организации по профориентации обучающихся проводят работу с ограниченным контингентом, в основном на платной основе.

Более того, на основе анализа текущей ситуации, а также по мнению экспертов и практиков в сфере профориентации, на уровне местных исполнительных органов Казахстана профориентационная работа выстраивается без учета стратегических планов развития и прогнозных показателей рынка труда.

По итогам PISA-2018, каждый пятый казахстанский подросток не может определиться со своими карьерными предпочтениями. При этом доля таких старшеклассников среди мальчиков выше, чем среди девочек.

Исследование Европейского фонда образования показало, что зачастую в школах функциональные обязанности по развитию профориентации закреплены за школьными психологами, предметными педагогами – чаще за учителями физики, химии, информатики, английского языка. Специалисты, реализующие профориентацию в школах, получают специализацию в этом направлении за счет неформальных способов обучения.

В то же время ранняя профориентация школьников сегодня занимает особое место в образовательной повестке страны. Недавно принятая Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023–2029 годы уделяет отдельное внимание развитию потенциала педагогов-профориентаторов, которых сегодня, согласно данным НОБД, насчитывается более 4 тыс. человек.

Неслучайно мы, как Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, сегодня предприняли первую масштабную попытку собрать все

основные заинтересованные стороны в области развития профориентационной работы.

С 2021 года Академией выстраивается планомерная работа по устойчивому развитию профориентационной работы в школах. В бытность Гани Бектаевича была открыта Лаборатория развития человеческого капитала и профессиональной ориентации. Лаборатория активно содействует Министерству просвещения в определении концептуальных основ развития профориентационной работы в организациях среднего образования, оказании методической поддержки педагогам-профориентаторам, а также проведении мониторинга.

Разработан проект Концепции развития профориентационной работы в организациях образования, который заложит единый общенациональный подход к совершенствованию профориентационной работы в системе образования.

Нами разработан ряд методических разработок для педагогов-профориентаторов, у которых в принципе на этапе становления не было ни достаточной информации, ни методической поддержки для работы. Все методические разработки сегодня будут подробно представлены в ходе работы секций.

Наконец, ни одна из внедряемых инициатив не имеет ожидаемого эффекта без должного мониторинга. В текущем и последующие годы нами планируется проведение ежегодного мониторинга профориентационной работы в школах в целом, а также деятельности педагогов-профориентаторов в частности.

Хочу подробнее остановиться на перспективах развития профориентационной работы в организациях образования.

Совместными усилиями нам важно выстроить «идеальную» модель профориентации, где во главе угла будут три ключевых направления:

Первое. Профессиональное информирование. У всех обучающихся должна быть возможность получать обширную информацию о рынке образовательных услуг и труда. Для этого важно создание цифровой базы данных с фактическими данными о доступной сети организаций образования, востребованных специальностях, профилях профессий на рынке труда с основными характеристиками, востребованности профессий на рынке труда.

Второе. Профессиональная диагностика. Диагностика позволит оценить способности, склонности, интересы обучающихся и предложить рекомендации с наиболее подходящими специальностями обучения и профессиями для трудоустройства. В этом вопросе важна разработка качественного теста, привязанного к единой классификации профессий и специальностей.

Третье. Первые два этапа должны обязательно завершаться профессиональным консультированием. На основе результатов профессионального информирования и диагностики необходимо выстраивать индивидуальный план развития навыков каждого ребенка. Для этого этапа особо значима ваша роль, уважаемые педагоги-профориентаторы.

В вопросах развития профориентации важна преемственность и системность. Здесь невозможно ограничиваться только возможностями организаций среднего образования и потенциалом педагогов школ.

В этом плане мне нравится подход стран-лидеров PISA, которые даже само понятие «профориентация» рассматривают шире, как **«содействие развитию карьеры»**. И целевыми группами у них выступают не только обучающиеся школ, но и других уровней образования, включая дошкольные организации, а также взрослое население.

Уважаемые коллеги!

Работа в данном направлении требует партнерства всех сторон – и обучающихся, и педагогов, и администраторов, и управленцев, и ученых.

Мы открыты к сотрудничеству и надеемся на плодотворный диалог в ходе работы конференции.

Спасибо за внимание!

ЖЕТКІНШЕКТІҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.М. Абдыкадырова¹, К.А. Нысанбаева²

¹«№23 жалпы білім беретін мектебі» КММ

²«М.Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада түлектердің мамандық таңдаудағы қателіктері, Мамандық таңдау барысында жас түлек «Мен қалаймын», «Менің қолымнан келеді», «Маған керек» деп, өз қабілеттіліктерін, ішкі сенімдері мен нақты мүмкіндіктерін ескерулері, мамандық таңдаудағы темперамент типтері сай таңдауы қарастырылады. Сонымен қатар «Кім боламын?» сұрағына жауаптар жан-жақты талқыланған.

Тірек сөздер: Мамандық, маман, мамандық таңдау, кәсіби бағыт-бағдар, темперамент, педагог-психолог.

Аннотация. В статье рассматриваются ошибки выпускников в выборе профессии, в процессе выбора профессии молодой выпускник говорит: «я хочу», «я могу», «мне нужно», учитывает свои способности, внутренние убеждения и реальные возможности, выбирает подходящий тип темперамента при выборе профессии. Кроме того, «кем я буду?» ответы на вопрос обсуждались всесторонне.

Ключевые слова: профессия, специалист, выбор профессии, профессиональная направленность, темперамент, педагог-психолог.

Қазір мектеп түлектері ҰБТ сынағын бітіріп, оқу орны мен мамандықтарын қызу таңдау үстінде.

Бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау – бүгінгі күннің басты талабы. Мектеп қабырғасында он бір жыл бойы білім алып, «тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққаннан» кейінгі мәселе – болашақ мамандықты таңдау. Бұл жасөспірім өмірінің маңызды кезеңі. Себебі таңдаған мамандығы өмірінің бір бөлшегімен біте қайнасып жатады. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, қоғамға үлес қосатындай болуы шарт. Оңы мен солын танып үлгермеген мектеп оқушылары мамандығын дәл таңдауы қиын. Сондықтан жастар мамандық таңдауда көбіне ата-аналарымен, ұстаздарымен ақылдасып, бір шешімге келіп жатады.

Мамандық таңдау – жай ғана оқып, диплом алу емес, өмірлік жолыңды таңдау. Сондықтан болашақтарыңды айқындау барысында талапкер де, ата-ана да «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» абзал болмақ. Сол үшін осы бастан дұрыс бағытты таңдап, лайықты маман болудың жолын қарастыру керек. Өйткені өз саласының білгірі ғана қай кезде де сұранысқа ие болмақ

«Мамандық» сөзі латын сөзінен шыққан, «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй

тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.

Мамандық таңдау мәселесі – адам өміріндегі ең күрделі және жауапты қадам. Мамандық таңдау әрбір адамның мұқиятылығын қажет етеді. Ең алдымен мамандықтар туралы әр түрлі сайттағы ақпараттармен, қазіргі таңда мектеп қабырғасындағы психологтың түлектердің мамандық таңдауында жүргізетін диагностикалық, мамандыққа бағытталған кәсіби бағыт-бағдар жұмыстарымен танысу керек.

Мамандық таңдау барысында жас түлек «Мен қалаймын», «Менің қолымнан келеді», «Маған керек» деп, өз қабілеттіліктерін, ішкі сенімдері мен нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет. Бұл орайда педагог-психологтың кәсіби бағыт-бағдар жұмысы мыңызды.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

Ұнайтын мамандықты таңдау және өмір бойы өзіңізді қамтамасыз ету үшін алдымен адам өзін танып, мұқият зерттеу қажет. Ең алдымен қызығушылығыңызды, бейімділігіңізді, мінез сипаты мен физикалық мүмкіндіктеріңізді жақсы түсіне алу керек. Негізгі қасиеттеріңіз бен байқалмайтын қасиеттеріңізді анықтау қажет. Ары қарай өзіңізге сәйкес келетін мамандықтарды таңдау кедергі туындамайды. Осыдан кейін ғана оқу орнын таңдау қажет. Ең бастысы жоғары оқу орнындағы оқу процесінің өзіндік талаптарын да есепке алу керек. Мамандық таңдауда ата-аналар, туыстар мұғалімдер және таныс адамдар көмек көрсете алады. Бірақ әрбір жас түлек өзінің мүмкіндіктерін жақсы біледі.

Кейбір ата-аналар балаларының мүмкіндіктерін ескермей, өздерінің қалауларын таңдауға мәжбүрлейді. Ол ата-ананың жүзеге аспаған арманы болуы мүмкін. Мен жас кезімде дәрігер мамандығын жақсы көрдім. Бірақ жолым болмады. Енді баламның дәрігер болғанын қалаймын. Осындай жағдайлар туындап қалса, өз мүмкіндігіңізді және жүрек қалауын тыңдап көріңіз. Алдыңызға қойылған мақсаттардан шегінуге болмайды.

Оқу орнына түскеннен кейін ресми мамандық алу басталады. Неғұрлым сапалы білім алу үшін қандай да бір жоспар жасауға болады. Негізгі және қосымша мақсаттарға бөлу. Осы мақсаттарға қол жеткізудің жолдары мен құралдарын айқындау. Мүмкін болатын қиындықтар мен кедергілерге қарсы күресу үшін өзінің ішкі күштерін шоғырландыру.

Мамандық таңдауда жіберілетін қателер:

- Беделді кәсіптердің жетегінде кету;
- Ата-анасы үшін мамандық таңдау;
- Мамандықты таңдауға ақпараттардың жеткіліксіздігі;
- Өзінің психологиялық ерекшелігін түсіне алмау;

- Басқалар не таңдаса, соны таңдау;
- Грант көп берілетін мамандықтарды таңдау;
- «Диплом алсам болды» деген пікірді ұстану.

Осындай қателіктер жіберілмес үшін не істеу керек?

1. Балалық шақты еске алыңыз. Бала кезіңізде сізде қандай үміт пен арман болды?

2. Өзіңізді толық зерттеңіз.

3. Жеке тұлғаның профилін жасаңыз.

4. Басқалардың сізді қалай көретінін біліп, өзіңізді жақсы түсініп алыңыз.

5. Жақын досыңыздан, отбасы мүшелерінен немесе сенімді адамнан сізді сипаттайтын 10 кілт сөз жазуды сұраңыз. Олар сіздің бағалауыңызбен сәйкес келетініне назар аударыңыз.

6. Педагог мамандығының бес негізгі бағытын белгілеңіз. Маркер немесе басқа құралмен сіз үшін ең тартымды екі бағытын таңдаңыз. Неге олар қызығушылық тудырады? Бұл бағытқа қандай өмірлік тәжірибем бар. Болашақта бұл бағытын қалай көре аламын. Олар сіздің жеке басыңыз бен құндылықтарыңызға қалай сәйкес келеді?

7. Сіздің темпераментіңізді ескеру қажет. Жұмыс стилі соған байланысты.

Сангвиниктер – сенімді қызметкерлер. Оларға бір сарынды және баяу жұмыс ұнайды. Шыдамдылық пен тапқырлыққа қабілеттілігін іске асыратын тірі және қозғалмалы жұмыс қажет.

Холериктерге циклдік жұмыстар ұнайды. Мұндай жұмыстар оларға табыс әкеледі.

Флегматик кез-келген әрекеттерді үнемі жылдам орындауды талап етпейтін оқу және өндірістік жұмысқа бейімді. Олар үшін ең бастысы жылдамдық емес, жұмыс сапасы тұрады.

Меланхолик сангвиникаға толық қарама-қарсы. Сонымен қатар, оның жұмыс өнімділігі көңіл-күйге толығымен байланысты. Сондай-ақ, таңдау кезінде қандай мамандар қандай да бір салада сұранысқа ие болатынын ескеруді ұмытпаңыз.

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төлені қажеттілігі.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген сүйіспеншілік керек. Мамандыққа деген сүйіспеншілі пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Сүйіспеншілік пен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңызды білесіз, бірақ мамандығыңыздың қалай аталатынын білмейсіз. Бұндай жағдайда мектеп психологтары, мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-анаңыз, туған-туыстарыңыздың көмектеріне жүгінгеніңіз жөн.

Жоғары сынып оқушыларын жиі толғандыратын мәселелердің бірі – мамандық таңдау. Сондықтан «Кім боласың?» деген сұраққа әркім әртүрлі жауап береді.

Көптеген оқушылар ата-анасы, туыстары, мұғалімдері қалаған мамандыққа баруды ұйғарады. «Диплом алып алайын, қалғанын көре жатармын» деп ойлайды. Дәл осылай ойлаған қаншама адам кейін мүлде басқа салада табысты жұмыс істеп жүр. Кейде ата-анасына ерегесіп, мамандық алмағандар да ақыл тоқтатқан кезде өкініп қалып жатады.

Сонымен мамандықты қалай таңдау керек?

1. Алдымен елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Солардың ішінен ұнамайтындарын сызып тастаңыз. Өзіңізге ұнайтындарының біреуін таңдап, сол мамандық жайлы досыңызға жарнама жасап көріңіз. Мысалы, дәрігер, экономист, сатушы, т.б. Егер дұрыс, жан-жақты сипаттай алмасаңыз, онда бұл мамандық сізге ұнамайды деген сөз. Яғни, бұл әдіс аталған мамандықтың ұнайтын-ұнамайтынын анықтау үшін жасалынады.

Осы мамандық бойынша жұмыс жасап жүргеніңізді толық елестетіңіз:

- Ұнамсыз жақтарына көндігер ме едіңіз? Мәселен, жұмыстан кеш шаршап шығу, аз көлемдегі жалақы немесе жоғарғы жалақы, алайда үнемі іссапарда жүру керек, т.с.с.

- Болашақ отбасыңыз бұған қалай қарар екен?

2. Сіздің хоббиіңіз қандай? Сіз оны мамандыққа айналдыра алар ма едіңіз? Оған деген сұранысты қалай арттыруға болады? Мысалы, сурет салуға икеміңіз болса, өзге суретшілерден озық тұру үшін, компьютерде салуға және балалар әдебиетін көркемдеуге үйреніңіз. Себебі балалар әдебиеті үнемі сұранысқа ие.

3. Сәнге айналған мамандыққа жүгірмеңіз. Мысалы, жас қыздардың көбі модель болуды армандайды. Бұл түсінікті де. Біріншіден, үнемі теледидардан көрсететіндіктен атақ-даңқы жайылады. Екіншіден, әдемі болып жүреді. Үшіншіден, дүниежүзін аралайды. Төртіншіден, жалақысы жоғары. Алайда бұл мамандықтың да өз қиыншылықтары бар.

4. Мамандықтың жаманы жоқ. Мысалы, сіздің ас пісіруге ебіңіз бар, тіпті ләззат аласыз. Алайда ата-анаңыз қарсы, олар баласының экономист болғанын қалайды. Дегенмен, осы салада білім алсаңыз, кейін мейрамхана ашуыңызға да болады.

5. Амал жоқтықтан таңдау. Мәселен, балыңыз жеткен оқу орнына бара саласыз. Бірақ өкінішке орай, осындай жолмен түскендер екінші, үшінші курстарда оқудан шығып кетіп жатады.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны да аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, жасөспірімдер өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауы тиіс.

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) Алимова Р.С. *Кәсіп таңдау маңыздылығы.* –А., 2010.-70б.
- 2) Бутковская С.А. *Профессиональное самоопределение: теория, методы активизации.* – М.: Изд-во «Дизайн-Приент», 2007. -50б.

3) <https://osken-onir.kz/kogam/22306-mamandy-tadau-bolashaty-tadau.html>

4) Пряжников Н.С. Профориентация в школе и колледже: игры, упражнения, опросники. – М., 20025.-288б.

МЕКТЕПТЕГІ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ж.К. Аманбаева

*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
«Рудный қаласы білім бөлімінің Міржақып Дулатұлы
атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай облысы, Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада бүгінгі таңда мектептегі білім алушыларға кәсіби бағдар жұмыстарының өзектілігі жайында айтылып, оны тиімді жүзеге асырудың жолдары қарастырылады. Мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын жандандыруда педагогтар, ата-аналар, түрлі оқу орындарының мамандарының бірлескен жұмыс үйлесімділігі және мектеп жантанушыларының диагностикалық жұмыстарының тұрақты түрде іске асуы жақсы нәтижеге итермелейді. Мақалада осы аталған жұмыстарды зерттеудің кейбір нәтижелері, атап айтқанда кәсіби бағдар беру жұмыстарын жан-жақты қарым-қатынас орната отырып, бір ырғақта жұмыс жасаудың жетістіктері ұсынылған.

Тірек сөздер: кәсіби бағдар, мамандар, педагогтар, мектеп

Аннотация. В данной статье содержится материал об актуальности профориентационной работы для школьников, рассматриваются пути ее эффективного проведения. При активизации работы профориентации в школах к хорошим результатам приведет слаженность совместной работы учителей, родителей, специалистов различных образовательных учреждений и регулярное проведение диагностической работы школьных психологов. В статье представлены некоторые результаты профориентационной работы.

Ключевые слова: профессиональная направленность, специалисты, учителя, школа.

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, біліктілік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау. Осы мақсаттарды іске асыруда бүгінгі мектеп оқушыларына қойылып отырған мәселелер күн сайын күшейуде. Өйткені келешек қоғамымыздың басты тұлғасы бүгінгі мектеп оқушылары.

Сондықтан мектепте берілетін кәсіби бағдар жұмыстарының бүгінгі күні маңызы зор болып табылады. Білім беру процесінде үнемі, баланың өзіндік жалпы дамуын бақылау, жан-жақты дүниетанымын кеңейту және болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау міндетін естен шығармаған дұрыс. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны айқын. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген

жүйесіне сүйену, яғни жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекет.

Жалпы біздің мектебімізде осы аталған бағыттағы жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Мәселен:

- Оқу жылының басында кәсіби бағдар беру жұмысына жауаптылар тағайындалып, жұмыс жоспары құрылады;

- Жыл ішінде психологиялық тұрғыдан әр түрлі диагностикалық зерттеу жұмыстары жан-жақты жүргізіліп, білім алушылардың мамандық таңдаудағы бейіндері анықталып талданады;

- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, бейіндік қалыптасу деңгейіне байланысты үйірме-секцияларға, «дебат», театр т.б қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалған;

- Мектепте – кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда бастауыш сыныптардан бастап қамту жолға қойылған;

- Қаламыздағы өндіріс орындарына экскурсия жасау, жергілікті оқу орындарының ұйымдастыруымен өткізетін ашық есік күндеріне үнемі қатыстыру, оқу орындарынан кәсіптік бағдар бойынша арнайы мамандарды шақыру жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр

- Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады.

- Кәсіптік және жоғары оқу орындарының ұйымдастыруымен өтетін түрлі байқауларға, зияткерлік ойындарға оқушыларды қатыстырып, грант иегерлері атануға қолдау көрсетеміз.

Жалпы ерте жастан бастап мамандыққа баулу, кәсіби білім беруге икемдеу бастауыш сыныптардан бастау алады. Яғни мектебімізде 2-11 сынып оқушылары аралығында жұмыстар кезеңімен іске асырылады. Мәселен, бастауыш буында кәсіптің не екенін ұғындырып, еңбекті сүю, құрметтеу бағытында жүргізілсе, 5-8 сыныптарда оқушылардың танымын кеңейтіп, оларды қажетті кең тараған мамандықтың түрлерімен таныстыру керек осы мақсатта біздің оқушылар ағымдағы оқу жылында қаламыздағы өндіріс орындары мен қызмет ету орындарына атап айтсақ: «Аманат» ЖШС, «Село Лесное-Лидер 2010» ЖШС, «Халыққа қызмет көрсету» орталығына, «Рудный қаласының № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне» экскурсиялар жиі жасап, түрлі мамандықтармен танысуды жалғастыруда. Ал 9-11 сыныптарда әрбір мамандықты терең оқытуға көңіл бөлініп, белгілі бір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту керек болып табылады. Бұл кездегі оқушылармен жұмыстың негізгі түрлері-факультативтер, үйірме-секциялар, әр — түрлі мамандық таңдауға бағытталған клубтар, ақылы курстар т.б. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда да қызығушылықтарына қарай кез-келген бағытты таңдауға еркіндік берілген, мектебімізде үйірме-секция жұмыстары жан-жақты тілдік, эстетикалық, спорттық, шығармашылық т.б ұйымдастырылып, жетістіктерін атап өту дәстүрге айналған. Сонымен қатар сыртқы мекемелердегі бос уақытқа баратын оқушылар саны аз емес. Қазіргі таңда үздіксіз жүргізілген секциялардың нәтижесінде спорт саласына

қызығушылығы басым оқушылар көбейген оның дәлелі жыл сайын «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттеріміздің қатары жыл сайын көбейіп, алдыңғы қатары бүгінгі таңда тренер болып қызметте жүрген түлектеріміз - Бердібаев Нуршат, Бекен Ғасыр қаламыздағы спорт саласын дамытуға өз үлестерін қосып жүргенін атап өткім келеді.

Сонымен қатар мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік ақыл-кеңес ерекше орын алады. Кәсіптік ақыл-кеңес жұмысына ата-аналар құрамынан, түрлі мекемелер мен өндіріс орындарынан қызметкер мамандарды тарту маңызды. Кей жағдайда өндіріс орындарында, кәсіптік техникалық оқу орындарында өндірістік оқу цехтарында, кәсіптік бағдар беру кабинеттерінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу кәсіпке деген қызығушылықты оятудың бірден-бір жолы. Кәсіптік ақыл-кеңес беру алдында мектепте психологиялық тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша әр түрлі диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу тұрақты іске асуы тиіс. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында сауалнамалар нәтижесінде бірнеше рет сараптама жасап, Джон Голландтың тұлғаның типтерін анықтау сауалнамасы басшылыққа алынса оқушылардың бейімділігі мен икемділігін анықтауға әбден болады. Мәселен:

- «Мамандыққа дайындық» саралаушы-диагностикалық сауалнамасы;

- Қызығушылық картасы (Александр Ефимович Голомшок әдістемесі бойынша);

- Кәсіби бағыт бағдар сауалнамасы;

«Қандай оқу бағытың таңдайсың?», «Сенің кәсіби ой-ниетің», «Табандылықты зерттеу» тақырыбында диагностикалық сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесі міндетті түрде оқушы мен ата-анаға ақпарат түрінде беріліп отыру керек. Түрлі типтегі оқушылар анықталып, икемділігі мен бейімділігіне орай бағыттау жұмыстарын бірлесе отырып, жүзеге асырса мамандық таңдауда көп қиындық тудыратын оқушыларға үлкен көмек болары сөзсіз.

Аталған психологиялық - диагностикалық жұмыстар нәтижесі педагогикалық консилиумде қаралып, кеңінен талданады. Қорытындысы ата-аналар жиналысында талқыланып, түсіндіру жұмыстары жалғасады.

Кәсіби бағдар беруде ата-аналармен жұмыстың маңызы өте зор. Мектебімізде ата-аналарға арналған мамандық таңдау тақырыбында жыл ішінде бірнеше мәрте шебер сыныптар өткізіледі. Шебер сынып барысында таңдау пәндері бойынша мамандықты анықтау, оқу орнына түсуге қойылатын шекті балдары бойынша оқушының мамандық пен оқу орнын таңдау жолдары айтылып, Мемлекеттік гранттар мен әкім гранттарына ие болу жолдары түсіндірілді және арнайы мамандардың келуімен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жеке кездесіп, жолдарын қарастырудың сәті туады.

Түлектердің басым көпшілігі техникалық, педагогикалық және медициналық мамандықтарды таңдайды. Қазіргі таңда 11-сынып түлектері саналы түрде кәсіби бағдар жұмысын жоспарлауда, ең бастысы кез – келген түлектің арманы саналатын – грант бағдарламасын жеңу жолдарына басым көңіл бөліп, мамандықтар комбинациясы ұсынылды. Бұл, оқушы өз таңдаған мамандығы бойынша таңдау пәндерін анықтау мүмкіндігін береді. Пәндер

таңдалғаннан кейін оқушы таңдау пәндері бойынша өз мүмкіндіктерін саралау үшін ҰБТ дайындық тестілеулері өткізіліп, expertтік кеңес жұмыстары жүргізіледі. Оқушы соңғы кезекте өз пәні бойынша жинаған балдары арқылы қандай мамандық, қандай оқу орына түсуге болатын мүмкіндіктерін өз бетімен анализ жасап үйренеді. ҰБТ барысына қатысты барлық жаңалықтарды меңгеру үшін оларға ауызша ғана ақпарат берілмей, нақты заң жобалары ұсынылады. Олар: Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы №13 26.06.2022ж бұйрығын басшылыққа алып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамандықты саналы таңдауда адамның дарындылық қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар, мәселен, жыл сайын 11 сынып оқушылары бейіндік пәндері бойынша жоғары оқу орындарының ұйымдастыратын бейіндік пән олимпиадаларына қатысып, оқу гранттарын иеленуде:

2021-2022 оқу жылында 11 сынып оқушылары М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік экономикалық университетінің ұйымдастыруымен бейіндік пәндер бойынша, «Білім.Бостандық Өркендеу-2021» олимпиадасына қатысып нәтижесінде - 1 түлегіміз жүлделі орындарды иеленсе, 2023 жылы Рудный индустриалды институтының олимпиадасына 11 сынып оқушысы – 1 түлек 20% жеңілдікпен грант иегері атанды.

Бүгінгі таңда оқушыларды мамандықтар туралы түсінікпен қаруландырып, дара ерекшеліктерін анықтап, мамандық таңдауға көмектесіп, белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеуде өздерінің іс-әрекеттерін дәлелдей білген мынандай түлектерімізбен мақтана аламыз:

2012 жылғы түлегіміз «Алтын белгі» иегері Қожахмет Мырзағали бұл күндері Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ-ның ақпараттық технологиялар орталығында IT маман болып жұмыс жасайды .

2016 жылғы түлегіміз Сейітқасымов Зангар Астана қаласында мүсінші мамандығын бітіріп, қазіргі уақытта Астана қаласында жеке кәсіпкер мүсінші қызметте, Өтеген батыр ескерткіші (Астана), Алихан Бокейхан (Семей), Ертегілер аркасы (Бурабай) т.б. жобалардың авторы.

2019 жылғы түлегіміз Қабдешов Абай футболдан ұлттық құрама команда ойыншысы атанды. Мектеп табалдырығында жүріп-ақ өзінің алғашқы жүлделеріне ие болған.

Ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Сол себепті келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-парасаты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу- біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Үздіксіз әрекет ету-нәтижеге жету деп білемін.

Қолданылған деректер тізімі:

1) Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.

2) Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым. - Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.

3) Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. - Алматы: Эверо, 2011.-284 б.

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ТУРАЛЫ

Г.К. Апендина

Астана қаласы әкімдігінің «№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта ерекше білім берудің өзекті тақырыптарының бірі-жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке оқыту-олардың өмірде өз орындарын табуға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ең қолайлы құрал және жағдай болып табылады. Білім алушыларды еңбекке баулу оқуын тиімді ұйымдастыру, медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетелімдері, еңбек нарығының қазіргі жай-күйіне сәйкес ұсынылған кәсіптердің қолжетімділігі ескеріле отырып, бастапқы кәсіптік даярлықты немесе кәсіптік-техникалық білімді алу үшін жағдай жасалуын қамтамасыз етеді. Мақалада осы зерттеудің яғни кәсіптік бағдар беру үшін оқу үдерісінің, іс-шаралардың, атап айтқанда, мектепте кәсіптік бағдар беру мәселесіне оқушылардың, ата-аналардың, педагогтер, арнайы мамандар мен әкімшіліктің қарым-қатынасын зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Тірек сөздер: Ерекше білім беруді қажет ету, кәсіптік бағдар, Кәсіби еңбекке баулу, Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар.

Аннотация. В данной статье рассматривается одна из актуальных в настоящее время тем особого образования-трудовое обучение обучающихся с легкой умственной отсталостью-наиболее подходящий инструмент и условия для их поиска своего места в жизни, адаптации к социальной среде. Обеспечение создания условий для получения первичной профессиональной подготовки или профессионально-технического образования с учетом эффективной организации обучения трудовому обучению обучающихся, медицинских показаний и противопоказаний, доступности предлагаемых профессий в соответствии с современным состоянием рынка труда. В статье представлены результаты исследования взаимоотношений учащихся, родителей, педагогов, специальных специалистов и администрации с проблемой профориентации в школе, деятельности, учебного процесса для профориентации.

Ключевые слова: потребность в специальном образовании, профессиональная направленность, профессиональная подготовка, учащиеся с легкой умственной отсталостью.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 (10) сыныптар үшін «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама «Жалпы еңбекке даярлау» пәні бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламасының жалғасы болып табылады. Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арнайыбілім беруді дамытудағы заманауи үрдістерді ескеріп құрастырылған. Арнайы мектептің 7-9 (10) сыныптарында «Кәсіби еңбекке баулу» пәнін оқытудың мақсаты - білім негіздерін қалыптастыру, білім алушылардың оқу-еңбек іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды игеруге даярлау, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында оқытуға немесе олардың қызығушылықтары мен психикалық және дене мүмкіндіктерін ескеріп, өз бетімен еңбек етуге даярлау.

Жоғарыда көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін еңбекке баулу үдерісі барысында келесі міндеттер шешіледі: еңбек іс-әрекетінің мотивация деңгейін арттыру және еңбекке қажетті тұлғаның қасиеттерін қалыптастыру; еңбекке деген әдеттерді және еңбекке төзімділікті қалыптастыру; оқытылатын технологиялық операцияларын практикалық тұрғыда меңгеру үшін қажетті білімді қалыптастыру; тапсырмада бағдарлану мен оны орындауды жоспарлау және жұмыс нәтижесін бақылау біліктілігін арттыру; өзін-өзі кәсіби анықтауын қамтамасыз ету; кәсіби технологияларды айқын түсіну дағдыларын қалыптастыру; еңбек тәсілдерін оқыту барысында қозғалыс еңбек ету дағдыларын қалыптастыру, жұмыстардың түрлерімен байланысты оқытылатын технологиялық операциялардың орындалуын меңгеру; позитивтік дүниетанымды қалыптастыру және өзін-өзі бағалауын арттыру; білім алушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, еңбек барысында өзара әрекеттестік үшін сөйлеуді қолдануға, бастаған істі соңына жеткізуге, жұмысты максималды сапалы орындауға үйрету; ауызша және жазбаша нұсқауларды, көрнекіліктің алуан түрлерін қолданып, білім алушылардың тапсырмада бағдарлану қабілетін жетілдіру; алатын кәсібіне жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды еңбекке оқыту – олардың өмірде өз орындарын табуға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ең қолайлы құрал және жағдай болып табылады. Білім алушыларды еңбекке баулу оқуын тиімді ұйымдастыру, медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетелімдері, еңбек нарығының қазіргі жай-күйіне сәйкес ұсынылған кәсіптердің қолжетімділігі ескеріле отырып, бастапқы кәсіптік даярлықты немесе кәсіптік-техникалық білімді алу үшін жағдай жасалуын қамтамасыз етеді. «Кәсіби еңбекке баулу» пәні бойынша оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогиканың қағидаларына негізделіп, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асырады. Еңбекке оқытудың барлық кезеңдерінде ақыл-ойында кемістігі бар білім алушыларға білім берудің үздіксіздігі мен өзара байланысын қамтитын сабақтастық қағидасы: кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына дейін.

Оқу-еңбек іс-әрекеті барысында ақыл-ойында кемістігі бар білім алушылардың дамуындағы кемшіліктерді барынша түзетуді қамтитын коррекциялық бағыттылық қағидасы. Оқу-еңбек іс-әрекетінің мазмұнын және тұлғалық жетістіктердің нәтижелерін анықтайтын білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы. Өртүрлі әлеуметтік ортада мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін, білім алушылардың адамгершілік ұғымдарын және түсініктерін (жағымды/жағымсыз; жақсы/жаман) қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік оқыту қағидасы. Оқытылатын материал мен білім алушылардың практикалық іс-әрекетінің арасындағы тығыз байланыстарды орнатуды қамтитын практикалық бағыттылық қағидасы; ең алдымен практикалық мәні бар міндеттерді шешуге бағытталған білім мен қабілеттерін қалыптастыруды болжайды. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өздеріне қолжетімді еңбек іс-әрекетінің барлық түрлерін, танымдық және оқу іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін, коммуникативті іс-әрекет пен нормативті мінез-құлықтың әдістері мен тәсілдерін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін іс-әрекетті

қалыптастыруға бағыттылық қағидасы. Оқу жағдаятында, меңгерген білімдер, біліктіліктер, дағдылар мен қатынастарды әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қағидасы - бұл өз кезегінде білім алушылардың өз бетімен бағдарлауға және шынайы өмірдегі белсенді еңбек іс-әрекетіне даярлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Кәсіби еңбекке баулу» пәнінің аясында оқыту нәтижелерін бағалау, мақсатты тұжырымдауға негізделген критериалды бағалауды қолданумен жүзеге асырылады. Бағалаушы құралдар ретінде тапсырмалар мен жаттығулар алынады, олардың көмегімен жалпы еңбек біліктері мен дағдылары қалыптасады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау, тек ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін мұғалім сабақтарда білім беру процесінің барысында тікелей бағалайды. Ақыл-ойында кемістігі бар білім алушылармен біртұтас педагогикалық процесс құрылатын, арнайы педагогиканың қағидаларына – «диагностика және коррекциялық-дамытушы жұмыстың бірлігіне» сүйеніп, педагогтар жүйелі түрде оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың жетістіктері мен даму мониторингін және бағалаушы бақылаушы әрекеттерді жүзеге асырады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелерін бағалау, ағымдық бағалау, бақылау және қорытынды бағалау түрінде жүзеге асырылады. Ағымдық бағалау білім алушылардың сабақтағы іс-әрекетін бақылау, практикалық және өзбетіндік жұмыстарды талдау, іс-әрекеттің ұжымдық түрлерін талдаудың көмегімен жүргізіледі. Сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қолданатын оқытудың мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Ағымдық бағалау білім алушыларға қатысты ынталандырушы және тәрбиелеуші сипаты болады және баллдық бағалауды қарастырмайды. Бақылау бағалау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді оқытудан кейін жүргізіледі.

В.В.Воронкова бойынша білім алушылар төрт типологиялық топқа бөлінеді және соның нәтижесінде бағаланады. 1 типологиялық топтың білім алушылары білімді қолдану деңгейінде оқу материалын меңгергенін көрсете алады. 2 типологиялық топтың білім алушылары – тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3 типологиялық топтың білім алушылары материалды танып-білу деңгейінде меңгереді және өз білімдерін өзектілеуде мұғалімнің көмегін қажет етеді. 4 типологиялық топтың білім алушылары жеке бағдарлама бойынша білім алады, оның аясында олардың жетістіктерін бағалау жүзеге асырылады.

Қорытынды бағалау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагог міндетті түрде оқу жылының бойындағы сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасын және жетістігін талдайды. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту бағдарламасын меңгеру нәтижелері, қорытынды түрінде білім берудің аяқталу сәтінде бағаланады.

Білім беру ұйымында оқу-еңбек процесін қажетті өндірістік материалымен қамтамасыз ету мүмкіншіліктеріне қарай, мұғалім тақырыптарды оқыту реттілігін белгілейді. Құрамына оқыту мақсатының жүйесі және ұзақмерзімдік

жоспар кіретін бағдарламалық материал 16 қосымшадан тұрады:

- 1-қосымша «Тігін ісі»;
- 2-қосымша «Ағаш ұстасы»;
- 3-қосымша «Сылау-сырлау ісі»;
- 4-қосымша «Слесарлық іс»;
- 5-қосымша «Аяқ киім ісі»;
- 6-қосымша «Картонаж-мұқаба ісі»;
- 7-қосымша «Гүл өсіру және көгалдандыру»;
- 8-қосымша «Кіші медицина қызметкері»;
- 9-қосымша «Ас үй жұмысшысы»;
- 10-қосымша «Аула сыпырушы»;
- 11-қосымша «Көкөніс өсірушілік және жеміс өсірушілік»;
- 12-қосымша «Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы»;
- 13-қосымша «Омарташылық»;
- 14-қосымша «Тоқу. Кестелеу»;
- 15-қосымша «Кіші қызмет көрсетуші»;
- 16-қосымша «Көркем еңбек».

Еңбекке баулу жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психофизикалық дамудың жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ еңбек бейінін таңдау негізінде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып ұйымдастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін еңбекке оқыту бейіндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары не білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып мектеп педагогтері жасаған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламалар пайдаланылады. Кәсіптік–еңбекке оқыту (жалпы еңбек дайындығы), әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, шаруашылық еңбек, қолөнер бойынша сабақтар үшін сыныптар екі топқа бөлінеді. Топтарды еңбек түрлері бойынша жинақтау оқушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Оқушыларды параллель және іргелес сыныптардан кіші топтарға біріктіруге болады. Мектепте оқу кәсіби-еңбек дайындығы бойынша емтиханмен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар Еңбек дайындығы пәндері бойынша бітіру емтиханын тапсырмайды. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар түлектер білім алушылардың осы санаты үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады. Зерде бұзылыстары бар білім алушылар екінші жылға (қайта оқуға) жіберілмейді. 10-сыныпта ақыл-ойы бұзылған оқушыларды оқыту тереңдетілген кәсіби-еңбек дайындығы үшін арнайы жағдайлар жасай отырып ұйымдастырылады.

Қорытындылай келе жоғарыдағы оқу бағдарламасында ұсынылған 16 қосымшаның үшеуін барлық ұсыныстарды ескере отырып орта мерзімді жоспарларын мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіп, технолог педагогтері жұмыс істеп келеді. Олар: «Тігін ісі», «Ағаш ұстасы», «Көкөніс өсірушілік және жеміс өсірушілік». Кәсіби бағдар беру үшін осы бейіндерді оқушыларға жақсы

меңгертуге мектепте барлық жағдайлар жасалған. Ер балаларға мектепте бес шеберхана, қыз балаларға бес шеберхана және керекті барлық құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар мектеп ауласында екі жылыжай орналасқан. Әр оқу жылының аяғына жетпей қала колледждерімен хабарласып, мектепке кәсіптік бағдар беру бойынша колледж мамандары және ата-аналармен жиналыстар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Мына колледждер «Құрылыс-техникалық колледжі», «Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі» жылда нақты арнайы мектеп түлектеріне топтар жинақтайды. Арнайы мектеп-интернаттарында білім алып жатқан оқушылар арасында, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушыларда білім алады. Мектеп аяқтағаннан кейінде осы оқушыларды Мемлекет тарапынан болашақтағы өмірлерін мектептегідей қадағаланып отырса абзал болар еді. Сонымен қатар алдағы уақытта колледж қатарлары көбейіп, арнайы мектеп түлектері қоғамда өз орындарын табады деп сенемін.

Қолданылған деректер тізімі:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 бұйрығына 90-қосымша Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 (10) сыныптар үшін «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

2) «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

3) <https://special-edu.kz/>

4) <https://uba-edu.kz/ru>

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ КӘСІПТІК БАҒЫТ - БАҒДАР БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Н.Н. Арыстан

*№15 жалпы білім беретін мектебі
Қостанай қ. Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. мақала оқушылар арасындағы кәсіптік бағдарлау мәселелеріне және осы қызметке электрондық технологияларды пайдалана отырып, жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін біріктіруге арналған.

Тірек сөздер: IT-технологиялар, кәсіптік бағдарлау, кәсіптік өзін-өзі анықтау, кәсіп таңдау, кәсіптік бағдарлау технологиялары.

Аннотация. Статья посвящена проблемам профориентации учащихся и интеграции в эту деятельность новых форм и методов работы с использованием электронных технологий

Ключевые слова: IT-технологии, профориентация, профессиональное самоопределение, выбор профессии, профориентационные технологии.

Кез келген ЖОО-ның тиімді өміршеңдігінің негізінде кәсіпті таңдау және әлеуметтік табысқа жету үшін қажетті талапкерлердің жеке қасиеттерін

қалыптастыру мектептердің, кәсіптік мектептер мен колледждердің оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру болып табылады.

Қазіргі уақытта кәсіптік бағдар жастарды әртүрлі кәсіптер мен біліктіліктің әртүрлі деңгейлеріндегі кадрлардың жеке мүдделеріне, қабілеттеріне және қоғамдық қажеттіліктеріне сәйкес негізделген таңдауға дайындау бойынша мақсатты әр түрлі аспектілі кешенді қызмет ретінде түсініледі.

Бүгінгі таңда кәсіби бағдарлаудың жаңа рөлі бар-мектеп оқушыларын кәсіби өзін-өзі анықтауда психологиялық-педагогикалық қолдау үшін жағдай жасау, кәсіби мүдделерді, бейімділіктерді анықтауға көмектесу, белгілі бір кәсіпті игерудегі нақты мүмкіндіктерді анықтау, қоғамда сәтті әлеуметтену және еңбек нарығында белсенді бейімделу қажеттілігі [1]. Кәсіптік бағдарлау мәселелеріне жүйелі көзқарас туралы айтатын болсақ, нарықтың үнемі өзгеріп отыратын сұраныстарын ескеру қажет. Соңғы статистикалық деректер бойынша ЖОО-ны бітіргеннен кейін жас мамандардың 60% - дан астамы мамандық бойынша жұмыс істемейді. Тәжірибе көрсеткендей, мамандық таңдаудағы шешуші фактор дәстүрлі түрде отбасының, мұғалімдердің, жақын ортаның пікірі болып табылады [1] Қазақстандық жасөспірімдердің кәсіптік бағдарлау мардымсыз немесе тиімсіз жұмыс істейді деген қорытындыға келеді. Осылайша, кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырудың тәсілдерін, оның ішінде оның нысандары мен әдістерін жаңарту қажеттілігі туындайды.

Кәсіптік бағдар беру сабақтарында білім беру процесінде әртүрлі психологиялық тестілері бар дайын бағдарламалық өнімдерді пайдалануға болады, мысалы:

- мүдделер картасы (кәсіптік бағдар);
- Йовайши тесті (кәсіптік бағдар);
- Шмишек тесті (мінезді екпіндеу деңгейін анықтауға арналған тест);
- Эйзенктің темперамент сынағы;
- кәсіби артықшылық сынағы;
- коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерге арналған тест және басқалар.

Қазіргі заманғы кәсіптік бағдарлаудың айрықша ерекшелігі-бұл жастарды мамандықты еркін, саналы және тәуелсіз таңдауға дайындау жүйесі, мұнда бір жағынан жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері мен оның қажеттіліктері, екінші жағынан еңбек нарығы ескерілуі керек [2].

Кәсіптік бағдарлау проблемалары өсуде, бірақ оның мүмкіндіктері де кеңеюде. Осы бағытта жұмыс істейтін барлық мамандардың міндеті-оқушылардың өзіндік кәсіби өзін-өзі анықтауға деген ынтасын арттыру. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмектесе алады. Қарқынды дамып келе жатқан компьютерлік технологиялар мен ақпараттық технологиялар кәсіптік бағдар беру жұмысының формалары мен принциптерін жаңартудың нақты ресурсы болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану қызықтыратын ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді, жастардың компьютерлік технологияларға деген қызығушылығын жандандырады:

– өзінің негізгі бейімділігі мен қабілеттерін өз бетінше талдауға дайындығын қалыптастыруға көмектеседі;

– сіздің жеке және кәсіби қызығушылықтарыңыз бен бейімділіктеріңізді шамамен анықтауға мүмкіндік береді;

– қазіргі заманғы адамның әлеуметтік қызметінің маңызды түрі ретінде мамандық туралы, мамандық адамға қойылатын талаптар туралы түсінік қалыптастырады;

– өзіңізге өмірлік және құндылық белгілерін қоюға көмектеседі.

Осылайша, жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілі оқу процесін белсенді ақпараттандыру, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың ақпараттық негізі ретінде АКТ-құзыреттілігін арттыру, ғылыми ақпаратты шығармашылық іздеу және белсенді пайдалану үшін Интернеттің артықшылықтарын пайдалану қажеттілігімен тікелей байланысты шығармашылық, ізденіс-зерттеу негізінде өнімді оқыту құралдарын дамыту қажеттілігімен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Бірінші кезекте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру кезінде ЖОО-ның жалпы білім беретін мектептермен, орта кәсіптік білім беру мекемелерімен, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен және әлеуетті жұмыс берушілермен жастардың кәсіптік өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестігінің нысандары мен әдістерін әзірлеу қажет.

Ақпаратты көрнекі түрде құрылымдау және жүргізіліп жатқан жұмыстың тұтас бейнесін алу үшін ынтымақтастықтың басымдықтарын шығаруға мүмкіндік беретін ақыл-ой карталарын қолдануға болады.

Бұдан басқа, заманауи инновациялық технологияларды пайдалану және оқушылар мен студенттердің ақпараттық кәсіптік бағдарлау ресурстарына еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет. Интернет желісі кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерін жан-жақты шешуге көмектеседі. Бұл жоғары оқу орындарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың сайттары болуы мүмкін, онда жоғары оқу орындарының бағыттары мен мамандықтары, бакалавриат бейіндері, магистратурада дайындық, кәсіптер мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде біліктілікті арттыру туралы ақпарат шоғырландырылады. Интернет желісінде оқу орындарының рейтингі, олардың түлектерінің сұранысы, білім беру сапасы туралы пікірталастар өтетін форумдар туралы көптеген ақпарат бар [3].

Бүгінгі таңда білім беру мекемелерінің абсолютті көпшілігінің Интернет желісінде өз парақтары бар және оларды табу белгілі іздеу жүйелерінің көмегімен немесе білім беру порталдарындағы мәліметтер базасы арқылы өте қарапайым. Жаһандық желіні пайдалану жастардың білім беру мекемелеріне назарын күрт арттырады, жалпы кәсіптік бағдарлауға қызығушылықты арттырады. Меншікті сайттың (web-беттің, web-ресурстың) болуы мекемеге ақпаратты жедел ұсынуға, әріптестерімен тәжірибе алмасуға, конференциялар (бейнеконференцияларға дейін) өткізуге, кері байланыс жасауға, баспасөз релиздерін жариялауға және жарнамалық акциялар өткізуге мүмкіндік береді.

Болашақта электронды энциклопедия, "кәсіптік бағдарлау мұражайларын" құруға, түрлі іс-шараларды тікелей желіде өткізуге болады. Білім беру мекемесінің жеке сайтында сіз қабылдау ережелері, дайындалған мамандықтар мен мамандықтар, қосымша білім беру қызметтері және басқалары туралы толық және сенімді ақпаратты біле аласыз.

ЖОО өткізетін негізгі жарнамалық іс-шаралардың ішінде: компьютерлік беттеу құралдарын (Page Maker, Microsoft Word) қолдана отырып, ЖОО және кәсіптік даярлау бағыттары туралы ақпараты бар талапкерлерге арналған ақпараттық-жарнамалық материалдарды (буклеттер, электрондық презентациялар, бейнероликтер) әзірлеу, басып шығару және қайта басып шығару. Жарнамалық ақпарат (афишалар, хабарландырулар, ЖОО филиалының қызметі және дайындық бағыттары туралы ақпараты бар бейнероликтер түріндегі үгіттің көрнекі нысандары) бүгінгі таңда жастар арасында танымал әлеуметтік желілерде де орналастырылады.

Бұл ресурстарды пайдалану жастарға және олардың ата-аналарына болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі [2].

Кәсіптік бағдар беру жұмысының қиын жері оның әдіснамалық жабдықталуы болды. Бүгінгі таңда жаңа әдістер кеңінен енгізілуде, мысалы, тренажерлер мен тренажерлер түрінде кәсіптік бағдар беру үшін ойын технологияларын қолдану. Осы немесе басқа рөлді сынап көргеннен кейін, жас жігіт оны нақты өмірде жеңе алатынын түсіне алады.

Сондай-ақ, мектептерде техникалық жаңалықтарды қолдануға байланысты әртүрлі кәсіптік бағдарлау шараларын ұйымдастыру мүмкіндігі бар. АКТ қолдану арқасында білім беру мекемелері болашақ дизайнерлер, сәулетшілер, монтажшылар, сатушылар, бағдарламашылар және т.б. арасында таңдалған қызмет саласы саласындағы талантты жастарды анықтау және қолдау мақсатында конкурстар өткізе алады, осылайша белгілі бір кәсіпте ақпараттандыру мүмкіндіктерін насихаттай алады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Белоусова И. Д. Университет студенттерін оқыту процесіне ақпараттық технологияларды енгізудің дидактикалық шарттары: реферат. дис. канд. пед. ғылымдар / Белоусова Ирина Дмитриевна; Магнитогорск ММ. - Магнитогорск, 2006, - 22 б.

2. Ефимова И. Ю. ЖОО-ның IT-мамандықтары түлектерінің жұмыспен қамту салаларын талдау және оларды жұмысқа орналастыру мәселелері // ғылым мен білімнің заманауи мәселелері: ЖОО ішіндегі материалдар. ғылыми. конф. МаГУ оқытушылары. - Магнитогорск: МаГУ, 2012. – 290 б. с. 222-224

3. Зеер Э. Ф., Павлова А. М., Садовникова Н. О. кәсіптік бағдар: Теория және практика: жоғары мектеп үшін көмекші құрал. М.: академиялық жоба, 2004 ж. 192 б.

БОЛАШАҚТАҒЫ МАМАНДЫҚТЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАУ ҮШІН STORYTELLING ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

М.Қ. Аханова

«№1 тірек мектебі (РО)» КММ информатика пәні мұғалімі,
Ұлытау ауданы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақтағы мамандық иелеріне деген сұранысты қамтамасыз ететін бірден-бір әдістің негізі қалаушы сторителлинг туралы сөз қозғалмақ. Әдістің қазіргі таңда белең алып, болашақта пайда болатын жаңаша мамандықтарға жол ашатын бағдар болатыны айдан анық. Сондықтан мақалада келтірілген мысалдар мен дәлелдемелер, келешекке келтірілген кейстер тұжырымдалады. Оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беруде біліммен қатар тәжірибелік сабақтардың негізін қалыптастыруда бірнеше әдістер керек, оның ішінде ұсынып отырған сторителлинг әдісі мықты негіз болмақ.

Тірек сөздер: сторителлинг, корпоратив, бизнес-менеджер, жасанды интеллект, сарапшы

Аннотация. В этой статье пойдет речь о сторителлинге, который является единственным методом, который удовлетворит спрос будущих профессионалов. Понятно, что метод станет руководством, открывающим дорогу новым профессиям, которые сейчас набирают обороты и появятся в будущем. Поэтому сформулированы примеры и доказательства, приведенные в статье, представленные в дальнейшем случае. Наряду с обучением, при оказании профессиональной ориентации учащимся необходимо несколько методов, формирующих основу практических занятий, прочной основой среди которых будет предлагаемый метод повествования.

Ключевые слова: сторителлинг, корпоратив, бизнес-менеджер, искусственный интеллект, эксперт.

Кіріспе. 2024 жылға қарай әлем бойынша еңбек нарығында 40 млн жоғары білімді маманға қажеттілік болады деген болжам бар. Дегенмен, ірі мемлекеттердің тұрғындарында «Білім алған саламыз сұранысқа сай болмай қалмай ма?» деген күдік пен үрей басым екен. Pew Research Center жүргізген зерттеу нәтижесіне сенсек, америкалықтардың 87 пайызы жұмыс орындарын сақтап қалу үшін қосымша білім алуға дайын екендіктерін айтыпты. Сонымен қатар, аталған баяндамада сарапшылардың 48 пайызы болашақта робот техникасының дамуы салдарынан жұмыс орындары азаятынын айтқан. Олардың айтуынша, бір робот мың адамның орнын басып, халықтың жұмыспен қамту деңгейі төмендеуі мүмкін.

Forbes, Popular Science басылымдары болашақта пайда болуы мүмкін 162 мамандық тізімін жасады. Онда біздің ойымызға кіріп те шықпаған робозтика бойынша адвокат, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі, IT-генетик, интеллектуалды жекеменшікті бағалау, нейропсихолог, медициналық роботтехник, виртуалды өмір архитекторы секілді мамандықтар бар. Соның ішінде 2020 жылы эмбрионды емдеу, яғни штегі ұрықтың ауруын анықтап, бала тумай жатып емдеу маманы, 2025 жылы галактикалық архитектор мамандықтары жоғары оқу орындарында ресми түрде ашыла бастайды деп жоспарланғаны айтылған. Әрине, әзірге бұл мамандықтардың Қазақстанда қашан пайда болуы мүмкін екенін дөп басып айту

қиын. Алайда, жасанды интеллект саласындағы бизнес-менеджер мамандығы туралы сторителлинг айтатын болсам, бұл мамандыққа сұраныс екі жыл ішінде артады.

Негізгі бөлім. Жалпы оқыту саласында білім беру барысында оқушының болашақтағы мамандықты таңдауда қателеспейтін үшін барлық жағдай жасалған. Кәсіби бағыт-бағдар беруде орта білім беру мекемелерінде материалдық-техникалық базалардың үнемі жаңарып, жаңа мамандықтарға жол ашып отырғаны көзімізді қуантады. Білім алумен қатар теориялық білімін жетілдіруге тәжірибелік сабақтарды лабораториялық түрде өткізу - келешектің кемел болатынын аңғартады. Гидропоника кабинеттерінде биотехник мамандығының қыр-сырын білетін болса, робототехника кабинетінде білім алған әрбір оқушы инженер, бағдарламалаушы мамандықтарымен танысады.

Ал STEM және STEAM кабинеттерінде жүргізіліп жатқан ғылыми жобалар мен сындарлы сабақтар оқушылардың бір емес бірнеше мамандықты қатар алып жүруіне мүмкіндік беретін тың жаңалық деп білемін. Оған қоса, болашақта пайда болатын мамандықтар, жасанды интеллект саласындағы бизнес-менеджер, тігінен жобалайтын фермер секілді сала қызметкерлеріне сұраныс арта түседі. Жасанды интеллект өзінің мүмкіндіктерімен бағдарламалық жасақтама саласында белсенді орын алады. Компаниялар жасанды интеллектті кеңейтіп, дамып келе жатқан кезде капиталдандыруда. Соңғы бірнеше жылда біз жасанды интеллектке қатысты көптеген жетістіктер туралы естіп жүрміз. Амазонаның өндірістік тиімділігінен бастап GE-ге дейін оның жабдықтары жұмыс істеп тұрғанда, жасанды интеллект керемет болады. Алайда жасанды интеллект өздігінен көп нәрсе істей алса да, олардың қолынан келмейтін нәрсе бар. Олар өз-өздерін сата алмайды. Бұл жұмыспен бизнес-менеджерлер айналысады. Әр бизнес-менеджер өз жұмысын ұтымды атқаруда сторителлинг әдісін қолданады. Жасаған әрбір қадамын аудиоподкаст немесе видеоподкаст арқылы халыққа жеткізетін болса, жасанды интеллекттерді сату процесі өсетіні анық. Ал оқушыларға білім беруде сторителлинг арқылы жасанды интеллект саласын басқаруды үйретсек, жаңа Қазақстанның түпнегізін қалайтын білімі терең дарындылардың қатарын көбейтеміз.

Қорытынды. Тоқсан ауыздың тобықтай түйіні, жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасына енгізілген жасанды интеллект білімін тереңдетуге, оқушылардың кәсіби бағыттарын мектеп қабырғасында айқындау мақсатында сторителлинг әдісін қолдану тиімді. «Өзіңе ұнаған кәсібіңмен шұғылдансаң, өз ұлтыңның туын көкке көтере алсаң – бақыт деген осы» - деп Асқар Жұмаділдә айтқандай, еліміздің патриоттарын тәрбиелеуде кәсіби біліктіліктеріне мектеп болып көмектесуіміз керек. Сторителлинг әдісін қолдану арқылы өмірмен байланысты тапсырмадар мен оқиғаларды, жобалар мен болжауларды көрсете білуіміз хақ. Сторителлинг арқылы ақпаратты жеткізетін кәсіби мамандарға деген сұраныс артып келеді. Олардың ассоциациялары да бар. АҚШ-та мұны заманауи мамандық түрі деңгейінде қарастырады. Америкалық психотерапевтер сторителлинг көмегімен қатты сырқат науқастардың өмір сүруге деген құштарлығын оятып, ауруымен күресуіне түрткі болады екен.

Демек сторителлингтің арқасында жеке брендті қалыптастырып, бизнесті дамытып, ақша тауып қана қоймай, көптеген психологиялық түйткілдерді шешіп, қоғамның дамуына атсалысып, адам өміріне араша бола аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1) Л.С.Альмагамбетова, «Как применить сторителлинг в образовании, чтобы повысить запоминаемость учебного материала», «Білім беру әдіскерлері» журналы, №12 желтоқсан 2021 жыл, <https://m.e.metodist.mcfr.kz/937720>

2) «Сторителлинг – оқиға арқылы ақпаратты жеткізу әдісі», BALBAL.business and motivation журналы, №4 қаңтар 2022 жыл, <http://balbal.kz/bilip-jur/>

3) Д.Анаш, «Болашаққа қажет мамандықтар қандай болмақ?» , Егемен Қазақстан газеті, №44, 4 тамыз 2022 жыл

МАМАНДЫҚҚА ДЕГЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАС, ОНЫҢ БЕДЕЛІНІҢ ДӘРЕЖЕСІ, МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІ

М.К. Ахметова

*Кемел Ақышев атындағы № 69 мектеп -гимназия,
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа: Мақалада жасөспірімдерге арналған кәсіптік бағдар берудің маңызы, мақсаты қарастырыла келе, жалпы мамандық таңдауға деген оның беделінің дәрежесі, маңыздылығы, рентабельділігі қарастырылады. Сонымен қатар, кәсіптік бағдарлаудың екі негізгі әдістерінің бірі - Климов тестіндегі сұрақтар қарастырылады.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар беру, Климов тесті, бейімділік, мамандық таңдау, жалақы деңгейі, сауалнама

Аннотация. В статье рассматривается значение, цель профориентации подростков, степень их заинтересованности в выборе профессии в целом, значимость и рентабельность правильного выбора. Кроме того, рассматриваются вопросы одного из основных методов профориентации - Климовского теста.

Ключевые слова: профориентация, тест Климова, предрасположенность, выбор профессии, уровень заработной платы, анкета

Кіріспе. Көптеген адамдар үшін мамандыққа деген қоғамдық қатынас, оның беделінің дәрежесі, маңыздылығы шешуші рөл атқарады. Өкінішке орай, тек оларға сүйену өз жұмысындағы көңілсіздік, кәсіби қанағаттанбау, сүймейтін міндеттерді орындағысы келмеу және сайып келгенде, жаңа мамандық алу қажеттілігі түрінде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін – бұл қызықты және жеке тұлғаның ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Бұрын танымал болған көптеген мамандықтардың өзектілігін жоғалтатындығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар, оларға деген қызығушылық өз тауашасында үлкен бәсекелестік тудырады және тез және сәтті жұмыс іздеу мүмкіндігін азайтады.

Мысалы, жасөспірімнің мамандық таңдауында ата-ананың қысымы болуы мүмкін. Ересектер көбінесе өмірді жақсы түсінетін сияқты және балаларына не істеу керектігін біледі. Біреу ата-анасына сенеді, біреу өз ұстанымын қорғай

алмайды, бірақ нәтиже бір - бала үшін таңдау жасайды, оны әрдайым жұмыспен қамтамасыз ететін "ақшалай" мамандық алуға жібереді.

Мамандық таңдауды баланың өзі жүзеге асыруы керек, ал ересектер бұл үшін қолайлы жағдай жасауы керек.

Жалақы деңгейі: әрине, бұл маңызды фактор, бірақ жұмыста қанша уақыт өткізетінімізді ескерсек, болашақ мамандықтың қаржылық компонентіне ғана сүйену ақылға қонымсыз. Жалақы деңгейі, орындалатын міндеттер, олардың қажеттіліктері мен қабілеттері арасындағы тепе-теңдікті іздеу қажет.

Оқытудың қол жетімділігі: бұл оқу орнының географиялық орналасуына да, оқу ақысы мен ата-анасының үйінен алыс өмір сүру мәселелеріне де қатысты. Әрине, мыңдаған шақырымға оқу үшін барудан, жатақханада тұрудан, қандай да бір қиындықтарға тап болудан және т. б. қарағанда, туған қалаңыздың жоғары оқу орнына немесе училищесіне түсу оңайырақ.

Осылайша, кәсіптік бағдар беру - жасөспірімдерге дұрыс мамандықты таңдау жасауға көмектеседі. Оның мәні неде, кімге кәсіптік бағдар қажет және мамандықты қалай дұрыс таңдау керектігіне тоқталамыз.

Әр жас үшін кәсіптік бағдар берудің өзіндік әдістері әзірленді. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалар үшін тесттер ойын түрінде өткізіледі, онда тәрбиешілер балалармен сөйлеседі. Ересектерге арналған кәсіптік бағдарлауға әртүрлі құралдар кіреді: тесттер, пікірталастар, тағылымдамалар, сауалнамалар, консультациялар.

Негізгі бөлім. Елімізде кәсіптік бағдарлау институттары балабақша мен мектеп орындықтарынан бастап жұмыс істейді. Ең жас мамандықты шешуге көмектесетін арнайы іс-шаралар өткізіледі. Қандай әдістер қолданылатыны, қандай әдістер бойынша кәсіптік бағдар берілетіні туралы баяндаймыз.

Кәсіптік бағдарлаудың мақсаты-адамға ішкі хаосты түсінуге көмектесу және оның қабілеттері мен жеке қасиеттеріне сәйкес келетін мамандықты таңдау. Тапсырма күрделі, сондықтан кәсіби анықтамалық жұмыс бірнеше функцияларды қамтиды:

Функциялары	Бұл не және ол қалай қолданылады?
Диагностикалық	Қабілеттерді анықтау, таланттарды ашу, адамның күшті және әлсіз жақтарын анықтау қажет. Олар не істейді: тесттер, зерттеулер, кеңестер, сауалнамалар жүргізеді және жауаптар негізінде адамның психологиялық портретін құрайды.
Ақпараттық	Адамдарға мамандық туралы ақпарат беру, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін, сұранысы мен болашағын түсіндіру қажет. Олар не істейді: жоғары оқу орындары мен колледждерде Ашық есік күндерін, Бос орындар жәрмеңкелерін, "Мамандыққа кіріспе" дәрістерін, ақпараттық немесе практикалық іс-шараларды өткізеді, мысалы, маманмен жұмыс жағдайында бір күн өткізуге мүмкіндік береді. Бұл адамға мамандық туралы көбірек білуге және оның қаншалықты сәйкес келетінін түсінуге көмектеседі.
Ұйымдастыру	Адамға жұмыс істейтін мамандардың білімін, тәжірибесі мен әсерін жеткізу үшін қажет.

	Олар не істейді: мамандармен кездесулер, кәсіпорындарға экскурсиялар, кәсіби шеберлік конкурстары және басқа да іс-шаралар өткізеді, бұл адамға мамандыққа "іштен" қарауға және маманның рөлін көруге мүмкіндік береді.
Профилактикалық	Мамандық таңдаудағы қателіктерді азайту үшін қажет. Олар не істейді: адамның кәсіби бағытқа бейімділігін дәлірек анықтау үшін тесттер, сауалнамалар, зерттеулер жүргізеді.

Жасөспірімдерге арналған кәсіптік бағдар мектептің сегізінші-тоғызыншы сыныптарында басталады. Әдетте бұл тестілеуді жүргізетін психологпен жеткілікті Үстірт қарым-қатынаспен немесе белгілі бір мамандық бойынша жұмыстың мәні туралы жеткілікті түсінік бермейтін кәсіпорындарға экскурсиялармен шектеледі.

Кәсіптік бағдар беру-бұл мамандық таңдауға көмектесетін шаралар жүйесі. Орта сыныптарда жасөспірімдер нақты бағыттар мен мамандықтарды таңдайды. Бейімділік бар нәрсені мүмкіндігінше ертерек табу және осы дағдыларды дамытуды бастау маңызды. Таңдау тереңдетілген оқу пәндері немесе болашақ мамандыққа байланысты курстар.

Сонымен қатар кәсіптік бағдар берудің бірнеше әдістері бар, яғни кәсіптік бағдар - бұл әдістер мен технологиялар жүйесі: тесттер, сауалнамалар, ойындар және мамандыққа практикалық сүнгү. Сұрақтар мен логиканы психологтар мен HR мамандары ойластырады.

Кәсіптік бағдарлаудың екі негізгі әдісі бар-Климов тесті және голланд тесті. Біріншісі ең қолайлы кәсіби саланы анықтайды, ал екіншісі - адамның жеке басының түрі және ол орналасқан қызмет түрі.

Мысалы, Климов сынағын қарастырамыз: не істегіңіз келетінін табыңыз.

Климовқа сәйкес, әлемдегі барлық кәсіптерді жұмыс кезінде кіммен немесе немен өзара әрекеттесу керек екеніне байланысты бес түрге бөлуге болады:

Адам → адам. Адамдармен үнемі сөйлесуге тура келетін мамандықтар: дәрігер, мұғалім, логопед, массаж терапевті, хатшы, сатушы, саясаткер.

Адам → өнер. Бұл шығармашылық адамдар-актерлер, жазушылар, музыканттар, суретшілер. Бұл мамандықтарда сіз бейнелі ойлаусыз, өнерге қабілетсіз, сонымен қатар табандылықсыз, еңбекқорлықсыз және тәртіпсіз жасай алмайсыз.

Адам → техника. Бұл инженерлер, конструкторлар, механиктер, құрылысшылар, дыбыс техниктері, реттеушілер — практикалық ойлауы бар адамдар.

Адам → белгі жүйесі. Белгілер-сандар, кодтар, сызбалар, жасанды тілдер, ал олармен жұмыс істейтін адамдар — бағдарламашылар, лингвистер, сәулетшілер, брокерлер. Мұндай мамандықтар үшін табандылық, зейін маңызды.

Адам → табиғат. Бұл тірі және жансыз табиғатпен — өсімдіктермен, жануарлармен, жермен, ғарышпен байланысты кәсіптер: ветеринар, астрофизик, геолог, жаңа бактерияларды өсіретін технолог. Бұл кәсіптердің өкілдерін табиғатқа деген белсенді сүйіспеншілік біріктіреді: жануарларға қамқорлық жасау, оларға күтім жасау, қазбаларды зерттеу немесе өсімдіктерді өсіру.

Климов тестіндегі сұрақтар кәсіби қызығушылықтарды жіктеуге арналған. Тестте 21 сұрақ бар, өту ең көп дегенде 10 минутты алады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта IT саласы ең сұранысқа ие және перспективалы болып саналады. Бірақ 20 жылдан кейін не болатынын болжау қиын, өйткені әлем өте тез өзгереді, технология бір орында тұрмайды. Мүмкін, бірнеше онжылдықта қазіргі кезде жоқ мүлдем жаңа мамандықтар пайда болады.

АТ саласы әртүрлі мамандықтармен ұсынылған: мұнда әзірлеу, тестілеу және жүйелік әкімшілендіру және т.б. backend-әзірлеушілер, frontend-мамандар бар, әмбебап full-stack developers бар. Олардың әрқайсысы өзінің бағдарламалау тілімен жұмыс істейді және белгілі бір функционалдылыққа ие.

Бағдарламалау тілдері өзгеріске ұшырайды, демек, мамандар өздерінің дағдыларын үнемі жетілдіріп, клипте қалу үшін жаңа білім алуы керек. Жалпы, бағдарламашы өте маңызды бір дағдыға ие болуы керек – күрделі алгоритмдерді құра білу.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтар LinkedIn іскерлік байланыстарын іздеу үшін әлеуметтік желінің 15 рейтингінің 12 позициясын алады.

Олардың ішінде жасанды интеллект маманы, робототехника инженері, деректерді талдаушы, full-stack әзірлеуші, бағдарламалық жасақтама инженері, компьютерлік қосымшалар бойынша маман, деректер инженері, Киберқауіпсіздік бойынша маман, back-end әзірлеуші, бұлт технологиясы бойынша маман, JavaScript-әзірлеуші.

Сонымен қатар, бірнеше жылдан кейін көптеген әзірлеушілер қажет пе, жоқ па белгісіз. Жастар нарықтың қажеттіліктері қалай өзгередінін қадағалап отыруы керек. Алдағы жылдары кәсіпкерлік қабілеттер, әртүрлі сатылымдарды ұйымдастыру мүмкіндігі сұранысқа ие болады. Қызмет көрсету саласы да жойылмайды.

Әрине, медицина дәстүрлі түрде білікті талантты кадрларды қажет етеді. Пандемия кезінде біз медициналық персоналға деген қажеттіліктің артқанын байқадық. Отбасылық дәрігерлерге, соның ішінде жеке практикамен айналысатындарға көбірек қажет болуы мүмкін. Психологтар мен мұғалімдерге сұраныстың артуы байқалады.

Қорытынды. Кәсіби бағдар берудегі ең бастысы - өмір салтын таңдауға көмектесу ғана емес, сонымен қатар адамға, әсіресе балаларға, әртүрлі мамандықтар туралы ақпаратты өз бетінше іздеуге, сыни тұрғыдан ойлауға, өзін тыңдауға және өз қалауы, қызығушылығы, бейімділігі мен мамандық таңдаудың қаржылық жағы арасындағы тепе-теңдікті іздеуге үйрету. Кәсіптік бағдар беру сабағы өмірде өз орнын іздейтін адамға үлкен көмек екенін түсіну керек, бірақ бұл бағыттағы негізгі жұмысты өз бетімен жасау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Методы профессионального (производственного) обучения//<https://studwood.ru>
- 2) Общая характеристика методов обучения//<https://studwood.ru>
- 3) Какую профессию выбрать, чтобы потом не было мучительно больно, и при чём тут профориентация// <https://practicum.yandex.ru/blog/proforientatsiya/>

ПЛАНИРОВАНИЕ РАБОТЫ ПРОФОРИЕНТАТОРА И ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОФОРИЕНТАЦИИ

М. К. Базарбаева

*КГУ «Камыстинская общеобразовательная школа №1»
отдела образования Камыстинского района
Управления образования акимата Костанайской области
Республика Казахстан*

Аннотация. В статье рассматривается проблема выбора профессии, которая является одной из самых главных в жизни каждого человека. Но особенно актуальна она для учащихся старших классов школ, впервые стоящих перед необходимостью выбора профессии. Часто по причине недостаточной информации о ситуации на рынке труда, отсутствия практического опыта в профессиональной деятельности и ориентации семьи на «модные» специальности молодые люди выбирают профессии, не соответствующие их интересам, склонностям, способностям, а главное – потребностям рынка труда. От обоснованного выбора профессии, качественного уровня образования, конструктивного поведения на рынке труда зависит успешность профессионального пути, а в итоге – удовлетворенность человека своей жизнью. Поэтому понятна роль ранней профориентации, которая в буквальном смысле должна начинаться со школьной скамьи.

Ключевые слова: профориентация, планирование, возрастные особенности, формы.

Аннотация. Бұл мақалада әр адамның өміріндегі ең маңызды болып табылатын мамандық таңдау мәселесі қарастырылады. Бұл әсіресе мамандық таңдау қажеттілігінің алдында тұрған жогары сынып оқушылары үшін өте маңызды. Көбінесе еңбек нарығындағы жағдай туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, кәсіби қызметте практикалық тәжірибенің болмауы және отбасының "сәнді" мамандықтарға бағдарлануы себебінен жастар өздерінің мүдделеріне, бейімділіктеріне, қабілеттеріне, ең бастысы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін мамандықтарды таңдайды. Кәсіптік жолдың сәттілігі, сайып келгенде, адамның өз өміріне қанағаттануы кәсіпті негізделген таңдауға, білім берудің сапалы деңгейіне, еңбек нарығындағы сындарлы мінез – құлыққа байланысты. Сондықтан ерте кәсіптік бағдарлаудың рөлі түсінікті, ол міндетті түрде мектеп қабырғасынан басталуы керек.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, жоспарлау, жас ерекшеліктері, формалары.

Введение. Глава государства Касым-Жомарт Токаев в нынешнем Послании отметил, что «особую значимость приобретает ранняя профориентация детей. Подрастающее поколение должно осознанно относиться к выбору будущей профессии...».

Профориентация в школе – это комплекс действий для выявления у школьников склонностей и талантов к определённым видам профессиональной деятельности, а также система действий, направленных на формирование готовности к труду и помощь в выборе карьерного пути.

Успешному решению задач профориентации, реализации ее целей в конкретном содержании учебно-воспитательного процесса способствует планирование правильной профориентационной работы.

Планирование — это процесс создания детального плана действий, необходимых для достижения конкретной цели.

Планирование наиболее полно отражает процесс управления профориентацией, обеспечивает систематичность и последовательность,

преемственность и непрерывность профориентационных воздействий применительно к конкретному возрастному составу учащихся, единство влияния на учащихся со стороны школы, семьи, базового предприятия и широких кругов общественности, предотвращает эпизодичность, стихийность и случайность профориентационных воздействий.

Основная часть. С этой целью ежегодно в школе составляется план работы по профориентации. Это направление прослеживается в плане каждого классного руководителя – раздел профориентация. Ответственными за профориентационную работу в школе являются заместитель директора по воспитательной работе и педагог-профориентатор. Помощь классным руководителям в организации этого блока работы также оказывают социальные педагоги, психологи, учителя «Технологии», школьный библиотекарь. Тесные контакты школы с предприятиями, колледжами и высшими учебными заведениями, внешкольными учреждениями, территориальными центрами занятости.

Школьный план включает следующие направления работы:

- Профессиональная ориентация в учебном процессе;
- Внеклассная работа с учащимися по профориентации;
- Совместная работа с вузами и колледжами;
- Деятельность школьной библиотеки по профориентации;

Работа с родителями:

- Индивидуальные беседы и консультации для родителей учеников;
- Лекции для заинтересованных родителей об их вкладе в выборе ребёнком профессии и получении соответствующего образования;
- Проведение классных и общешкольных родительских собраний;
- Анкетирование родителей;
- Привлечение родителей для помощи с временным трудоустройством старшеклассников во время каникул.

Планирование дает возможность расчленить целостный процесс профориентации на взаимосвязанные этапы, предусмотреть наиболее целесообразные для каждого возраста виды деятельности учащихся.

С учетом психологических и возрастных особенностей школьников можно выделить следующие этапы, содержание профориентационной работы в школе:

- Начальная школа, 1-4 классы

На этом этапе продолжается начатое в детском саду знакомство с профессиями через профориентационные уроки с приглашёнными специалистами, экскурсии, тематические внеклассные занятия, утренники и т.д. У школьников начальных классов происходит формирование ценностного отношения к труду, путём непосредственного включения в различные виды учебно-познавательной деятельности (игровую, трудовую, социальную, исследовательскую) развиваются интересы и потребность учиться.

Уже в начальной школе важно не упустить момент и вовремя заинтересовать ребят предстоящим выбором профессии.

- Средняя школа, 5-7 классы

С переходом ребят в среднюю школу профориентация продолжается разнообразными играми: деловые, профориентационные, психологические. Этим достигается расширение знаний о мире профессий и предоставляется возможность сделать первые шаги в сторону выбора интересной для себя профессии. Школьники начинают осознавать свои интересы и возможности, приобретают базовые представления о направлениях возможных специальностей, знакомятся с требованиями, которые предъявляют различные профессии.

- Средняя школа, 8-9 классы

С приближением первого выпускного класса и первых серьёзных государственных экзаменов, профориентационная работа от игр и экскурсий переходит к целенаправленному содействию в выборе учащимися дальнейшего профиля обучения, который сузит круг возможного выбора профессий и облегчит дальнейший учебный и трудовой путь.

В 8-9 классах начинается активная диагностическая работа школьного психолога, проводятся уроки осознанного выбора профессии. Школьники изучают более серьёзные специальности, предъявляющие повышенные требования к сотрудникам той или иной профессии (МЧС, образование, медицина и т.д.). Факультативные занятия и углублённые кружки по интересам начинают играть ещё большую роль в осознании собственных ценностей и интересов и осознанного выбора профессии.

- Старшеклассники, 10-11 классы

Это наиболее ответственный этап школьной профориентации, успешность которого во многом зависит от качественной работы в начальной и средней школе. На данном этапе расширяется консультационная деятельность школьного психолога, направленная на учащихся и их родителей. В школе проводятся презентации ведущих ВУЗов города, организуются экскурсии, дни открытых дверей.

Большое внимание уделяется саморазвитию и самоподготовке старшеклассников, обсуждение и возможные корректировки дальнейших профессиональных планов, окончательно формируются предпочтения выбранным профессиям, производится оценка готовности к ним.

В профориентационной работе выделяют различные формы:

- беседы о профессиях, классные часы;
- проведение викторин на знание техники и специальностей;
- оформление стендов и витрин «Профессии»;
- посещения школьниками предприятий и учреждений;
- выступление профессионалов, преподавателей, ветеранов, ученых;
- профориентационная работа центров занятости населения;
- организация профориентационных тренингов, проведение профориентационных игр и упражнений;
- Организация экскурсий на предприятия, ТОО и др.;
- Посещения учебных заведений в дни открытых дверей.

Заключение. Таким образом, можно подвести итог, обозначив цели форм профориентационной работы. Основными целями являются:

- ознакомление учащихся с профессиями, их содержанием, функциями, требованиями;
- рекомендации школьникам по выбору рода деятельности на основе всестороннего изучения личности, её склонностей, способностей;
- активизация процесса профессионального самоопределения учащихся, который включает получение знаний о мире профессионального труда, формирование положительного отношения к самому себе, осознание своей индивидуальности, уверенности в своих силах, применительно к реализации себя в будущей профессии;
- развитие способностей к профессиональной адаптации в современных социально-экономических условиях;
- повышение уровня психологической компетенции учащихся за счет вооружения их соответствующими знаниями и умениями, побуждение потребности в самосовершенствовании.

Если планирование по профориентации будет выполнено качественно, как задумано педагогом, то в будущем Казахстан сможет максимально сократить количество безработной молодежи, которая так и не смогла найти своего места в жизни.

Список использованных источников

- 1) Павлова Т.Л. Профориентация старшеклассников. – М.: «Творческий центр», 2005. 265 с.
- 2) Лернер П.С., Михайличенко Г.Ф., Прудило А.В. и др. Твоя профессиональная карьера: учебник для 8-9 классов общеобразовательных учреждений под ред. С.Н. Чистяковой- М.: «Просвещение», 2006. 204 с.
- 3) Соколова, М. В. Профориентация в начальной школе . М. В. Соколова школьный психолог: Приложение к газете «Первое сентября». — 2010. — № 20. — С. 18–24
- 4) «Уроки выбора профессии» Г. Резапкина. Книга в газете
- 5) <https://navigatum.ru/metodika.html>
- 6) <https://proforientatsia.ru/career-guidance/proforientatsiya-v-shkole/>
- 7) https://studbooks.net/1272799/pedagogika/formy_proforientatsionnoy_raboty

МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

С.Т. Балымова

*«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қазалы ауданының білім бөлімі бойынша С.Сейфуллин атындағы
№165 орта мектебі» КММ
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті
Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді ұйымдастырудың жолдары, формасы, тәсілдері және оқушылардың кәсіптік бағдары туралы түсініктерін қалыптастыру, мамандық таңдаудағы тұлға қабілеттілігі

қарастырылады. Мақалада кәсіптік бағдар беруде оқушылармен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар ұсынылған.

Тірек сөздер: Кәсіптік бағдар беру, Мамандық таңдау, мектеп бітіруші.

Аннотация. В данной статье рассматриваются форма, способы эффективной организации профориентационной работы учащихся в школе и формирование представлений о профессиональной ориентации учащихся, личностных способностях в выборе профессии. В статье представлена работа с учащимися, родителями по профориентации.

Ключевые слова: профориентация, выбор профессии, выпускник.

Кіріспе. Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің бір түрі, сондай - ақ, қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мамандық таңдау - адамның жасөспірім шағында, тіпті кейбір жағдайларда балбалалық кезінде қабылдауы қажет ең маңызды шешімнің бірі. Қазіргі таңда көптеген балалар мен жасөспірімдер кәсіптің ерекше қыр-сырларын біле бермейді және мамандық таңдауда өздерінің қабілеттерін, кәсіби қызығушылықтары мен икемділіктерін де ескермейді. Сондықтан жасөспірімдердің кәсіби қызығушылықтары мен жоспарын іске асыруға, түзетуге, өзбетінше жоспарлауға деген саналы ішкі дайындығы заманауи түсінікте кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мәні болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру - шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мындаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау - кезек күттірмейтін талаптардың бірі. Сондықтан мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын дұрыс жоспарлап және үйлестірген жөн.

Негізгі бөлім. Мектеп оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы әрі үйлестіруші орталық болып табылады. Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруда оқушыларға кәсіби бағдар берудің мүмкіндіктерінің орны ерекше.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру процесінің алғашқы кезеңі - жоспарлау. Ол жеткіншектерге байланысты кәсіптік бағдар беруді басқарудың жүйелілігін, сабақтастығын, отбасының, тіректік базалық өндіріс шаруашылығының және қоғамдық ұйымдардың ықпалын қамтамасыз ету ескеріледі. Жоспарлаудың ерекшелігі - оның ғылыми негізділігі болып табылады.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты - оқушылардың еңбекке деген саналы қатынасын, тұлғалық ерекшелігін, қабілеттері мен қызығушылықтарын және өңір мен елдегі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі шеңберінде кәсіби өзін – өзі анықтауын қалыптастыру, болашақ кәсіби мансабын жоспарлауға қолдау көрсету.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері:

1) Оқушыларды оқыту бейіні бойынша бөлу, қабілеттері мен қызығушылықтары туралы мәліметтер жинақтау;


2) Оқушыларға қолдау көрсету. Болашақ тандап отырған мамандығы туралы кеңінен мағлұмат беру;

3) Жоғары сынып оқушылары арасында қосымша және кәсіби білім беру мекемелерімен, өңірлік кәсіпорындармен ынтымақтастықтың икемді жүйесін әзірлеу;

4) Ата-аналарды мектеп оқушыларының бойында өмірдің әртүрлі салаларына деген қызығушылықтарын кеңейту, кәсіптік бағдар беру жұмыстарына жұмылдыру;

5) Өңірлік еңбек нарығында жоғары қажеттілікке ие мамандықтарды насихаттау үшін кәсіби бағдар және еңбек нарығы саласындағы ұйымдарымен ынтымақтастық орната отырып, бірлесе жұмыс жүргізу.

Кәсіптік бағдар берудің принциптері: танымдық, сайкелушілік, белсенділік, даму деп бөлінеді.



Танымдық принцип: мамандық таңдаудағы еңбек іс-әрекетіндегі тек өзінің ғана қызығуын емес қоғамға пайда келтіруде қанағаттандыратын ұмтылыста айқын көрінеді. Қазіргі кездегі сұранысқа ие мамандықтарды таңдауды сезіну, тұлғаның танымының дамығанын көрсетеді.

Сай келушілік принципі: қызығушылығы икемділігі, ынтасы, таңдаған мамандығы сонымен қатар қоғамның жалпы қажетті мамандықтағы кадрларға сұранысын қанағаттандыру. Қоғамда өмір сүріп қоғамнан еркін, тыс болуға болмайды дегендей, өзінің жеке қызығуына қарай қоғамның сұранысын есепке алмай мамандық таңдауға болмайды. Тұлғаның және қоғамның қажеттіліктерінің сай келу принципінің бұзылуы кадрлардың кәсіптік құрылымындағы тепе-теңсіздікке алып келеді.

Белсенділік (активность) принципі: мамандық таңдаудағы өзін тану процесіндегі тұлғаның іс-әрекеттің түрін сипаттайды. Кәсіпті белсенді түрде әркім өзі іздеуі қажет. Бұл жерде оқушылар күшін еңбектік және кәсіптік дайындау процесінде практикалық сынау, ата-аналар кеңесі және олардың кәсіптік тәжірибесі, әдебиеттерді (қызығып отырған мамандығы бойынша) іздену және оқу, әр-түрлі үйірмелерде жұмыс, курстарға қатысу, тәжірибе барысында жұмыс жасау және көптеген басқа да нәрселер басты роль атқарады. Бұл топтағы соңғы принцип - даму принципі. Бұл принцип кәсіп таңдау

идеясында тұлғаның квалификациясының дамуына, тәжірибесінің өсуінен жалақысының өсуінен және кәсіптік тәжірибесінің өсуінен, қоғамдық жұмысына белсене араласуынан, тұлғаның мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратынын, тұрғын үйге, демалысқа және т.б. қажеттілігінен көрініс табады.

Кәсіптік бағдар жұмысының жоспары ұзақ мерзімге арналып жасалғаны жөн, бұл оқушылардың кәсіптік бағдар алуының қалыптасуын айқындауға, нәтижелерін мұқият қадағалауға мүмкіндік береді. Кәсіптік бағдар жұмысын жоспарлағанда өндіріс орындарын, жеткіншектердің тұрмыс-тіршілігін, еңбек мүмкіндіктерін ескеру қажет. Жоспарлау кәсіптік бағдар процесін өзара байланысты кезеңдерге бөліп, жеткіншектердің жас шамасына қарай әрекеттерді іріктеп асыруға бағытталады. Жоспар мазмұнында мектепшілік іс шаралардан басқа мектептен тыс мекемелермен де жұмыстар қарастырылу қажет.

Мектеп бітіруші түлектердің әрқайсысының көкейінде «Қандай мамандық таңдаймын?» немесе «Таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін?», «Қандай кәсіппен айналысамын?» деген сұрақтар болады. Бұл әрине болашақ өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Демек, оқушыларға дұрыс жөн сілтеу үшін түрлі сала мамандарымен кездесіп, кәсіби ақпарат алудың да маңызы өте зор. Сонымен бірге, адамның қалыптасуы оның қажеттілік жүйесінен, қабілетінен құндылық, бағыт - бағдарынан құралады. Сондықтан жеткіншектердің мамандық тандауын басқару үшін олардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудың да маңызы зор. Ол үшін оқушылар өз өңірлеріндегі түрлі кәсіпорындар мен өндіріс орындарында, жеке шаруашылықтарға, мекемелерге таным жорықтар жасап, мамандық туралы толық ақпарат алса, мамандықтың қыр-сырын терең танысса дұрыс болар еді. Мамандық тандауда жеткіншектердің іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы негізгі шарттардың бірі - олардың белсенділігі және қызығушылықтары, тек осы жағдайларда ғана өз мүмкіндіктерін іс жүзіне асыруға жағдай туады әрі әрекеттерінде мақсатты себеп туындайды. Төменгі сынып оқушыларымен мамандық деген ұғымды ойларында қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырған тиімді. Ал жоғары және мектеп бітіруші сынып оқушыларымен әңгімелесу, пікірлесу, ашық есік күндері, түрлі маман иелерімен кездесу кештері, өз өңіріміздегі колледждер, кәсіпорындар мен өндіріс орындарына саяхат жүргізу, сауалнамалар, анкеталар алу жұмыстары, жоғары және арнаулы оқу орындарының мамандарымен кездесу, студенттермен кездесу, жоғары және арнаулы оқу орындарымен тығыз байланыста болып, оқу орындарына виртуалды саяхат жүргізу жұмыстарын жүргізу. Оқу процесіндегі кәсіптік бағдар беру - оқушыларға оқу процесі барысында мамандықтар туралы кеңес беру және оларды ақпараттандыру. Сондай-ақ, мектепте оқушыларға кәсіби бағдар беруге байланысты ақпараттық тақталар, бұрыштар орнату және кабинеттер дайындау, оқушылар мен ата-аналарға арналған «Кәсіптік бағдар беру» ақпарат беру кабинетін ашу, мамандықтар туралы көбірек насихаттау, ақпараттандыру т.б. жұмыстары жүргізілуі қажет.

Оқушылардың болашақ мамандығын тандауда, олардың таңдаған мамандықтарына деген қызығушылығын анықтауда ата-анамен жүргізілетін жұмыстардың орны ерекше. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде ата - аналармен жүргізілетін жұмыстарды да дұрыс үйлестіргеніміз жөн. Ата - аналармен жұмыс

жүргізу бағыттары түрлі болуы керек. Ата - аналармен кездесу кештері, ата - аналар жиналыстары, дөңгелек үстелдер, сауалнамалар мен анкеталар алу, кеңестер беру, лектория, «Ашық есік» күндеріне қатыстыру, жаңа мамандық түрлерімен ақпараттандыру т.б. жұмыстары жүргізіліп, кәсіптік бағдар жұмысына жұмылдыру жұмыстарын жүргізген жөн. Сондай - ақ, оқушыларға кәсіби бағдар беруді тиімді ұйымдастыруда мектеп педагог- психологымен бірлесіп жүргізілетін жұмыстардың орны ерекше. Мектептің педагог-психологтары қабілеттілікті зерттеу мен кәсіби бағыттылықты анықтау әдіс-тәсілдерін бойынша әрбір оқушының кәсіби бағыттылығын диагностикалау жұмысын жүргізеді.

Қорытынды. Мамандық таңдау - адам өміріндегі ең жауапты да шешуші іс. Әрбір адам үшін ол - жаңа өмірдің табалдырығын аттауда өзіңе деген нық сенімділікті, жүректілікті қажет ететін алғашқы қадам, өмірлік шешім. Сондықтан ел тізгінін ұстауға лайық, халық қамын ойлайтын, еліміздің экономикасының өркендеуіне өз үлесін қоса білетін, шебер де іскер мамандарды тәрбиелеу - мемлекетіміздің алға қойған басты міндеті. Ал бүгінгі мектепте отырған әрбір оқушы - болашақ маман, белгілі кәсіп иелері. Сол себепті, әрбір оқушының мамандық таңдауда қателеспей, өз қабілеттері мен икемдіктеріне қарай дұрыс таңдау жасауларына ықпал етуде мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді ұйымдастыру қажет.

Қолданылған деректер тізімі

1) *Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда қолдануға арналған тыңдаушыға арналған нұсқаулық, Нұр -Сұлтан, 2019 жыл;*

2) *Мемлекет басшысы Қасым -Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2.09.2019 жыл.*

**ЖОБА ЖАСАУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ – КӘСІБИ БАҒДАРДЫ
АЙҚЫНДАЙТЫН ӘДІС**

З.А. Бимбетова

Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM School мектеп-лицейі

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақала заман талабына сай білім беруді ұйымдастыруда жоба жұмысын ұйымдастырудың теориялық мәні баяндалады. Оқушылар үшін тиімділігі айтылып, мұғалімнің қол жеткізер нәтижелері нақты көрсетіледі. Осы мақала автордың өз тәжірибесін таратуы болып табылады.

Тірек сөздер: тиімділік, сапалы білім беру, тиімді әдіс, жаңашылдық, оқушылар бірлігі, PBL, педагогика, команда, коммуникатив, зерттеу, проблемалық сұрақ, соңғы өнім, ауура, фактор, идея, позиция, гипотеза, ынтымақ, қабілет, шығармашылық.

Аннотация. В данной статье излагается теоретические предпосылки организации проектной работы в организации современного образования. Озвучена эффективность

профориентационной работы, наглядно отражены достигнутые педагогом результаты. Данная статья является распространением автором собственного опыта.

Ключевые слова: *эффективность, качественное образование, эффективный метод, инновации, единство учащихся, PBL, педагогика, команда, коммуникатив, исследование, проблемный вопрос, конечный продукт, аура, фактор, идея, позиция, гипотеза, солидарность, способности, творчество.*

PBL – білім беруді дамыту және бағалау негізіндегі жоба. PBL жобалау арқылы білім беруді іске асырады. Яғни жоба жасау арқылы білім бере отырып, оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуіне жол ашады. Бұл оқыту тәсілі бұрыннан оқу үрдісіне «практика негізінде оқыту» (ағыл. learning by-doing) деген атпен енген болатын, ал қазіргі жаңашыл педагогтар «PBL- жоба арқылы білім беру» деп атап жүр. PBL оқушыларды әр деңгейдегі зерттеулерге қатыстыра отырып, оқыту процесін жеңілдетеді. Жаңа өмір талабына сүйенсек, біздің міндетіміз – ересек өмірге дайын, келешекке сенімді түрде енетін оқушы тәрбиелеу. Мектепте алған білімді барлығы бірдей өмірде пайдалана білмейді. «Алып жатқан білімім бүгін болмаса, ертең қажетіме жарайды» деп оқыған бала ғана ертеңінен үміт күтеді, сенім пайда болады, қазірден бастап өмірін жоспарлауға мүмкіндік алады. Сондықтан да PBL-ді оқу үрдісіне дәстүрлі тәсіл ретінде енгізсе құп болар еді деп ойлаймыз.

Ал PBL-Project Based Learning жоба негізінде өтілген пәндерде оқушылар белсенді және алған білімін қазіргі өмірмен ұштастыра алады, баланың болашақта кәсіби бағдарын айқындап, өмірде кім бола алатынына бағыт береді. XXI ғасырда жұмыста жетістікке жету үшін негізгі білімге ие болу жеткіліксіз. Ал PBL баланы тереңдетілген біліммен қоса жауапкершілікке, досына сенім артуға, топпен жұмыс істеуге үйретеді және шығармашылық қабілетін арттырады.

Кіріспе. Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Оқушыларды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт – бағдар беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы - бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

Білім берудің басты ұстанымдарының бірі – оқушыларға кәсіптік бағдар беру. Мектептегі кәсіптік бағдар беру ісі - мамандық таңдау үрдісімен айқындалады. Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар беріп, кеңес айту үлкен маңызға ие. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру бағытында атқарылатын жұмыс жоспары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылуда. Кәсіптік бағдар беру дегеніміз - қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын

қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде мақсатты атқарылатын жұмыс. Яғни, мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауына мүмкіндік жасайды.

Негізгі бөлім. Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру оқушы, ата-ана, педагог-психолог, сынып жетекші, пән мұғалімдері мен жалпы мектеп ұжымының бірлескен жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларға кәсіби бағдар беруде жас ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізілуде. Бастауыш сынып оқушыларымен мамандықтар туралы ойын, әңгіме, мамандықтар әлеміне саяхат жасау, суреттер көрмесі, эссе жаздыру жұмыстары ұйымдастырылды; Жоғары және мектеп бітіруші сынып оқушыларымен әңгімелесу, пікірлесу, сауалнамалар, анкеталар алу жұмыстары, жоғары және арнаулы оқу орындарының мамандарымен кездесу, студенттермен, маман иелерімен кездесу, оқу орындарымен тығыз байланыста болып, оқу орындарына виртуалды саяхат жасау жұмыстары жүргізілуде.

Мектепте кезеңдерге сай атқарылатын жұмыстар:

1 - саты (1 – 4 сыныптар) Бұл бағытта оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін, кәсіби ой – ниеті мен қызығушылығын зерттеу жұмыстары жүргізіледі.				
1-4 сыныптар	1. Бейімдеріне қарай мектептен тыс ұйымдармен байланыс жасауы жөнінде мәліметтер жинақтау (бейіміне қарай түрлі үйірмелерге қатысуы) 2. Қызығушылығына байланысты оқушылар мен ата-аналардан сауалнамалар алу	1.«Мен өскенде кім болам?» тақырыбында эссе, сурет байқауы /2-4 сыныптар/	1. «Мамандық бар мыңдаған» Шығармашылық байқау: /Ән, би, сурет, көркемсөз, қабырға газеттерін шығару, көріністер т.б.	2. Мамандықтар туралы тәрбие сағаттарын өткізу
2 - саты (5 – 7 сыныптар) Бұл сатыдағы оқушылармен оларды мамандықтар әлемімен және өмірге қажетті деген мамандық түрлерімен таныстыру жұмыстары жүргізіледі. Кәсіптік білімге дейінгі мүмкіндіктерін анықтай отырып, түрлі іс - шараларға қатыстыру.				
5-7 сыныптар	1.Оқушыларды кәсіп пен мамандық жөнінде хабардар ету.	1.«Мамандық таңдай білеміз бе?» тақырыбында сұхбат жүргізу	1.Мамандықтар туралы тәрбие сағаттарын өткізу	1.Оқушыларды мамандықтар туралы түрлі іс - шараларға қатыстыру.

	2.Оқушыларға барлық жеке кәсіптер жайында жан-жақты мағлұмат беру, насихаттау, мамандыққа бейімдеу 3. Қызығушылығына байланысты оқушылар мен ата-аналардан сауалнамалар алу	2. «Мен өскенде кім болам?» тақырыбында эссе байқауы /5-7 сыныптар/		
--	--	---	--	--

3.3 - саты (8 – 9 сыныптар)

Бұл сатыдағы оқушылармен олардың мамандық таңдауға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, мамандық таңдаудың мағынасы мен мәнін түсінуге, мамандық таңдауда қателікке жол бермеуге, дұрыс таңдай білуге үйрету, мамандықтар туралы мәліметтермен ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

8-9 сыныптар	1.Кәсіп пен мамандықты жан-жақты белсенді насихаттау және нақтылы кеңес беру 2.Мамандықтар мен білім беру топтарын таныстыру 3. Қызығушылығына байланысты оқушылар мен ата-аналардан сауалнамалар алу	1.«Мамандықты дұрыс таңдау-жарқын болашақ кепілі» тақырыбында шығарма жазу	Аудан көлеміндегі кәсіпорындар базасына, аймақтағы АОО орындарына экскурсиялар ұйымдастыру	1.Мамандықтар туралы тәрбие сағаттарын өткізу 2. «Менің таңдауым» Психологиялық тренинг
---------------------	---	--	--	--

4.4 - саты (10 – 11 сыныптар)

Оқушылардың таңдаған бағыттарына сәйкес жоғары және арнаулы оқу орындарына дайындау мақсатында жалпы орта білім беру бағдарламаларындағы таңдау пәндерін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету, болашақ таңдаған мамандығы бойынша жоғары және арнаулы оқу орындарына оқуға түсулерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

10-11 сыныптар	1.Оқушыларды өздері таңдаған мамандықтың ерекшеліктері мен сол мамандықтың келешегін жақсы білетіндей дәрежеге жеткізу.	1.«Болашақтың мамандықтары» тақырыбында жаңа мамандық түрлерімен таныстыру 2.«Мамандық таңдау-тағдырыңды таңдау» тақырыбындағы	1.Мамандықтар туралы тәрбие сағаттарын өткізу 2. Кәсіби бағдар беру бойынша	1.«Жарқын жастық-баянды болашақ» тақырыбында оқушыларды ЖОО, арнаулы оқу орындарында
-----------------------	---	---	--	--

	2. Қызығушылығына байланысты оқушылар мен ата-аналардан сауалнамалар алу	жетістікке жеткен маман иелерімен кездесу кеші.	арнайы бұрыш, түлектер тақтасын әзірлеу 3.Кәсіби бағдар беру бағытында кітап бұрышын ұйымдастыру	оқып жатқан студенттермен кездестіру 2.Жүргізілген жұмыстарды БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жариялау
--	--	---	---	--

Бейінді оқытудың бағытын анықтау үшін мектеп психологымен бірлесе отырып, «Бүгінгі мектеп түлегі-ертеңгі елдің тірегі», «Қандай оқу бағытын таңдайсың?», «Сенің кәсіби ой-ниетің», «Табандылықты зерттеу» тақырыбында сауалнамалар жүргізілді. Мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт – бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу үшін ұстаздар мен кешегі түлектер, бүгінгі студент, болашақ маман иелерімен кездестіріп, ой бөлісу, пікір алмасудың маңызы зор. Болашақ маман иелері өз мамандықтары туралы кеңінен біліп қана қоймай, өзге де мамандықтар туралы білсін деген мақсатта студенттермен, маман иелерімен кездесу кештері өткізіліп, мамандықтардың түрлерімен таныстырылып, өңіріміздегі оқу орындары мен кәсіпорындарға саяхат ұйымдастырылып отырады.

Бұл жұмыстардың болашақта оқушылардың өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін мамандықты анықтауына, өз таңдауларын жасауына үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын. Мектебімізде оқушыларға мамандықтар туралы «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл» тақырыбында онкүндік іс –шарасы өткізілді. Аталмыш шара барысында «Кім болам?» тақырыбында сурет байқауы, «Ата-анамның жұмыс орнындағы бір күн», «Мен өскенде кім болам?» эссе байқауы, «Осындай мамандық бар» жарнамалық роликтер жасау, «Ұрпақтар сабақтастығы- дәстүр жалғастығы» тақырыбында еңбек династиясын жалғастырған әулеттермен кездесу, Мамандықтар әлемі: «Біз таңдайтын жолдар» түрлі маман иелерімен сұхбат жүргізу, «Бүгінгі оқушы –ертеңгі студент, болашақ маман!» студенттермен кездесу кеші, «Жүз жолдың бірі – сенікі!» маман иелерімен кездесу кеші, «Сенің ерекше қабілетің» психологиялық тренинг, «Мен мамандықтар әлеміндемін» мамандықтар жәрмеңкесі, «Қазақстан Университеттеріне виртуалды саяхат» қашықтықтан ұйымдастырылса, бастауыш сыныптар үшін «Әріпті мамандықтар» ойыны, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» мамандықтарға байланысты мақал-мәтелдер сайысы т.б. жұмыстар жүргізілді.

2023 жылдың желтоқсан айында «Мамандық таңдау, өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында 10-сыныптармен психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: білім алушылардың жеке тұлғасының бәсекелестік қабілетін, өзінің қалауына сай белгілі бір еңбек әрекетіне дайындық білімділігін қалыптастыру, заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт-бағдар беру.

Мамандық таңдауда әр білім алушы өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Осы орайда, оқушыларға мамандықтар

туралы түсінік беру, мамандықты дұрыс таңдай білуге баулу мақсатында 1-11 сыныптарда мамандықтар туралы тәрбие сағаттары өткізілді.



1-4 сыныптар арасында «Болашақ мамандығым өз көзіммен» тақырыбында сурет байқауы өткізілсе, 5-7 сынып оқушыларынан «Мен кім боламын?» тақырыбында эссе жұмыстары, «Мамандықты дұрыс таңдау-жарқын болашақ кепілі» 8-9 сынып оқушыларынан шығарма жұмыстары алынды.



Мектебімізде жыл сайын дәстүрге айналған студенттермен кездесу кеші 2023 жылдың қаңтар айында «Бүгінгі оқушы, ертеңгі студент - болашақ маман» атты студенттермен кездесу кеші өткізілді. Кездесудің басты мақсаты: мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағыт бағдар беру, мамандықты дұрыс таңдау, оның адам өмірінде алатын орны мен маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру, мамандықтардың түрлері, әр түрлі оқу орындары туралы мағлұмат беру. Кездесу кешіне осы мектепте оқып, қазіргі таңда жоғары оқу орнында білім алып жатқан үш жылғы студенттер мен жоғары сынып оқушылары, мектеп ұстаздары қатысты. Студенттер түлектерге өздері білім алатын оқу орындары туралы мағлұмат бере отырып, ҰБТ-ға дайындалу жолдары және грантқа қалай қол жеткізуге болатындығы туралы ақыл-кеңестерін айтып, пікір алмасты. Мектеп бітіруші түлектерге ой салар тағылымы мол шара барысында оқушыларымыз өздеріне қажетті мағлұматтарды ала алды.

Жоғары сынып оқушыларына кәсіби – бағыт бағдар беру мақсатында еліміздегі жоғары және арнаулы оқу орындарының мамандарымен жыл сайын кездесулер өткізіледі. Кездесудің басты мақсаты – түлектерге жоғары оқу орнын және болашақ мамандықтарын таңдауға көмектесу.

Кәсіби бағдар беру мақсатында өткізілген кездесулерге 9 -11 сынып оқушылары қатыстырылып, оқу орнының білім беру бағдарламаларымен,

материалдық - техникалық базасымен танысып, оқытылатын және болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы толық мағлұматтар алды.

Қорытынды. Бұл жұмыстардың бәрі оқушылардың ой-өрісіне бағыт береді, мұны кәсіптік үгіт деп те қарауға болады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең меңгерген, өзінің білімі мен тәжірибесін қолдана білетін мамандар қажет. Әр мектеп түлегінің алдында мамандықты таңдау міндеті өзекті, сондықтан біз оқушыларға дұрыс бағытта таңдау жасауға бағыт-бағдар беруіміз қажет. Бүгінгі білімді жас - егемен елдің ертеңі болу үшін мамандықты дұрыс таңдағаны жөн. Өйткені, ХХІ ғасырда жұмыс істейтін мамандар еліміздің мақсат – мүддесін алдыңғы орынға қоятын өз мүмкіндігін білетін, өз саласын жетік меңгерген маман болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер.

- 1) Дүйсенбекова Ш. Еңбек тәрбиесі және кәсіптік бағдар \\\ Қазақстан мектебі. 2006. №9;
- 2) Мүсілімов Ә. Бағдар беру әдістері \\\ Қазақстан мектебі. 2002. №4;
- 3) Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері. Пед.ғыл. докт. Дисс.,- Алматы, 1996;
- 4) Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000 ж.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОРИЕНТИРОВАНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ШКОЛЕ: СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ

К. М. Есенгулов

КГУ «Общеобразовательная школа №23 имени М. Козыбаева отдела образования акимата города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация. В настоящей статье рассматривается одна из актуальных тем современной профориентационной работы в организациях среднего образования – это состояние и инклюзивность в общеобразовательной школе. На примере таких стран как Сингапур и Япония рассмотрены плюсы и минусы профориентации учащихся в школах. В целях рассмотрения нынешнего состояния профессионального ориентирования обучающихся в школах, автором было проведено исследование методов профориентации учащихся в выше названных странах, так как ученики данных стран набирают высокие результаты по математике и естественным наукам. В статье предоставлены результаты исследования профориентации учащихся, в частности их состояния и недостатка.

Ключевые слова: профориентация, профессия, профориентация в школе, методика.

Аңдатпа. Бұл мақалада орта білім беру ұйымдарындағы заманауи кәсіптік бағдар берудің өзекті тақырыптарының бірі – бұл жалпы білім беретін мектептердегі жағдай және инклюзивтілік. Сингапур, Жапония сияқты елдердің мысалында мектептердегі оқушыларға кәсіптік бағдар берудің оң және теріс жақтары қарастырылады. Мектептердегі оқушыларға кәсіптік бағдар берудің қазіргі жағдайын қарастыру

мақсатында автор жоғарыда аталған елдердегі оқушыларға кәсіптік бағдар беру әдістеріне зерттеу жүргізді, өйткені бұл елдердің оқушылары математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Мақалада оқушылардың кәсіптік бағдарын зерттеу нәтижелері, атап айтқанда олардың жағдайы мен жетіспеушіліктері келтірілген.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, кәсіп, мектептегі кәсіптік бағдар, әдістеме.

Введение.

Цель данной работы - исследование путей организации профессиональной ориентации в школе.

Исследование основано на гипотезе о том, что успешность профессиональной ориентации старшеклассника во многом зависит от эффективной профориентации школы.

Объектом исследования является профессиональное становление школьников старшей школы.

Предмет исследования: пути формирования профессионального самоопределения.

Для достижения поставленной цели и проверки выдвинутой гипотезы необходимо было решить следующие **задачи**:

1. Теоретическое изучение данной проблемы.
2. Определить психологический инструментарий, для изучения самоопределения старшеклассников, их осведомленности о мире профессий, об особенностях рынка труда.
3. Выявить пути профориентационной работы, способствующие повышению эффективности профориентационной работы.

В ходе работы применили **методы**: наблюдение и сравнение.

Основная часть. Основными тенденциями развития общего и профессионального образования в Казахстане являются:

- повышение роли общеобразовательных и профессиональных школ в расширении и воспроизводстве интеллектуального потенциала общества и обеспечении рыночной экономики квалифицированными кадрами;
- поиск и нахождение учебными заведениями собственной ниши на рынке образовательных услуг;
- ориентация образовательных учреждений на удовлетворение местных потребностей;
- возрождение профессионального обучения и развитие студенчества;
- интеграционные процессы в системах общего, среднего и высшего профессионального образования.

Проведённый сравнительный анализ основных направлений работы по профориентации в РК, Японии и Сингапуре.

Рынок профориентационных услуг в Республике Казахстан:

- есть единичные профориентационные порталы;
- учебно-методические комплексы по профессиональной ориентации школьников, которые не легко найти в свободном доступе;

- отдельные тесты в онлайн режиме или бланковом виде зарубежных разработчиков;
- большинство частных центров профориентации;
- частные центры психологической помощи;
- проводятся дни профориентации для учащихся 9-11 классов (МОН РК ввело с 2016 года день профориентации);
- центры профессиональной ориентации при вузах (работа которых в большинстве носит не объективный и заинтересованный характер лишь одной стороны).

Рынок профориентационных услуг в Японии:

- представление о профессиях еще в младшей школе;
- каждый год учащиеся 7-9 классов пробуют себя в 16 различных профессиях;
- за 3 года ученики успевают попробовать себя в 48 разнообразных специальностях;
- государство оплачивает компаниям школьные практики;
- работодатели выделяют специалистов;
- после пройденных профессиональных проб проводится анализ результатов;
- к окончанию школы японский школьник вполне ясно представляет, кем он станет в дальнейшем.

Рынок профориентационных услуг в Сингапуре:

- сезонных каникул нет, учёба идёт в два семестра и делится на несколько уровней;
- начальное образование (6-12 лет). Сначала фундаментальный этап: 4 года дети изучают английский язык, родной язык (китайский, малайский или тамильский). Обязательно математику для развития логического мышления, плюс ко всему в школьную программу входят этика, художественный труд, музыка и физическая культура. Следующие два года идёт спец подготовка;
- к каким дисциплинам у ребёнка больше тяга – по тем и формируются переводные экзамены в среднюю школу;
- средняя школа (12-17 лет). По результатам экзаменов дети поступают в средние школы, образование в которых проходит по специальным курсам;
- будущее школьника зависит от экзаменов в начальной школе;
- меритократия – система, при которой положение человека в обществе определяется его способностями и заслугами, а не происхождением — это центральный принцип образования в Сингапуре.

Заключение. Таким образом, основными проблемами профессионально-трудового выбора в Казахстане на современном этапе считаются:

- в Казахстане развивается собственная информационная система профориентации на рынке услуг;
- предпочтение быстрой и внешне эффективной профориентации, которая в большинстве случаев начинается только в старшей школе;

- имеющиеся в РК профориентационные порталы либо представлены одним тестом, либо опираются на разработки в области системной профориентационной диагностики в других странах;
- мало частных центров профориентации и практически нет национальных центров профориентации;
- в школах введены ставки профориентаторов, что позволит уже системно вести профориентационную работу.

Пути решения вышеуказанных проблем включают:

- разработка информационного портала по профориентации для Казахстана, объединяющего систему профориентации, анализа и прогнозирования спроса на специальности;
- разработка ряда собственных казахстанских диагностических комплексов (этапы раннего профилирования (5-8 классы), профориентационное сопровождение школьников (9-12 классы), выпускников и абитуриентов, профессиональное перепрофилирование и развитие карьеры для взрослых);
- создание диагностических профориентационных комплексов, учитывающих согласованную системную оценку данных, полученных в ходе непосредственного обследования (субъективный подход) и объективной оценки (внешняя оценка).

Список использованных источников:

- 1) Саудабаева Г.С. Профессиональная ориентация учащейся молодежи. Учебное пособие. - Алматы: ТОО «Лет», 2008 – 62 с.
- 2) Пряжников Н.С., Пряжникова Е.Ю. Психология труда и человеческого достоинства. - М.: Издательский центр «Академия», 2003. - 480 с.
- 3) Такео Таджура. Введение в современное образование. Токио: Издательство Fukutima Publishing Co., Ltd.
- 4) Держицкая Е. В. Развитие системы образования Сингапура: Дис. канд. пед. наук: 13.00.01: Москва, 2004 - 156 с.

ОҚУШЫҒА ЖЕКЕ ПРОФОРИЕНТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

М.Е. Есжанова

*директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Астана қаласы, №82 «Дарын» мамандандырылған лицейі
Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіби бағдар беруші маманның оқушыға жеке профориентациялық кеңес жүргізудің әдістері мен технологиясы туралы мәселе қарастырылған.

Тірек сөздер: кәсіби бағдар, сауалнама, сараптама, мамандық.

Аннотация. В данной статье рассматриваются методы и технологии проведения индивидуального профориентационного консультирования обучающегося специалистом по

профориентации.

Ключевые слова: профориентация, анкетирование, экспертиза, специальность.

Мамандық таңдау - маңызды іс. Мектеп бітірген түлектің мақсаты - жақсы мамандық таңдап, өмірде өз орнын табу. Ретін білгенге бұл оңай емес. Қай мамандыққа барарын білмей, таңдау үстінде жүрген оқушыларға кәсіби маманның кеңесі керек. Оқушыларға жеке профориентациялық кеңес жүргізуде кәсіби бағдар беруші маман әр түрлі технологиялар мен әдістер жиынтығына жүгінеді. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтейін.

Кәсіби бағдар беруші маман алдына келіп отырған оқушымен алдын ала танысуы қажет. Танысу сауалнама немесе танысу парақшасын толтыру арқылы жүргізіледі. Кеңес өткізу алдында сауалнаманың немесе өмірбаянының негізінде өзіңізге қорытынды жасап аласыз. Кеңес жүргізуде қолданатын бірнеше тәсілдердің түрлері:

1. Оқушының өмірбаянын тыңдап отырып, бағыттаушы сұрақтар қойып, маңызды сәттерін жазып отырамыз. Жеке тұлғасын сипаттайтын тест береміз.

2. Өзіне-өзі анализ жасауға тест береміз.

3. Қорытындысын салыстыра отырып, оқушының автопортретін жасаймыз.

4. Мамандық таңдауға арналған тесттен өтеміз.

5. Нәтижесінде шыққан мамандықтарға талдау (бөлінетін грант саны, грантқа өту баллы, қандай университеттерде оқытылады, нарықта қандай мекемелерде вакансиялар бар) жасап береміз. Таңдап алынған мамандықтың болашағы, артықшылығы туралы айту керек.

Жеке тұлғаның автопортретін жасауда қолдануға болатын тесттер тізімімен таныстырайын.

✓ 16 факторлы Кеттел сауалнамасы;

✓ Тест MyCode. Жеке тұлға тесті ;

✓ Э.Шейннің негізгі мотивация сауалнамасы;

✓ Г.Гарднердің жетекші интеллект тесті;

✓ «Үлкен бестік» жеке тұлғаның бес факторлы моделі;

✓ Р.Дэвидсонның эмоционалды стиль сауалнамасы ;

✓ К.Роджерс пен Р.Даймондтың өзіңе деген сенімділікті анықтау сауалнамасы:

✓ Карсектің зорығуға әкелетін факторларды анықтау сауалнамасы;

✓ Маслачтың зорығуды анықтау сауалнамасы.

Кәсіби бағдар беруші маман оқушымен жұмыс жасағанда сақтауы тиіс маңызды ережелердің бірі – профориентологтың этикалық кодекс ережелерін ұстануы. Оларға не жатады?

1. Мамандық түрлеріне бірдей құрметпен қарау. Белгілі бір мамандықтарды құнсыздандырып, екінші бір мамандықтарға маңыздылық беріп , беделін арттыруға жол бермеу;

2. Кәсіби бағдар беруші сарапшының жұмысы қоғамның, ұжымның белсенді әрі саналы мүшесін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мамандықты таңдаушының өзі емес, оның орнына сіз таңдайтын болсаңыз, бұл оқушының өзін дамытуға, болашағының сәтті болуына және кәсіби тұрғыдан кедергі келтіреді, сондықтан біреу үшін таңдау жасауға болмайды;

3. Жұмыс барысында оқушының жеке басына қатысты алынған ақпарат құпия болып табылады, сондықтан оларды жария етуге болмайды.

4. Жауапкершілікпен қарау. Қолданылған тәсілдер шынайы, тиімді болуы керек. Диагностика жасау дұрыс жүргізіліп, берілетін кеңестер ешқандай бағалау түрінде емес, дәлелді түрде айтылу керек.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, кәсіби бағдар беруші маманның кеңесі жасөспірім үшін өте қажет. Профориентологтың эксперттік пікірі арқылы оқушы өзінің мықты қырларын ашады, өз потенциалын таниды, болашақ мамандығын таңдауда өзінің уақытын үнемдей отырып, тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады.

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) Йовайша Л.А. Проблема профориентации школьников. М., 1983. 234 с
- 2) Сейтешов А.П. Пути профессионального становления учащейся молодежи. М., 1988. 95-102 с
- 3) Шавир П.А. Психология профессионального самоопределения в ранней юности. Тюмень, 1980. 202 с
- 4) Демиденко В.К. Мотивы выбора профессии школьниками. // *Советская педагогика*, 1989, № 6. 105-126 с
- 5) Булгакова Н.Ф. Подготовка школьников к профессиональному самоопределению в процессе их учебной и трудовой деятельности. /Автореферат канд. диссертации. М., 1984. 325 с.

КӘСІБИ БАҒЫТ БЕРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ

И.К. Жарасова

*Педагог-психолог, С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны айтылған.

Тірек сөздер: Кәсіби бағдар беру, мамандық, психодиагностика.

Аннотация. Одним из важных вопросов является приобщение молодежи к труду, выбор профессионального пути. Сознательно выбранная профессия влияет на дальнейшую жизнь человека. В статье рассмотрены пути приобщения молодежи к труду и ориентирование на правильный выбор профессии. Отмечается, что школьник, ориентированный на успешную профессиональную деятельность, сможет развивать свои коммуникативные способности, проявлять креативность в решении сложных задач.

Ключевые слова: профориентация, профессия, психодиагностика.

Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мындаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы бүгінгі таңда ең көп талқыланатын тақырып және жиі көтерілетін өзекті сұрақтардың қатарында. Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №80 МГ ұжым болып осыған орай атқарылатын нақты шараларды анықтап, жоспарлы түрде жүйелі жүзеге асыруда.

Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Абай атамыз айтқандай *«Сен де — бір кірпіш, дүниеге. Кетігін тап та, бар қалан!»* - демекші, жол тапсаң дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің.

Демек оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы кәсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін колледждермен тығыз байланыс орнатып, оқушыларды жыл сайын қаладағы кәсіби білім беретін білім шаңырақтарына экскурсия жасап, түрлі мамандықтар бойынша ақпарат алуға мүмкіндік жасайды. Мектеп оқушыларына колледждің материалды – техникалық базасы мен тарихы, мамандықтардың таныстырымы ұсынылады.

Сонымен қатар кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында оқушылармен психологиялық зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізіледі.

1. «Мен қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасы (Климов әдістемесі) Мақсаты: Мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру.

2. «Темпераменттің әлеуметтік түрлері» сауалнама (Дэвид Кейрси әдістемесі).

Мақсаты: Жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру.

Қорытынды: Зерттеуге 9 сынып оқушыларынан 101 оқушы қатыста, 11 сынып оқушыларынан 75-оқушы қатысты. Барлығы 176 оқушы қатысты.

Логикалық-сенсорлық экстраверт - бұл «Ұйымдастырушы» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Жылдамақылмен, логикаға сүйене

ойластырылған әрекеттермен ерекшеленеді. Асығыс немесе негізсіз шешімдерге жол бермейді. Табиғатынан бойларында барлаушылық қабілеті бар. Олар тек қалаған жұмысына ғана басты назар аударады және қолға алған жұмысын тиянақты орындайды.

33-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Логикалық-сенсорлық интроверт - бұл «инспектор» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Логикалық-сенсорлық интроверт үшін ең қолайлы жұмыс көбінесе нақты ғылымдар немесе құқықтық істер саласымен байланысты. Логикалық-сенсорлық интроверт - бұл өз мүмкіндіктеріне сәйкес өмір сүретін және армандауға бейім емес реалист адам. Ол кез-келген тапсырманы жеңілдете алады және қиын жағдайдан шығудың ең қысқа жолын таба алады. Мұндай адам дүрбелеңге берілмейді және бәрі логикалық түсініктеме табуға тырысады.

21-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Логикалық-интуитивті экстраверт - бұл «кәсіпкер» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі және рационализаторлар (адамның іс-әрекет ережелері). Олардың барлығын бір сөзбен сипаттауға болады-еңбекқор жандар. Алайда, олар мағынасыз әрекеттерді ұнатпайды, әр нәрсенің түпкі мақсаты болуы керек деп біледі. Бастары компьютерге ұқсайды (логиканың күшті арнасы). Олар мәселенің мәнін тез түсінуге, бөлшектерді есептеуге және мәселені шешудің оңтайлы жолдарын есептеуге қабілетті (интуицияның көрінісі). Сонымен қатар, бұл түрдің өкілдері — саяхатқа, шытырман оқиғаға және тәуекелге бейім түзетілмейтін романтиктер. Олардың арасында көптеген каскадерлер, құтқарушылар, сынақшылар бар. Олар оңай және көңілді жұмыс істейді, олар үшін шындық пен жолдастық сезімі маңызды. Өздеріне көбіне көңіл бөлмейді, ас үйге жоқ, аспаздық кітапты алып, жазылған рецепт бойынша тағам дайындайды.

7-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Логикалық интуитивті интроверт - бұл «аналитик» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. «Ой, демек, бар». Логикасы дамыған, талдау қабілеті күшті адам. Құбылыстардың мәніне логикалық түрде жете алады, олардың ішкі құрылымын аша алады. Әлемде бәрі қисынды, сондықтан әділ болуы керек деп санайды. Өзінің пайдасы мен қауіпсіздігін елемеуге, ренжігенді қорғауға қабілетті. Өзіне жоғары талаптар қояды.

10-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Этикалық-интуитивті интроверт – бұл «гуманист» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Этикалық және интуитивті интроверт-эмоцияларға негізделген адам. Ол өзінің сенімдеріне сәйкес әлемді өзгерткісі келеді. Ол барлық шешімдерді сезімдерді басшылыққа ала отырып қабылдайды. Этикалық және интуитивті интроверт - ізденімпаз, жаңалыққа құмар адам, сондықтан ол жаңа білімге қол жеткізіп, жаңа идеяларды жақсы көретіндіктен, бір нәрседен екіншісіне секіргенді ұнататын жандар.

Этикалық-интуитивті интроверт - айналасындағылар үшін сүйкімді және тартымды адам.

8-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Этикалық-интуитивті экстраверт - бұл «тәлімгер» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Бастама көтеруді ұнатпайды. Стратег өз күшін уақыт бойынша қалай бөлу керектігін біледі. Кез-келген жұмысқа байыпты, үлкен жауапкершілікпен қарайды, оны соңына дейін жеткізуге тырысады. Қандай жағдай болмасын жеңіске жетеді. Төтенше жағдайларда оның аса сақтығынан із қалмайды. Ол ешқашан зұлымдық деп санайтын нәрсені жасамайды, басқалардың зұлымдығына төзбейді. Алайда этикалық теорияны әдет-ғұрыптар мен билікке қарамай өзі жасайды. Кейде оның жақсылық пен жамандық мәселелеріне деген көзқарасы өте ерекше. Қалай болғанда да, оларды дәйекті түрде ұстанады және табандылықпен қорғайды.

9-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Этикалық-сенсорлық интроверт - бұл «қамқоршы» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Өте эмоционалды адам, ол үшін эмоциялар әлемі өте маңызды. Ол басқа адамдарды жақсы түсінеді және сезінеді. Тұлғаның бұл түрі-өмірді барлық түстерде және оның көріністерінде білуге тырысатын шығармашыл суретші. Барлық нәрседе сұлулық пен үйлесімділікке ұмтылады. Махаббатта оған сүйсінетін күшті эмоцияларды тудыратын муза қажет.

30-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Этикалық-сенсорлық экстраверт - бұл «энтузиаст» (Іске, идеяға берілген ынтамен әрекет ететін адам) деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Бұл ашық, өте эмоционалды және епті, кез-келген іске араласқанды жаны сүйетін, тыным таппайтын адам. Оған өз сезімдерін білдіру оңай. Бұл оның эмоционалдылығының жоғарылауына байланысты, ол адамдардың тұрақты түріне жатпайды. Оның көңіл-күйі күніне бірнеше рет өзгереді, ол ашуланшақ және тіпті қатал болуы мүмкін, ашуын мейірімділікке тез өзгертеді.

17-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Сенсорлық-этикалық интроверт - бұл «делдал» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Мейірімді, үнемі жақсы және оптимист адам. Әрқашан жылы, қамқор, күлімсіреген кейіпте жүреді. Ол берілген тапсырмаларды сұрай да, талапта ете де алмайды, барлық қажеттіліктерін өз күшімен қанағаттандыруға тырысады.

2-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Сенсорлық-этикалық экстраверт - бұл «саясаткер» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Өз мақсатына тоқтаусыз ұмтылатын, әрқашан және кез келген жағдайда оған жетуге тырысатын күшті тұлға. Оның девизи: «Тек сәттілік, тек жеңіс!». Ол талапшыл және епті адам, әлемді күш, билік пен даңққа деген ұмтылыс басқарады деп санайды. Әрқашан көшбасшы, өршіл және өзіне сенімді, оның дұрыстығына өз басы сенімді.

5-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Интуитивті-этикалық интроверт - бұл «лирик» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Арманшыл, романтикалық, шығармашыл адам. Оған қолын ұстап, бақытқа жетелейтін күшті серіктес керек. Ол әрекет жасағаннан гөрі көбірек қиялдауға, ойлауға бейім. Өте эмоционалды жандар. Әрбір жан өз сезімдерін өздерінде ұстауы қажет деп санамайды. Ол үшін эмоциялардың дауылды

көрінісі-қарым-қатынас тәсілі деп біледі. Жақсының жақсылығын айт мерейі тасысын деген ұстаным қолданады.

15-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Интуитивті-этикалық экстраверт - бұл «кеңесші» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Жоғары рухани, көркем тұлға. Жеке қиындықтарды тез шешеді. Жанып тұрған энтузиаст (барлық күш-жігерін беретін, ынта-жігермен жұмыс істейтін адам.). Әрқашан жұмысты алдын ала дайындаудың орнына бірден импровизациялау қабілетіне сүйенеді. Ол жаңа, қызықты бастаманың жағдайларын жақсы көреді. Өзінің және басқалардың қабілеттерін көрсете алады, оқиғалардың ең керемет дамуын болжай алады. Ол үшін адамдардың пікірі өте маңызды. Дұрыс емес іс-әрекеттерді жасырмайды, өзін еркін ұстайды. Менмен емес. Ол достарынан, қоғамнан өзін риза ететін қызықты нәрселерді күтеді. Көңіл-күй адамы. Барлығы көңіл-күйге байланысты: болашаққа арналған жоспарлар, өзіне деген көзқарас, әлем туралы түсінік. Жоспарлары ауыр тәжірибелермен алмастырылуы мүмкін, бірақ қызықты жаңалық, мақтау, кенеттен пайда болған қызықты мүмкіндік көңіл-күйді бірден өзгертеді.

9-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Интуитивті-логикалық интроверт - бұл, «иррационал» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Мазасыз, күмәнді, циник (адамдар үшін аса қымбат жан-дүние жауһарларына, ішкі сезімдеріне суық қарап, олар бағалайтын құндылықтарға қол сілтейтін адам) әлемді біртұтас, өзін-өзі осы тұтастықтың бөлігі ретінде қабылдайды. Ол оқиғалардың үздіксіз ағынын бақылайтын философ. Ол үшін өмір өзенге ұқсайды, содан кейін тыныш, содан кейін дауылды, оның бетінде әр сәтте бәрі қозғалады және өзгереді. Сондықтан оған шешім қабылдау қиынға соғуы мүмкін. Ол оқиғалардың дамуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндіктерді ескеруге тырысады (және жағдай үнемі өзгеріп отырады).

3-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Интуитивті-логикалық экстраверт - бұл «іздеуші» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Идеялар әлемінде өмір сүреді, ол қоршаған әлемді бақылайды, қызықты, ерекше фактілерге назар аударады және оларды түсіндіреді. Ол бәріне қызығушылық танытады, оған кез - келген факт және оның миында пайда болатын әрбір идеяны перспективалық тұрғыдан бағалайды.

1-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Сенсорлық-логикалық экстраверт - бұл «маршал» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Түпкілікті нәтиже – оны қызықтыратын жалғыз нәрсе. Осы «түпкілікті нәтижеге» жету үшін қажет нәрсенің бәрі оның бірінші кезектегі мәселесі деп санайды. Ерік-жігері күшті, мақсатты адам. Жақсы тактик. Қалыптасқан жағдайды және күштердің орналасуын тез түсінеді. Тез шешім қабылдайды және әрекет етеді. Саяси шеберлікке қабілетті, бірақ ешқашан өз жеңісін жіберіп алмайды. Күшті логикаға ие. Оған мақсаттан гөрі логика жасау оңайырақ. Қорқыныш, жеккөрушілік және басқа да жағымсыз эмоцияларға бейім емес. Таң қалмайды және қызғанбайды. Жағдай неғұрлым қауіпті болса, соғұрлым ол жиналып, шешуші рөл атқаруға тырысады. Сезім туралы

сөйлескенді ұнатпайды. Ол серіктесінің эмоционалды қолдауын қажет етеді және оған эмоцияларын бағындыра біледі.

3-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Сенсорлық-логикалық интроверт - бұл «шебер» деп те аталатын әлеуметтік типтердің бірі. Бұндай адамдар мұхиттағы Айсберг сияқты. Қыңыр, тұйық, әрқашан дерлік бірде суық және жұмбақ жан. Қозғалыстары дәл, не істесе де білдірмей, дымын шығармай жасайды және өте үнемшіл жандар.

3-оқушы осы типке сәйкес келді зерттеу қорытындысы бойынша.

Ұсыныс: Жеке тұлғалық ерекшеліктерін және жауапкершілік сезімі мен қызығушылығын ескере отырып мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру.

Пайданылған әдебиеттер:

- 1) Иванова Е.М. Основы психологического изучения профессиональной деятельности. — М.: МГУ, 1987. — 208с.
- 2) Изотова Е.И Психологическая служба в системе образования, — М.: Академия, 2012 . — 304 с.
- 3) Климов Е.А. Как выбирать профессию. — М.: Просвещение, 1990. — 159с.
- 4) Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях. — М.: Издво МГУ, 1995. — 224с.
- 5) Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. — Ростов на Дону: 1996. — 512с.

КӘСІПТІК БАҒДАР-БОЛАШАҚҚА ЖОЛ

А.А. Жетибаева

педагог-психолог,

Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернаты» КММ

Жезқазған қаласы, Ұлытау облысы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада мектеп оқушыларын кәсіби бағытқа баулаудың маңызды тұстары қарастырылған. Сонымен қатар, мектептегі мамандық таңдаудың ережесі мен кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері негізінде білім алушыларды бағыттаудың түрлері қамтылған.

Тірек сөздер: Кәсіби бағдар беру, мамандық, қабілеттілік.

Аннотация: В статье рассмотрены важные моменты приобщения школьников к профессиональному самоопределению. Кроме того, на основе правил выбора профессии в школе и основных задач профориентационной работы рассматриваются виды ориентации обучающихся.

Ключевые слова: профориентация, профессия, способности.

Мектеп оқушыларын кәсіби бағытқа баулау – болашаққа жасалған дұрыс таңдау, балаларымыздың өзінше шешім қабылдауының алғашқы қадамы. Өскелең ұрпақты құбылмалы заманға қарай бейімдеу өзекті мәселе.

Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлы болуы үшін еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі жас ұрпақтың заманға лайықты білім мен мамандық таңдауда - өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Сондықтан, бүгінгі таңда мемлекет тарапынан кәсіби білім берудің мазмұнын жаңғыртуы, оқушылардың мамандық

таңдауға көңіл бөлуі, білім саласын үлкен көлемде қаржыландыруы, қордаланған мәселелердің біртіндеп шешілуіне алғышарт жасап отыр.

Қазіргі таңда заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, мақсат – арманына жету үлкен өнерді, өмір сүру өнерін меңгеруді қажет етеді. Әрбір адам өзін — өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек. Оқушыларымыздың көпшілігі негізгі пәндері таңдайды, ал қандай мамандық деген кезде ойланып қалатындықтары анық. Сондықтанда жас ұрпаққа мамандықты таңдауға мүмкіндік тудыруға көп ақпарат беруіміз қажет деп ойлаймын.

Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы зор. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы сенім, т.б

Қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игерудегі тездік, тереңдік, икемділік болып есептеледі.

Сондықтан мамандық таңдауда қабілеттілік есепке алынады. Мысалы адамның ойлау жүйесі күшті дамығанмен практикалық істе қабілетсіз болуы мүмкін немесе өте жақсы білгенмен, ұйымдастыруды нашар атқаруы мүмкін. Сондықтан баланың оқудағы, еңбектегі, ойындағы қабілеттілігін біртұтас қарастыру қажет те, солай дамыту нәтижелі болмақ.

Кәсіби бағдар беру - жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекет. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттер мен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы роліне сай саналы таңдалынып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез – келгеніне икемділік қажет, Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде – кім өзінің ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, қоғамға да үлкен пайда.

Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.

Мамандық таңдау ережесі:

Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және сіз тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет. Тұлға барынша өзіңе ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауы керек.

Мамандық таңдау – бұл болашақ әл-ауқат көрсеткішін білдіретін өте маңызды және жауапты қадам. Сондықтан шешім қабылдамас бұрын, сіз алдымен қай салада жұмыс істегіңіз келетінін шешуіңіз керек. Ол үшін таңдаған мамандығыңыз болашақта тек қана материалды ғана емес, сонымен қатар моральдық қанағат сезімін де әкелетіндей дұрыс шешім қабылдауыңыз керек.

Мамандық таңдауда бітірген мектебіңіздің рөлі де өте маңызды. Өйткені, мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер, мысалы, биология, химия, физика

сияқты пәндер баланы жансыз және тірі табиғат әлеміне, тарих, тілдер және әдебиет – қарым-қатынас пен әлеуметтік құбылыстар әлеміне, математика – сандық қатынастар мен кеңістіктік формалар әлеміне енгізеді. Бірақ әр балаға кездесетін тағы бір беймәлім дүние бар – бұл мамандықтар әлемі. Оның үстіне, әр мамандық – қызықты, әрі таңғажайып дүние.

Адамның әлеуметтік құндылығы, оның қоғамдағы орны, жұмысқа қанағаттануы, физикалық және жүйке-психикалық денсаулығы, қуанышы мен бақыты кәсіби жолдың қаншалықты дұрыс таңдалғанына байланысты. Дұрыс шешім қабылдау үшін мамандық таңдауға әсер ететін негізгі факторларды қарастырған жөн. Ата-анасы мен достарының, мұғалімдердің пікірі, материалдық жағдайы, жеке ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, баланың жеке мүмкіндіктері – мұның бәрі оның қандай мамандықты таңдайтынына әсер етеді. Нұсқаулар неғұрлым көп болса, таңдау соғұрлым қиын болады.

Әрбір жеке тұлға өзінің болашақ мамандығынды таңдай отырып ойынды жүзеге асыруда және мамандықты жетік меңгеруде табандылық танытуы керек.

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Бүгінгі күні мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары қайтадан жандана бастады. Біз жоғарыда атап өтілген кезеңдерді талдай отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызын үлкен сұранысқа ие болуда деп білеміз.

Кәсіби бағдар жұмысын қорытындылай келе, қорытынды жасауға болады:

Мектепте қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары жеткілікті деңгейде жүзеге асырылады. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады.

Пайдаланған әдебиет:

- 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»// Қазақстан 1999 ж.
- 2) Ж.Әбиев Педагогика: Оқу құралы – Алматы - Дарын 2004 ж.
- 3) Кәсіптік бағдар беру: дәрістер жинағы

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУШІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

М.О. Ибрагимова

ШҚО ББ Өскемен қаласы білім бөлімінің

«№27 орта мектебі» КММ

Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Жоғары сынып оқушыларына тән басты ерекшелік - бұл олардың өмірлік жоспарларының қалыптасуы. Бұл бір жағынан мақсаттардың тиянақтылығының, қорытылу нәтижесінде өмірлік жоспарлар туындап, олар өздеріне жеке тұлға, иерархизациялардың бағалы бағдарламасының тиянақты ядросын орнығуын келтіреді. Олар өздеріне жеке ұмтылыстарды бағындырады. Екінші жағынан мақсаттардың нақтылану мен даралану процестері жүріп жатады. өмірлік жоспар - бір мезгілдегі әлеуметтік және этикалық құбылыс.

Тірек сөздер: кәсіптік, жоспар, критерий, бағыт, бағдар т.б.

Аннотация. В данной статье отображаются актуальные проблемы профориентации старшеклассников в школе, важна психологическая готовность детей к выбору дальнейшей профессии, а также более углублённое расширение кругозора профессий и сфер их деятельности.

Ключевые слова: профессиональный, план, критерий, направление, ориентир и др.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі нәтижелі критерийлері мен тиімділік көрсеткіштеріне, ең алдымен, мыналар жатады:

Мамандық және оны алу жолдары туралы жеткілікті ақпарат. Таңдалған кәсіптің мазмұны мен еңбек жағдайлары туралы нақты түсінік болмаса, оқушы оны дұрыс таңдай алмайды. Бұл жағдайда ақпараттың жеткіліктілігінің көрсеткіші оларға мамандықтың адамға қойылатын талаптарын, оны алудың нақты орнын, қоғамның осы мамандарға деген қажеттіліктерін нақты көрсету болып табылады.

Келесі тиімді критерий-мамандықты негізделген таңдау қажеттілігі. Кәсіпті негізделген кәсіби таңдау қажеттілігінің қалыптасу көрсеткіштері - бұл белгілі бір мамандық туралы қажетті ақпаратты алу үшін оқушының өз бетінше көрсететін белсенділігі, қызметтің нақты салаларында өз күштерінің сынамаларын қалауы (міндетті түрде жүзеге асырылмайтын, бірақ көрінетін), өзінің кәсіби жоспарын дербес құру [1].

Нәтижелі критерий-бұл оқушының еңбектің әлеуметтік маңыздылығына деген сенімділігі, яғни оған өмірлік құндылық ретінде қалыптасқан көзқарас. VIII-XI сынып оқушыларының өмірлік құндылықтарын зерттеуге сәйкес,

олардың өмірлік құндылығы ретінде жұмысқа деген көзқарасы олардың мамандық таңдау қажеттілігімен тікелей байланысты.

Тиімді критерий ретінде оқушының өзін-өзі тану дәрежесін де ажыратуға болады. Оның кәсіби маңызды қасиеттерін қаншалықты терең зерттей алатындығы көбінесе оның таңдауының дұрыстығына байланысты болады. Айта кету керек, тек білікті маман ғана оқушыға өзінің кәсіби маңызды қасиеттері туралы жеткілікті толық және барабар ақпарат бере алады.

Соңғы нәтижелі критерий – оқушының негізделген кәсіби жоспарының болуы.

Кәсіби таңдаудың негізділігі кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігінің негізгі критерийлерінің бірі болып саналады. Бұл Критерий Тәуелсіз емес, бірақ кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыруға байланысты. Негізділіктің көрсеткіші-мамандықтың адамға қойылатын талаптарын өзінің жеке ерекшеліктерін, олардың кәсіби қызметтегі жетістікке тікелей әсер ететіндерін, яғни кәсіби маңызды қасиеттерін білумен байланыстыра білу. Соңғысының қалыптасуы-мамандық таңдаудың негізділігінің қосымша критерийі[2].

Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігінің іс жүргізу критерийлері ретінде мыналар ерекшеленеді:

- кез-келген Кәсіптік бағдар әсерінің жеке сипаты (оқушының жеке ерекшеліктерін, отбасылық қатынастардың сипатын, еңбек іс-әрекетінің тәжірибесін, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуды ескеру);

- кәсіптік бағдарлау әсерінің ең алдымен жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуы (мамандық таңдауда еркіндік беру, кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында күштерді сынау үшін мүмкіндік жасау, кәсіби қызмет саласын өз бетінше таңдауда және кәсіби жоспарды анықтауда белсенділікті ояту)[3].

Кәсіптік бағдар беру жұмысы сабақта да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылуы мүмкін. Іс жүзінде барлық оқу пәндері оқушыларды әртүрлі кәсіби іс-шаралар туралы хабардар ете алады. Сабақта мұғалім студенттерге мамандықтар туралы белгілі бір білім беруі керек; кәсіптердің әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жақтарын ашу; студенттерге таңдалған кәсіптерді игеру жолдары туралы хабарлау; құндылық бағдарларын, тұрақты кәсіби қызығушылықтар мен мамандық таңдау мотивтерін қалыптастыру. Сабақтағы кәсіптік бағдар беру жұмысының сәттілігі көбінесе мұғалімнің кәсіптік бағдар беру материалын бағдарламалық жасақтамамен байланыстыру қабілетіне, жоғары сынып оқушыларының белгілі бір қызмет түріне, оның білімі мен оқыту әдістерін меңгеруіне оң көзқарасын қалыптастыруға байланысты[4].

Студенттердің кәсіби бағдарлауының тиімділігі көбінесе білім беру процесін жақсы ұйымдастырылған басқаруға байланысты. Әр мектепте кәсіптік бағдарлауды педагогикалық басқарудың өзіндік жүйесі қалыптасады. Мақала авторы бұл жұмысты жалпы білім беретін мектепте ұйымдастыру тәжірибесімен бөліседі.

Нарықтық қатынастар еңбек сипаты мен мақсаттарын түбегейлі өзгертеді: оның қарқындылығы артады, шиеленіс күшейеді, жоғары кәсібилік, төзімділік

пен жауапкершілік қажет. Осыған байланысты мектепте білім алушылар арасында мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлінуі тиіс.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы бірнеше қызмет бағыттарын қамтиды:

1. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс:

- * білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша үйлестірушілердің қызметі;

- * мұғалімдерге материалдар мен диагностикалық карталарды таңдауда әдістемелік көмек.

2. Білім алушылармен жұмыс:

- * кәсіптік диагностикалық іс-шаралар, мансапты жоспарлау бойынша сабақтар мен тренингтер түріндегі кәсіптік бағдарлау қызметтерінің кешені;

- * оқыту бейінін таңдау бойынша консультациялар (жеке, топтық), сауалнама;

- * экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу (кәсіптік білім беру мекемелеріне, кәсіпорындарға);

- * кәсіптік білім беру кәсіпорындарының, мекемелерінің өкілдерімен кездесулер.

3. Ата-аналармен жұмыс:

- * ата-аналар жиналысын өткізу (жалпы мектеп, сынып);

- * дәрістер;

- * жеке әңгімелер;

- * сауалнама;

- * кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;

- * үйірмелерді, спорт секцияларын, өнер студияларын, оқушылар театрларын, қоғамдық оқушылар ұйымдарын басқару;

- * кәсіпорындарда жоғары сынып оқушыларының кәсіби сынамаларын ұйымдастыруға көмек;

- * демалыс уақытында білім алушыларды уақытша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға көмек;

- * ата-аналар комитеттерінің, мектеп Кеңесінің және мектептің басқа да қоғамдық құрылымдарының жұмысына қатысу.

Кәсіби қалыптасу-бұл жеке тұлғаны дамыту мен өзін-өзі дамытудың, кәсіптік бағдарланған қызмет түрлерін игерудің және өзін-өзі жобалаудың, Кәсіптер әлеміндегі өз орнын анықтаудың, кәсіпте өзін-өзі жүзеге асырудың және кәсібиліктің шыңына жету үшін өз әлеуетін жүзеге асырудың өнімді процесі.

Кәсіби қалыптасу-бұл кәсіби бағдарлауды, Кәсіби құзыреттілік пен кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруды, кәсіби маңызды психофизиологиялық қасиеттерді дамытуды, жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби маңызды қызмет түрлерін сапалы және шығармашылық орындаудың оңтайлы тәсілдерін іздеуді көздейтін жеке тұлғаны, барабар қызметті "қалыптастырудың" динамикалық процесі.

Қалыптасудың әртүрлі кезеңдеріндегі бұл процестің жүйе құраушы факторы өзара байланысты дамып келе жатқан кәсіби маңызды қызмет түрлері

мен жеке тұлғаның кәсіби белсенділігі кешенінің әлеуметтік жағдайының әсерінен қалыптасатын әлеуметтік-кәсіби бағыт болып табылады[5].

Қалыптасудың бір кезеңінен екінші кезеңіне көшу басталады; әлеуметтік жағдайдың өзгеруі, жетекші іс - әрекеттің өзгеруі және қайта құрылуы - бұл адамның психологиялық ұйымының дағдарысына, жаңа тұтастықтың қалыптасуына, кейіннен ұйымдаспауға және кейіннен жұмыс істеудің сапалы жаңа деңгейінің қалыптасуына әкеледі, оның орталығы кәсіби түрде анықталған психологиялық неоплазмалар болып табылады.

Тұлғаның кәсіби қалыптасуы-бұл кәсіби бағыттың, кәсіби құзыреттіліктің, Әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттердің және кәсіби маңызды психофизиологиялық қасиеттердің деңгейін арттыру және олардың дамуының өзекті деңгейі, әлеуметтік жағдай мен дамушы жетекші қызмет арасындағы қайшылықтарды шешу арқылы жетілдіру процесі.

Кәсіби қалыптасу процесі кәсіби маңызды қызмет түрлерімен және әлеуметтік жағдаймен байланысты. Кәсіби қалыптасу динамикасы психикалық дамудың жалпы заңдылықтарына бағынады: сабақтастық, гетерохронизм, сана мен іс-әрекеттің бірлігі.

Жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуының тиімділігі келесі шарттарға байланысты: кәсіпті психологиялық тұрғыдан негізделген таңдау; мамандыққа қызығушылық пен бейімділікке ие оптанттарды кәсіби таңдау, олардың кәсіби бағытын қалыптастыру, оқу орнында кәсіби-білім беру процесінің мазмұны мен технологиясын дамытушылық сипатта беру; маман мен кәсіпқой өзара байланысты қызмет түрлерін жүйелі түрде игеру.

Кәсіби қалыптасудың бастапқы кезеңдерінде жеке тұлға мен өмірдің сыртқы жағдайлары арасындағы қайшылықтар өте маңызды. Кәсібилендіру және әсіресе кәсіби шеберлік кезеңдерінде тұлғашылық қатығыстарға, олардың кәсіби өсу деңгейіне қанағаттанбауға, одан әрі өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты субъектішілік сипаттағы қайшылықтар жетекші мәнге ие болады. Бұл қайшылықтарды шешу кәсіби қызметті жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін табуға, мамандықты, лауазымды, кейде кәсіпті өзгертуге әкеледі.

Кәсіби қалыптасудың бір кезеңінен екінші кезеңіне өту дағдарыстармен бірге жүреді. Олар психологиялық тұрғыдан негізделген болғандықтан, оларды нормативті деп атайық. Кәсіптік ниеттердің құлдырауы, кәсіптік білім беруді тоқтату, мәжбүрлі түрде жұмыстан шығару, қайта даярлау дағдарыстармен бірге жүреді (оларды балағат сөздер деп атайық). Сондай-ақ, кез-келген кәсіби қызмет жеке тұлғаны деформациялайды, Әлеуметтік және кәсіби жағымсыз қасиеттердің, мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуына әкеледі.

Жасөспірімдердің кәсіби қалыптасу ерекшеліктерін қарастырыңыз. Оқу жасөспірімдердің өмірінде үлкен орын алады. Мұндағы жағымды нәрсе-жасөспірімнің оны өз көзімен ересек ететін оқу іс-әрекеттеріне дайындығы. Мұндай дайындық ілімнің мотивтерінің бірі болуы мүмкін. Бұл жаста өмірлік перспективаны, болашақтағы орнын, кәсіби ниетін, идеалын білуге байланысты ілімнің жаңа мотивтері пайда болады.

Жасөспірім кезінде тиісті дағдылар мен дағдылар, жеке тұлғаның қажетті іскерлік қасиеттері дамиды. Шынында да, жоғары сынып оқушылары әртүрлі іс-

шараларға деген қызығушылықтың жоғарылауымен, өз қолдарымен бірдене жасауға деген ұмтылысымен, қызығушылығы мен болашақ мамандық туралы армандарымен ерекшеленеді. Тиісті мүдделер мектепте, үйде, мектептен тыс жұмыстарда пайда болады; олардың қайнар көзі мұғалімдер, ата-аналар, басқа да үлкен адамдар болуы мүмкін. Көбінесе бастапқы, кәсіби қызығушылықтар өздерінің ілімдері мен еңбектерінде пайда болады және бұл жасөспірім негізінен енгізілген қызмет түрлерінде қажетті іскерлік қасиеттерді дамытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Жоғары сыныптарда қызықты жұмыспен, тәуелсіз шығармашылық еңбекпен айналысуға мүмкіндік беретін білімді кеңейтуге байланысты ілімнің жаңа мотивтері пайда болады. Оқыту өзін-өзі тәрбиелеумен толықтырылып, тереңірек жеке мағынаға ие болады. Білім, білік және дағдылар осы жаста құндылық критерийіне, болашақ кәсіби өзін-өзі анықтауға қызығушылық танытуға негіз болады. Жасөспірім әр түрлі мамандықтарға қызығушылықпен қарай бастайды. Алдын ала таңдауды жүзеге асыра отырып, ол әр түрлі іс-әрекеттерді өзінің мүдделері мен бейімділігі, сондай-ақ әлеуметтік құндылық бағдарлары тұрғысынан бағалайды.

Бітіру сыныбында жасөспірімдер кәсіби өзін-өзі анықтауға назар аударады. Бұл өзін-өзі шектеуді, бала кез-келген, ең тартымды кәсіптің өкілі бола алатын жастық қиялдардан бас тартуды қамтиды. Жоғары сынып оқушысы әр түрлі мамандықтарды басшылыққа алуы керек, бұл оңай емес, өйткені мамандыққа деген көзқарас өз тәжірибесіне емес, басқа адамдардың тәжірибесіне негізделген - ата-аналардан, достардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан және т.б. алынған ақпарат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Иовайша А.А. «Проблемы профориентационной ориентации школьников», 2014 г.
- 2) Самоукина Н.В. «Активизация школьников профессиональным самоопределением», 2010 г.
- 3) Симоненко В.Д. «Профессиональная ориентация учащихся трудового обучения», М., 2016 г.
- 4) Павлютенко Е.М. «Формирование мотивов выбора профессии», Киев, 2010 г.
- 5) Агутов П.Р., Климов Е.А. «Проблемы психологического обеспечения молодежи к труду и выбору профессий» //Вопросы психологии, 2014, №1.

РАННЯЯ ПРОФИЛИЗАЦИЯ УЧАЩИХСЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКОМ ЛИЦЕЕ

К.Ш. Ибраева

КГУ «Физико-математический лицей»

отдела образования города Костаная

Управления образования акимата Костанайской области,

г. Костанай, Республика Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются основные направления работы по ранней профилизации детей младшего школьного возраста. Автор описывается опыт

взаимодействия с детьми начальных классов по созданию базы к профессиональному самоопределению ребенка. Профилизация с первых лет обучения открывает для детей новые возможности для комплексного развития, формируя у них важные навыки познавательной деятельности. В данной работе профилизация рассматривается как комплекс важных психолого-педагогических мероприятий, направленных на процесс социализации и профессиональной ориентации с младшего школьного возраста, расширяющая представления школьников о различных профессиях.

Ключевые слова: ранняя профилизация, начальные классы, предпрофильная подготовка, курсы внеурочной деятельности

Аннотация. Мақалада бастауыш мектеп жасындағы балаларды ерте профильдеу бойынша жұмыстың негізгі бағыттары қарастырылады. Автор бастауыш сынып балаларымен баланың кәсіби өзін-өзі анықтау базасын құру тәжірибесін сипаттайды. Оқытудың алғашқы жылдарынан бастап профильдеу балаларға танымдық іс-әрекеттің маңызды дағдыларын қалыптастыра отырып, кешенді дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл жұмыста профильдеу бастауыш мектеп жасынан бастап әлеуметтену және кәсіби бағдар беру процесіне бағытталған, оқушылардың әртүрлі кәсіптер туралы түсініктерін кеңейтетін маңызды психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешені ретінде қарастырылады. Бастауыш мектеп білім беру мекемесіндегі бірінші кезең болуы керек, онда балалар өз бетінше ойлауды және белгілі бір таңдауға жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Қазіргі жағдайда оқушыларды ерте даярлау әсіресе өзекті.

Тірек сөздер: ерте профильдеу, бастауыш сыныптар, бейін алдындағы дайындық, сабақтан тыс курстар.

В современном быстро меняющемся мире перед человеком, и цивилизованным обществом в целом, стоят сложные задачи. Появилась необходимость все более ответственного подхода при выборе профессии, ориентируясь на общественные тренды и спрос. Исходя из этого, профориентация сегодня стала важнейшей составляющей в учебно-воспитательном процессе.

В настоящее время в нашем лицее накоплен достаточно большой опыт форм и методов работы по профориентации старших школьников.

Несмотря на то, что младшим школьникам до выбора профессии весьма далеко, важно, чтобы именно на данном этапе начиналась подготовительная работа по профориентации. Ведь именно в начальных классах у ребенка можно выявить избирательное отношение к разным школьным предметам и обнаружить склонность к одному или нескольким из них. Таким образом, цель предпрофильной подготовки – это развитие внутренних психологических ресурсов ребенка, создание образовательной среды, насыщенной возможностями для выявления и реализации предпрофильных способностей, учащихся через развитие интереса к тому или иному предмету.

Уже на этой стадии создается определенная наглядная база, на которой и будет строиться дальнейшее развитие профессионального самосознания.

В силу своего возраста первоклассники мечтают стать артистами, фигуристами, космонавтами. Но, становясь старше, отказываются от своей мечты, боясь, что не смогут ее реализовать. Но доказательством того, что мечты сбываются, служит наглядный пример. В этом учебном году в лицее впервые прошла акция «Парта героя», где юным лицеистам рассказали о космонавте

Дмитрие Петелине, который родился в Костанае, учился в нашем лицее и сумел воплотить свою детскую мечту в реальность. Стоит отметить, что психологической особенностью младших школьников является подражание взрослым. И как результат - самоопределение учащихся на основе имеющихся познаний о видах труда и сравнения разных профессий. Поэтому ранняя профилизация в начальной школе важна и является стартовым этапом в профильном обучении.

Интеграция урочной и внеурочной деятельности учащихся в учебно-воспитательном процессе, а также сотрудничество со внешкольными организациями и взаимодействие с родителями позволяет эффективно вести работу по ранней профилизации.

Организация такой работы в начальной школе требует комплексного, системного подхода. В нашем лицее ведется опытно-экспериментальная работа «Ранняя профилизация учащихся начальных классов в области преподавания предметов естественно-математического направления». В связи с тем, что дети обучаются в лицее с физико-математическим уклоном, учителя больше внимания уделяют развитию логического, творческого, креативного мышления, поиска нестандартного решения поставленных задач. В данном случае, реализация ранней профилизации по предметам естественно-математического направления в начальных классах позволит создать условия для осуществления преемственности – основного принципа образовательного процесса, обеспечивающего повышение качества естественно – математического образования в целом.

Постоянной и целенаправленной работой по социализации личности и профориентации является учебный процесс. На всех уроках в начальной школе подчеркивается значимость и необходимость трудовой деятельности, воспитывается чувство ответственности за свою работу и свои решения. Одновременно с основной задачей решается и другая: дети, играючи, подводятся к одному из главных выборов в жизни – выбору профессии. Возможности казахстанских учебников начальной школы достаточно широки для работы в этом направлении. Например, на уроках математики встречаются текстовые задачи о профессиях, связанных со строительством. На уроках русского языка ведется тематическая словарная работа, на естествознании и познании мира дети открывают для себя мир интересных профессий. На уроке чтения изучаются разные произведения, в том числе и современные произведения казахстанских авторов о профессиях. На уроках трудового обучения, музыки, изобразительного искусства учащиеся могут на практике применить свои знания.

Элементом непрерывного профориентационного сопровождения младших школьников является также пропедевтика предпрофильной подготовки через внеурочную деятельность. Это позволяет учителю выявлять и учитывать индивидуальность каждого ребёнка, развивать креативность, навыки практической деятельности.

В начальных классах лицея успешно практикуется оптимизационная модель внеурочной деятельности, которая представляет учащимся возможность выбора различного спектра занятий, направленных на их развитие. Содержание

занятий формируется посредством различных форм организации, таких как спортивные секции, экскурсии, викторины, соревнования, конкурсы, акции и другие.

В рамках реализации инновационного проекта проводятся курсы внеурочной деятельности начального общего образования – это «Логика», «Школа грамотеев», «Основы геометрии», «Шахматы», «Робототехника». На этих курсах по выбору учащимся предоставляется возможность осознанно дифференцировать свои интересы и исследовать свои способности.

Учитель включает в уроки развивающие упражнения, в соответствии с рассматриваемой способностью и профессией. Например, спроектировать дом для сказочного персонажа, смоделировать одежду для куклы, расследовать несколько дел, вывести новое растение по заданным признакам, нарисовать транспорт будущего или даже проанализировать дорожно-транспортную ситуацию. Все они имеют игровой, занимательный, исследовательский характер.

Важно отметить, что особую роль в выборе школьниками профильных, а впоследствии и профессиональных предпочтений, играет и дополнительное образование. Большинство учащихся начальной школы нашего лицея, помимо школьных курсов и внеурочной деятельности, посещают художественную школу, детско-юношескую спортивную школу, музыкальную школу, Школу детского творчества, школу технического моделирования и другие.

Можно сделать вывод: в распоряжении учителя начальных классов имеется огромный арсенал педагогических подходов, методов взаимодействия, технологий, различных возможностей для того, чтобы ребенок уже на базовом этапе – начальной школе – знал и имел представления о профессиях и профориентации в целом.

Одна из акцентных форм работы с учащимися – это вовлечение в процесс обучения их родителей. Некоторые дети хотят идти по стопам родителей, им интересны профессии мам и пап. В будущем, это могут быть трудовые семейные династии. Но работу с родителями необходимо правильно и системно выстроить.

Немаловажной задачей ранней профориентации в начальной школе также является ориентация ученика на задания, которые побуждают его самостоятельно добывать знания, быть исследователем. Решению данной задачи способствует проектно-исследовательская деятельность младших школьников.

Ежегодно учащиеся начальных классов лицея представляют свои научно-исследовательские проекты на городской и областной научно-практической конференции, где занимают призовые места. Участие в проектной деятельности в лицее начинается с первых дней ребенка в школе. Таким образом, на протяжении четырех лет обучения у младших школьников накапливается довольно богатый запас сведений о профессиях.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что профориентация с начальных классов является важной и неотъемлемой частью работы в общем учебном процессе. Поскольку школа – одна из главных институтов социализации личности, интеграции ребенка в общество и профессиональное пространство, в том числе.

Исходя из всего вышесказанного можно сделать вывод, что система профильного обучения старшей ступени должна обязательно базироваться на результатах предпрофильной подготовки в основной школе, которая в свою очередь невозможна без опоры на предпрофильное воспитание в начальной школе.

Список использованных источников:

- 1) Алешина Н.В. Ознакомление школьников с окружающим миром и социальной действительностью. Начальная школа. – М, 2003.
- 2) Кожяхметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы, 1998.
- 3) Кузнецова Г.Н. Ранняя профориентация в дошкольном образовании: Сущностные характеристики // Современные проблемы науки и образования. – 2019. – № 2.
- 4) Панина С.В. Самоопределение и профессиональная ориентация учащихся: учеб. и практ. / С.В. Панина. - 3-е изд, перераб. и доп. -М.: Юрайт, 2017.
- 5) Профессии: изучаем и раскрываем // Серия «Окружающий мир» худ. Л. Ю. Тетерина и В. А. Аржевитин – М, 2011.
- 6) Пряхников Н.С. Школьная профориентация: мечты и реальность / Н.С.Пряхников // Школьный психолог. - 2003.- № 4.

БОЛАШАҚТА МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – ӨМІРІҢНІҢ БІР КІРПІШІН ДҰРЫС ҚАЛАУ

М.А. Ибраева

*ШЖҚ «Жоғарғы көлік және коммуникация колледжі» МКК,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту бөлімінің мақсаты атқарған жұмыстары қарастырылады.

Тірек сөздер: мамандық, түлектер, талапкерлер, жұмыспен қамту, мектеп. оқушы, мақсат, кәсіптік бағдар беру.

Аннотация. В данной статье рассматривается работа, сделанная отделом профориентации и занятости.

Ключевые слова: профессия, выпускники, абитуриенты, занятость, школа. школьник, цель, профориентация.

Бүгінгі таңда қоғамның басты талаптарының бірі әр азаматтың өмірде өз орнын тауып, қоғамдағы байлықты еселей түсуге үлесін қосуы және еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады. Еңбек тәрбиесінің басты мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен қаруландыру және мамандық таңдауға көмек беру болып табылады.

Мақсаттың өзара байланысты екі жағы бар, олар: маманның кәсіби дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету және жеке тұлғаның рухани дамуы.

Білім беру мақсаттары көпшілік жағдайда оның мазмұны мен құрылымын белгілейді, алайда онымен қатар мақсаттар талабына сәйкес мазмұнды

қалыптастыру және құрылымдау бойынша күрделі жұмысты талап етеді. Олай болмаған жағдайда, студенттің тұлғасын дамуға деген бағытты жариялап алып, тіпті кәсіби білім берудің жаңа сапалы мақсаттарын белгілесекте, біз оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талапқа сай мазмұнын қамтамасыз ете алмаймыз.

Мектептерге кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

Оқушыларды нарықта сұранысқа ие мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру.

Кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту.

Мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру.

Оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Өз кәсібін дұрыс таңдай білген оқушы оған әр уақытта шығармашылықпен, жауапкершілікпен, қабілеті мен бейімділігі белгілі бір кәсіп саласына сай қалыптасқанда ғана сапалы маман болатыны белгілі. Сол себепті, қазіргі таңда мектеп түлектеріне кәсіби бағыт-бағдар беру, кәсіби ақыл-кеңес беру мәселесіне аса назар аударғанымыз жөн. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе.

Заман талабына сәйкес кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес көптеген мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап. Қазіргі таңда кәсіби бағдар беру мәселесі бірінші кезекте тұр, сондықтан білім саласының қызметкерлері – кәсіби бағдар берушілер, оқытушылар арнайы кәсіби бағдар беру терминдерін білулері қажет.

Кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыру мен болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу мақсатында атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға үлкен мүмкіндік жасайды.

Қазақстанда кәсіптік білім беретін бірнеше оқу орындары бар, соның бірі білім нарығында 75 жыл сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан Жоғары көлік және коммуникация колледжі.

Колледжегі кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту бөлімінің жұмысын жандандыру үшін ағымдағы оқу жылында мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруге және колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізу қарастырылып, жүзеге асуда. Атап өтетін болсам, 2019 жылдың 6 қарашасынан бастап біздің колледжге Сарыарқа ауданының 12 мектебінен оқушылар келді. Экскурсия барысында колледж оқытушылары мамандықтар, тәжірибе және әлеуметтік серіктестер туралы айтып, колледждің материалдық-техникалық базасын және мұражайын көрсетті.

Мектеп оқушылары «Радиоэлектроника және байланыс», «Электрмен жабдықтау», «Темір жол жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және

техникалық қызмет көрсету» мамандықтары бойынша заманауи жабдықтармен жабдықталған зертханаларға, спорт және жаттығу залдарына, шеберханаларға барды. Мұражайда колледждің 75 жылдық тарихы, жетістіктері және колледждің бітіріп кеткен түлектері туралы баяндалды.

Кәсіби бағдар беру жұмысын екпінді жүргізу үшін оның ақпараттылығын қамтамасыз ету керек. Колледж мектеп түлектері мен ата-аналарға мамандықтар туралы ақпарат беру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлық мектеп-лицейлерге, Ақмола және Қостанай облыстары бойынша көптеген аудандарға хатпен қосымшалар (буклеттер колледж туралы видеороликтер, материалдық база туралы презентациялар, колледждегі мамандықтардың бағыттары бойынша видеороликтер) жіберілді.

Колледждің сайтына, сонымен қатар фейсбук, инстаграмм парақшаларына жанартылған мәліметтер үнемі салынып, оқырмандарды қызықтырған сұрақтарға уақытында толығымен жауап беріліп отырады.

Аталған білім ордасындағы кәсіптік бағдар және жұмыспен қамту бөлімінің негізгі мақсаты мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беру ғана емес, колледждің бітіруші түлектеріне дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, жұмысқа орналастыру болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күннен-күнге артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап.

Осыған орай, колледжде бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік серіктестеріміз: «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Қазақавтодор» РММ, «Транстелеком» АҚ, «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ, KEGOC АҚ, «АРЭК» АҚ-мен үнемі бітіруші түлектерімізбен кездесу ұйымдастырылып отырады. Атап айтатын болсақ, 2020 жылдың 4 ақпанында «Жолаушылар тасымалы» Акционерлік қоғамы «Экспресс» филиалының Нұр-Сұлтан телімі бойынша Сервистік қызмет көрсету бөлімі бастығының орынбасары Айдарбекова Керемет Шарипбайқызы және аға нұсқаушысы Мадина Женисбеков колледжде келіп, «Жастардың терең білімі – жарқын болашақтың кепілі» атты кездесу өткізді. Олар «Темір жол жылжымалы құрамдарын жөндеу және техникалық күту», «Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру», «Темір жол көлігіндегі тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» және «Темір жол құрылысы жол және жол шаруашылығы» мамандықтарының бітіруші түлектерімен кездесті.

К.Ш. Айдарбекова: «Болашақ жастар үшін бар мүмкіндік пен жағдайлар қарастырылған, әрі аянбай еңбек ету, білімді де білікті маман иелері болу өз қолдарында»- дей отырып, жоғарыда аталған филиалда 50 бос жұмыс орнының бар екенін тілге тиек етті. Бітіруші түлектерімізді жол серік ретінде жұмысқа қабылдауға дайын екендерін жеткізді. Болашақ мамандарға жұмыс беруші тарапынан қойылатын талаптармен және қызметтік нұсқаулықтармен таныстырды.

Түлектеріміз М. Женисбеков пен К. Ш. Айдарбековаға сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауап алды. Кездесуге келген қонақтар колледж студенттерінің бәсекеге қабілетті, темір жол саласында қызмет істейтініне, Қазақстанның экономикасының көтерілуіне өз үлестерін қосуға дайын болатынына сенім білдірді. Бұл сөз біздің түлектерімізге жұмысқа орналасуларына үлкен мотивация берді.

2020 жылға 12 ақпанда ҚР Ұлттық ұланының әскери институтының подполковнигі А.Б. Сабыров және 4-курс курсанты М.Д.Оразов және ҚР Шекара қызметінің ҰҚК-нан Д.А.Терентьев колледж түлектерімен кездесті.

Кездесудің мақсаты - колледжді бітіргеннен кейін түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету және түлектерді әскери бағыттардағы ЖОО-да білім алуға шақыру. Оқуға түсу үшін қандай құжаттар тапсыру керектігі туралы айтылып, сол қызметтің мақсаты мен талаптары талқыланды.

«Атамекен» жұмыспен қамту орталығымен де колледждің кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту орталығы тығыз байланыста.

2020 жылғы 12 ақпанда "Атамекен" жұмыспен қамту орталығының өкілдері 1410000 "Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы" және 1107000 "Көтергіш-көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтарын теміржол көлігінде техникалық пайдалану" мамандықтарының бітіруші түлектеріне арнайы кездесу ұйымдастырды.

Кездесу барысында Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары А.А.Есентемиров - Мобильді жұмыспен қамту орталықтары, ондағы бос жұмыс орындары туралы айтып өтті.

Сондай-ақ, ол бизнес-жоспар жасауға, бизнесті жүргізуде қаржыландыру және одан әрі көмек пен қолдау көрсететіндігі туралы айтты.

Менеджер-кеңесшілері бітіруші түлектерге сауалнама жүргізу арқылы түлектердің жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруы немесе жұмысқа орналасуы, әскер қатарына қабылданғысы келетіндері туралы жоспарлары мен ақпараттарын білді.

Менеджер-кеңесшілері тікелей кәсіпорында жүргізілетін қысқа мерзімді оқыту курстарына жазылуға болатынын түсіндірді. Мұндай оқыту ұзақтығы алты айға дейін созылады, шәкіртақы және одан әрі жұмысқа орналастыру қарастырылған.

Қорыта айтқанда, мектеп түлектерінің кәсіби біліктілігі мен бағдарларын қалыптастыру - оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал, оқушылардың жеке басының дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдарының ұғымы анықталады.

Сондықтан да:

Көк жүзіне алаулы,

Міндет емес ай болу.

Ең бастысы қалаулы,

Кәсібіңе сай болу!-демекпін,

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес.

Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, «Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген ұстанымды әрбір мектеп түлектері мен колледж студенттері жадынан шығармауы тиіс деп ойлаймын. Бүгінгі студент – ертеңгі маман еліміздің дамуына үлес қосатынын ұмытпағаны абзал.

Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Жолмұқан Түрікпенұлы. Кәсіптік бағдар. -Алматы: Санат, 2005-145 б.
- 2) Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім - тәрбиесінің ғылыми – педагогикалық негіздері. – Алматы, Рауан, 2000 – 120 б.
- 3) Әбілова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: РБК, 2001-283 б.
- 4) Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат – М.: 2000.

МЕКТЕПТЕГІ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ

С.Б. Ильяшова

«Сләмия Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақала оқушыларға қатысты кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қолдану қажеттілігін қарастырады, өйткені біз тұрақсыз, белгісіз, күрделі әлемде өмір сүріп жатырмыз. Адамға "кім болғысы келетіні", "қандай мамандық таңдағысы келетіні", "болашағыңды таңдауда қалай қателеспеу керек" туралы шешім қабылдау қиын, өйткені көп нәрсе кәсіби таңдауға байланысты. Кәсіптік бағдарлау қызметінің негізгі мақсаты талапкерлерді жеке қалауына негізделген және қоғам мен еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға дайындау болып табылады.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, мектеп, мамандық таңдау;

Аннотация. В статье рассматривается необходимость использования профориентационной работы в отношении учащихся, поскольку мы живем в нестабильном, неопределенном, сложном мире. Человеку сложно определиться с «кем он хочет стать», «какую профессию он хочет выбрать», «как не ошибиться в выборе будущего», ведь от профессионального выбора зависит многое. Основной целью профориентационной деятельности является подготовка абитуриентов к осознанному выбору будущей профессии, основанной на личных предпочтениях и удовлетворяющей запросы общества и рынка труда.

Ключевые слова: профориентация, школа, выбор профессии.

Кіріспе. Білім беру жүйесінде қайта құру процесі едәуір күшейуде-білім беру стандарттарының жұмысы жүзеге асырылады, мысалы, мамандықтар жиынтығы өзгеруде. Білім беру ұйымдарының түлектері өздерінің болашақ мамандықтары мен мансаптарын таңдауда белгісіздікке ұшырайтыны жиі байқалады. Әрбір екінші оқушы арнайы кеңес пен психологиялық көмекке мұқтаж. Осылайша, бүгінгі таңда проблема өте өзекті, өйткені оқушыларға қажет

болған жағдайда мамандық таңдауда психологиялық көмек пен қолдау көрсетілуі керек.

Негізгі бөлім. «Мамандық» термині белгілі бір дайындықты қажет ететін және өмір сүру көзі болып табылатын еңбек қызметінің түрін білдіреді.

Мамандық таңдау процесі көп өлшемшілікпен және жоспарлылықпен сипатталады. Дұрыс әрі салмақты таңдау жасау үшін мектеп түлегі үлкен және байыпты жұмыс істеуі керек:

1. Өзінің жеке ресурстарын талдау қажет (мүдделері, қабілеттері, жеке тұлғаның ерекшеліктері, дағдылары, бейімділіктері және т. б.);

2. Өзі таңдаған мамандықтың талаптарын білу және қабылдау;

3. Жеке физиологиялық және психологиялық ерекшеліктер мен мамандықтардың ерекшеліктерінің ықтимал сәйкессіздіктерін түсіну, ұнаған мамандықтағы өз мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін жақтарын түзету мүмкіндіктерін бағалау

Кәсіптік бағдар беру теориясында оқушылардың мамандық таңдауға дайындығының критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу С.И. Вершина, Е.А. Климова, Н.С. Пряжникова және т.б. зерттеулерінде жүзеге асырылды.

1. Білім алушылардың кәсіптер және сол бағытта білім алу жолдары туралы хабардар болуы

2. Жоғары сынып оқушыларының мамандыққа негізделген таңдау қажеттілігінің болуы

3. Оқушылардың еңбектің әлеуметтік маңыздылығын түсінуі

4. Оқушының өзін-өзі тануының даму дәрежесі

5. Оқушыларда негізделген кәсіби жоспардың болуы.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының басты мақсаты – білім алушылардың әлеуметтік-кәсіптік өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындығын қалыптастыру процесін белсендіру, жеке физикалық және психологиялық ерекшеліктеріне және жұмысшы кадрлар мен мамандардағы өңірдің еңбек нарығының сұраныстарына оңтайлы сәйкес келетін кәсіптік қызмет саласын таңдау.

Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы келесі міндеттерді шешуді қамтиды: ақпараттық-анықтамалық, диагностикалық, психологиялық қолдау және мамандық таңдауда қатысушының нақты шешім қабылдауы.

1. Ақпараттық-анықтамалық міндет профессиограммалар, бейнепрофессиограммалар, анықтамалық әдебиеттер, ақпараттық-іздеу жүйелері арқылы шешіледі.

2. Диагностикалық тапсырма оқушының өзін тануға бағытталған, оны психодиагностикалық әдістердің көмегімен шешуге болады. Мысалы: әңгімелер, тесттер, сұхбаттар.

3. Өзін-өзі анықтайтын оқушыны психологиялық қолдау міндеті іскерлік, рөлдік кәсіптік бағдар беру ойындарының көмегімен шешілуі мүмкін. Мысалы: квест.

4. Мамандық таңдау туралы нақты шешім қабылдау шешім қабылдаудың әртүрлі схемаларымен қамтамасыз етілуі мүмкін, мысалы, балама деңгей схемасы, таңдалған мамандықты нақтылау әдістемесі.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыруда Қарағанды облысы бойынша енгізілген «Психолог жұмысын автоматтандыру жүйесі» (АСППМ) көмегі зор. Жүйеде кәсіптік бағдарды анықтауға арналған бес түрлі тест енгізілген. Одан басқа облыстағы барлық колледждер туралы толық ақпараттар бар. Оқушы тесттен өтіп болған соң өзіне сәйкес келетін мамандықтар тізімімен танысады және сол мамандықтар бойынша қай оқу орнынан білім алуға болатынын көре алады. Колледжі сайтына кіріп толық ақпарат алып, қажет деп тапқан жағдайда онлайн түрде өтініш қалдыра алады.


Төменде психолог жұмысын автоматтандыру жүйесі бойынша атқарылған жұмыстың диаграммалық көрсеткіштері:

Статистика диагностики - сколько всего целевых учащихся

Всего в 10-х классах - 50 уч.

Всего в 9-х классах - 85 уч.

Всего в 11-х классах - 66 уч.



Қорытынды. Осылайша, ұсынылған ақпарат мектеп адамның кәсіптік бағдар беру іс-әрекетінің құрамдас бөлігі ғана екенін көрсетеді және жеке тұлғаның кәсіби бағытын қалыптастыруда субъективті ұстаным адамның өзін-өзі жасау процесі маңызды екенін ескермеуге болмайды. Н.А. Льюри атап өткендей, «Қазіргі білім берудегі барлық жарылыстар мен диссонанстарды тұлғаның өзі жеңуі қажет және қандай да бір бойында бар мүмкіндіктерін анықтап, жарыққа шығарып, іске асыруы керек».

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) Ананьева Е. Г. Выбор профессии. Энциклопедия для детей. Аванта. 3-е изд. СПб, 2014. – 564 с.
- 2) Коллективный автор. «Региональный подход к организации профессиональной ориентации молодежи», 2016. – 352 с.
- 3) Парнов Д. Кем быть? Секреты выбора профессии, 2014. – 71 с.
- 4) Романов Е. 99 популярных профессий. Психологический анализ и профессиограммы. 2-е изд. СПб.: Питер, 2008. – 464 с.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРЫ

Г.М. Калжанова

*«Жезқазған гуманитарлық колледжі» КМҚК, оқытушы
Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Мақалада білім алушылар арасында кәсіби бағдар беру мәселелері және осы қызметтегі ақпараттық технологияларды қолданудың жаңа формалары мен әдістері қарастырылған. Кәсіби бағдар беру мақсатты, жан-жақты кешенді іс-әрекет екендігі баяндала отырып, кәсіби бағдар берудің заманауи талаптары келтірілді.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдарлау, кәсіптік бағдарлау әдістері, кәсіптік бағдарлау талаптары

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы профориентации среди обучающихся и новые формы и методы применения информационных технологий в данной деятельности. Изложена цель и всесторонняя комплексная деятельность, а также приведены современные требования профориентации.

Ключевые слова: профориентация, методы профориентации, требования профориентации

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» мәселесі аталып көрсетілген.

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар:

- баланың өзіндік жалпы дамуы;
- жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету;

- болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау.

Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлап әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу.

Кәсіби бағдар беру жұмысының мақсаты - қала мектептерімен үздіксіз байланыста болу және оқушылардың еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету.

Кәсіби бағдар беру жұмысының міндеттері:

– лицейлермен, мектептермен, гимназиялармен өзара іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру.

– колледж мамандықтары бойынша оқушыларды контингентін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

– колледж талапкерлерін сапалы іріктеуде қабылдау комиссиясына көмек көрсету.

– колледж контингентін болжау.

– колледждің білім беру қызметінің деңгейі туралы ақпараттандыру.

– кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту.

– бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, баспа басылымдары, әлеуметтік желілер арқылы) қабылдауды және мамандықтар мен жалпы колледжді көпшілікке танымал етуді ақпараттық қамтамасыз ету бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Кәсіби бағдар беру жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жұмыс атқарады:

– кәсіби бағдар беру жұмысы ұйымдастыру;

– талапкерлерді колледжге оқуға түсуге тарту, әр мамандық, кәсіп бойынша белгілі бір акцентпен колледжге түсуші талапкерлердің кәсіби бағдарын жүзеге асыру;

– талапкерлерге дұрыс кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету;

– білім алушыларды кәсіптік бағдар беру жұмысына тарту, еріктілер қозғалысын ұйымдастыру.

Негізгі бөлім. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Бұл жүйенің негізгі объектісі бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейінгі оқушылардың тұлғасы болып табылады. Кәсіптік бағдар бұл – бір – бірімен тығыз әрекеттесетін қоғамдық және жеке тұлғалық жоспарда жүзеге асатын күрделі динамикалық жүйе. Оқушыда 14 – 18 жас өзін – өзі анықтау жасы. Кім болам? Қандай болу керек? Мен не нәрсеге қабілеттімін? Мен қай жерге керекпін?

Міне жоғары сынып оқушыларының алдында осы сұрақ тұрады. Қызықтыратын мыңдаған мамандық бар – олар қандай? Еңбектің түрі адамнан

түрлі қасиеттерді талап етеді. Бір жағдай адамнан қарым – қатынас, басқалардан бағынуды талап етсе, басқа кезде қозғалыстың мәдениетін, зейіннің өткірлігін талап етеді. Сүйікті мамандыққа сай қасиеттерді меңгермесе не істеу керек? Осындай көптеген сұрақтар жоғары сынып оқушысына көп ойлануды қажет етеді.

Қазіргі кезде мектептерде жоғарғы оқу орнына түсу үшін үгіт-насихат жүріп отыр. Осы арқылы оқушы өзі қалаған мамандықты таңдауға мүмкіндігі бар және қалаған мамандық туралы мәлімет жинап алуға болады.

Мектеп оқушыларына осындай бағыт – бағдар мектеп қабырғасында екі кезеңде іске асыруы қажет: біріншісі 5 – 9 сыныптарда кәсіпке бағдарлау болса, екіншісі 10 – 11 сыныпта кәсіпке оқыту болмақ. Әрбір пән мұғалімі өзі оқытатын пәннің бағдарламасы, оқулығы талаптарына сай білім мен тәрбие береді. Оқушының өзі қалаған пәндері бойынша оқытуды күшейтеді.

Мамандық туралы жеткіліксіз білу - мамандық таңдауда кездей соқтыққа әкеліп соқтырады.

Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі талаптары төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрамды бөліктеріне (компоненттерге), кәсіптік ақпарат, кәсіптік ағарту жұмысы, кәсіптік ақыл-кеңес және кәсіптік іріктеу (профотбор), кәсіптік бейімделу жатады.

Кәсіптік ақпарат — орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады. Мамандық бойынша адамға қойылатын талаптармен таныстырылады. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер беріледі. Кәсіптік ақпараттың өте көп тараған түрлерінің бірі — өндіріске саяхат жасау, әр түрлі мамандық иелерімен кездесу және кештер өткізу, жоғары сынып оқушылары мен өндіріс ұжымдары және кәсіптік-техникалық мектептердің оқушыларымен біріккен конференциялар, кәсіптік бағдар беру бойынша ашық есік күнін ұйымдастыру т.б. болып табылады.

Қорытынды. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінің басым көпшілігі әлеуметтік желіні пайдалану арқылы жастарды колледж жайлы толыққанды ақпараттарға назарын аудартып, кәсіптік бағыттағы қызығушылықты арттырады. Жеке паракшаның болуы жылдам колледждің күнделікті тыныс тіршілігі бойынша ақпарат беруге, әріптестерімен тәжірибе алмасуға, кері байланыс беруге және жарнамалық акцияларды жүргізуге мүмкіндік береді. Оқу орнының zgk.myscollege.kz жеке сайтында қабылдау ережелері, жалпы

мамандықтары жайлы ақпараттар, кәсіби бағдар алу бойынша психологиялық тесттер, қосымша білім беру қызметтері және т.б. толық ақпаратты алады. Жарнамалық материалдар, (буклеттер, электронды тұсаукесерлер, бейнелер) колледж туралы ақпараты бар бейне-роликтер және тренинг бағыттары қазіргі уақытта жастар ортасында танымал әлеуметтік желілерде орналастырылған.

Оқу үдерісіндегі кәсіптік бағдарлау кезінде әртүрлі психологиялық тестілерге дайын бағдарламалық өнімдерді пайдалануға болады, мысалы: қызығушылық картасы (кәсіптік бағдарлау); және ұйымдастырушық қабілеттерін сынау тесті және тағы басқалар. Дұрыс таңдалған мамандық еңбек үдерісіне және оның нәтижелеріне қанағаттанушылықты арттырады, шығармашылық қабілеттердің барынша көрінуіне, эмоционалды көңіл-күйді жақсартуға, олардың өмірлік жоспарларын толығымен іске асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, перспективалық мамандықты таңдау сияқты жеке даму саласындағы ақпараттық технологияларды енгізу кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігін айтарлықтай жақсартуға көмектеседі.

Қала мектептерімен үздіксіз байланыста болу және оқушылардың еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз етеді.

Кәсіби бағдар беру жұмыстарының нәтижесі:

- кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестік дамиды;
- лицейлермен, мектептермен, гимназиялармен өзара ынтымақтастық орнайды;
- колледж мамандықтары бойынша оқушылар контингентін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;
- колледж контингентін болжау мүмкіндігі болады;
- колледждің білім беру қызметінің деңгейі туралы ақпараттанады;
- мектеп оқушылары мамандық таңдаудан қателеспейді;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, баспа басылымдары, әлеуметтік желілер арқылы) қабылдауды және мамандықтар мен жалпы колледжді көпшілікке танымал етуді ақпараттық қамтамасыз етеді;
- колледж талапкерлерін сапалы іріктеуде қабылдау комиссиясына көмек көрсетіледі.

Ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-парасты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. – М.: Знание, 198
- 2) <http://proekt-pro.ru/project/company/news/737>
<http://www.profguide.ru/test/category/proforient/>

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ

Ш.М. Калиханова

директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары
«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ
Ұлытау облысы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта білім берудің өзекті мәселелерінің бірі оқушыларға мектеп қабырғасында кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары қарастырылады. Мектеп қабырғасында жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігі мен негізгі мектептің кәсіби бағдар берудегі жүргізілетін жұмыстар түрлері көрсетілген. Кәсіптік бағдар берудегі тиімді әдіс-тәсілдер түрлеріне мысалдар келтіріледі. Мақалада автор кәсіптік бағдар беру жұмыстарының бағыттарын көрсете отырып осы бағыттардың жұмыс барысында тиімділігін қарастырған. Кәсіптік бағдар беруде оқушалырмен, ата-аналар мен жұмыстар жүргізу, жүргізілетін жұмыстарда мектеп әкімшілігі, ұстаздары, сынып жетекшілері, кітапхана қызметкерлері, педагог-психолог жұмыстары айтылады. Жалпы осы мақалада автор өз тәжірибесін көрсете отырып оңтайлы жақтары ұсынылған.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, диагностика жүргізу, мониторинг, профайл, түлектер профайлы.

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные направления профориентационной работы учащихся в стенах школы, одна из актуальных проблем образования в настоящее время. Отражена эффективность проводимой профориентационной работы в стенах школы и виды проводимой работы по профориентации основной школы. Приводятся примеры видов эффективных методов и приемов профориентации. В статье автор рассмотрел эффективность этих направлений в работе с указанием направлений профориентационной работы. В профориентации речь идет о работе с учащимися, родителями, педагогами, классными руководителями, библиотекарями, педагогами-психологами. В целом в данной статье автором представлены оптимальные стороны, отражающие его опыт.

Ключевые слова: профориентация, проведение диагностики, мониторинг, профайл, профайл выпускников.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» мәселесі аталып көрсетілген.

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу ең көкейтесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді.

Психологический аспект состоит в изучении структуры личности, формировании профессиональной направленности (способность к осознанному выбору).

Педагогический аспект связан с формированием общественно значимых мотивов выбора профессии и профессиональных интересов.

Медико-физиологический аспект выдвигает такие основные задачи как разработка критериев профессионального отбора в соответствии с состоянием здоровья, а также требований, которые предъявляет профессия к личности кандидата.

В связи с этим огромное внимание необходимо уделять проведению целенаправленной профориентационной работы на всех ступенях образования, начиная с дошкольного образования и заканчивая выпускниками школ.

С учётом психологических и возрастных особенностей школьников работа в школе по профориентации строится по следующим этапам: 1-4 классы; 5-7 классы; 8-9 классы; 10-11 классы. На каждом этапе предусмотрено решение определённых целей и задач.

1-4 классы: формирование у младших школьников ценностного отношения к труду, понимание его роли в жизни человека и в обществе; развитие интереса к учебно-познавательной деятельности, основанной на активной практической включённости в различные ее виды, в том числе социальную, трудовую, игровую, исследовательскую.

5-7 классы: формирование интереса к выбору профессии, а также развитие профессионального самосознания учащихся. Задачами профориентационной работы с учащимися средних классов являются формирование информационной основы выбора профессии, формирование установки на самооценку своих возможностей, представлений о самом себе, о своих знаниях, умениях, физических и психологических качествах и свойствах.

8-9 классы: формирование готовности обучающихся к осознанному выбору профиля обучения в старшей школе и дальнейшей формы обучения; оказание обучающимся психологической, педагогической и информационной поддержки в принятии решений о выборе направления обучения в 10 классе, пути дальнейшего образования и профессиональном выборе. Важная роль на этапе профориентационной работы, особенно в 9-х классах, отводится социальному педагогу и психологу школы, которые оказывают педагогическую поддержку детям группы риска в процессе их профессионального и жизненного самоопределения и учащимся, которые сомневаются в выборе дальнейшей формы обучения.

10-11 классы: формирование готовности обучающихся к осознанному выбору профессии и путей получения дальнейшего образования; оказание обучающимся психологической, педагогической и информационной поддержки в принятии решений о выборе профессии, пути получения дальнейшего образования в избираемой сфере деятельности. Внутренними факторами,

препятствующими достижению положительных результатов, являлось, в основном, использование словесных методов в профориентационной работе. Тут отводится огромная роль учителю-предметнику: очень важно с самого начала заинтересовать ребенка предметом, постепенно привести в мир науки через мотивацию, привлечение к участию в олимпиадах, различных конкурсах, созданию научных и творческих работ. И уже к 9-му классу данная категория учащихся определяется с выбором профессии, и мы имеем резерв учащихся, способных результативно выступать в различных этапах олимпиады и конкурсах. К концу обучения в школе ребята успешно поступают в учебные заведения по специальности с выбранным профильным предметом.

Ожидаемым итогом всей системы профориентационной работы школы должна являться качественная сдача обучающимися итоговой аттестации и выбор профессии с учетом трех составляющих: «Хочу», «Могу», «Надо».

Список использованных источников:

- 1) Митина Л.М. Психологическое сопровождение выбора профессии. Москва, 2013.
- 2) Павлова Т.А. Профессиональная ориентация старшеклассников. Москва, 2005.
- 3) Ретивых Е.М. Культура профессионального самоопределения. – Брянск, 1999.

ОҚУШЫЛАРДЫ ХИМИЯ ПӘНІНЕН БЕЙІНАЛДЫ ДАЯРЛАУ

А.А. Оспанова, Г.Б. Аубакирова

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.,
Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Оқушыларды негізгі және жалпы білім беру деңгейінде химия пәні бойынша бейіналды даярлау мәселелері қарастырылған. Осындай даярлықтың негізінде элективті курстардың бағдарламалары, оқушылардың білімін бекітетін тапсырмалар, кәсіби құзыреттілігін арттыратын шаралар зерттелді. Сонымен қатар, бейіндік және бейіналды даярлау оқыту тұжырымдамаларының артықшылықтары сараланды. Мектепте өткен тәжірибенің нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың химия пәніне деген қызығушылықтары анықталды. Жалпы, оқушыларды химиядан бейіналды даярлаудың әрбір кезеңі сәйкес формалармен, әдіс-тәсілдермен және мазмұнымен сүйемелденді.

Түйін сөздер: бейін, бейіналды даярлық, элективті курс, факультативтік сабақ, тәжірибелік жұмыс, кәсіптік бағдар беру, пәнаралық байланыс, саралап оқыту.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы предпрофильной подготовки учащихся на базе основного и общего образования. На основе профильного обучения изучаются программы элективных курсов, даются задания, закрепляющие знания учеников, проводятся мероприятия по повышению их профессиональной подготовки. Кроме того, в исследовательской работе содержатся толкование понятий профильного и предпрофильного обучения. Результаты проведенных работ демонстрируют повышение интереса у учащихся к изучению химии. Таким образом, каждый этап предпрофильной подготовки учащихся по химии сопровождается соответствующими формами, методами и содержанием профориентационной работы.

Ключевые слова: профиль, предпрофильная подготовка, элективный курс, факультативное занятие, практическая работа, профориентация, межпредметные связи, дифференцированное обучение.

Кіріспе. Қазіргі таңда, мектептерде бейіндік оқыту тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Бейіндік деңгейдегі химия, химия-биологиялық, химия-математикалық және физика- химиялық профильдер кластарында оқытылады. Химия эксперименттік ғылым болғандықтан, бағдарламаларда практикалық және зертханалық жұмыстарға көбірек уақыт бөлінуі, демонстрациялық эксперименттің қарқынды және жан-жақты болуы күтілді. Дегенмен, бейіндік сабақтарға арналған бағдарламаларда оқушыларға практикалық жұмыс үшін аз уақыт беріледі. Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдер «жанды» демонстрациялық экспериментті бейне көрсетіліммен көбірек ауыстырады [1, 2].

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: 7-10 сынып оқушыларымен бейіналды даярлау және кәсіптік білім беру бағдарламалары жұмыстарын атқара отырып, оларды химия, химия-биологиялық, химия-математикалық немесе физика-химиялық профильдерді таңдауға ынталандыру.

Міндеттері:


1. Бейіндік білім беру түсінігін зерттеу.
2. Оқушылардың химия пәніне кәсіби бағдарлануын жүзеге асыру.
3. Бейорганикалық химиядан химиялық экспериментті ұйымдастыру мақсатында оқушылардың танымдық және практикалық белсенділігін арттыру.
4. Мектеп бағдарламасынан бөлек, 9-10 сыныптарға арналған элективті курстарды даярлау.

9-10 сынып оқушыларға өз профилін саналы түрде таңдау, әлі күнге дейін қиынға соғады. Осындай мәселені шешу үшін оқушылардың қабілеттерін ашуға, болашақ мамандықты таңдауға саналы түрде келуге мүмкіндік беретін элективті курстарды, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын енгізуді ұсынып отырмын. Ғылыми жаңалық ретінде, оқушылардың химияға деген қызығушылықтары мен бейімділіктеріне эксперименттер мен бейіналды даярлау жұмыстарының әсері анықталды. Элективті курс бағдарламалары жасалды [3].

Негізгі бөлім. Мектептердің бейіналды және бейіндік оқытуға көшуіне байланысты, оқушыларға ерте кәсіптік бағдар берудің рөлі айтарлықтай артып келеді. Бұл оқу бейінін дұрыс таңдау үшін де, оқуға күшті ішкі мотивация жасау үшін де қажет. Оқушылардың бейіналды даярлығы, олардың химияға деген қызығушылығын дамытуға, сәйкес бейінді таңдау туралы шешім қабылдау үшін осы оқу пәні бойынша білімін тереңдету және кеңейтуге ұмтылысын оятуға, болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі [4].


Мамандық таңдау, бұл күрделі, әрі тағдырлы мәселе. Шын мәнінде, жоғары сыныптың оқушылары бейіндік пәндері бойынша шешім қабылдаса да, әлі де толық сенімді болмайды. Сондықтан да, орта буын кезінде әр баланың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде оқушыларға дұрыс және сауатты кәсіптік бағдар берудің маңызы бар.

Зерттеу жұмысымыз, төмендегі суретке негізделіп зерттелді (1 сурет). Мұнда кәсіптік бағдар берудің түрлі формалары көрсетілген.



1 сурет – Кәсіптік бағдар берудің формалары

Басқа мамандықтармен байланысты химия есептерін оқушыларға ұсынуға болады. Бұл оларды кәсіби бағдарлап қана қоймай, жан-жақты ізденушілігі мен шығармашылығын кеңейтеді [5]. Тәрбие жұмысындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстарының түрлерін келесі суреттен байқаймыз (2 сурет).



2 сурет – Тәрбие жұмысы негізінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарының түрлері

Атқарылған іс-әрекеттер:

1. «Қандай мамандық түрін ұнатасыз?», «Химия пәнінен оқу үлгерімін қалай жақсартуға болады?» сауалнамалары;
2. Қосымша ретінде «Катиондарға сапалық реакция» зертханалық тәжірибе жұмысы;
3. «Химия – өзге әлем, өзге туынды» апталығы.

Оқу процесінде оқушылардың химияға деген қызығушылығын арттыруға тырыстық. Мұндай кәсіптік бағдар беру формасының жұмыстары төмендегі суретте көрсетілген (3 сурет).



3 сурет – Оқу процесіндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстары

Кәсіптік бағдар беруге байланысты тәрбие жұмысында, оқушылардан сауалнама №1 және сауалнама №2 алынды. Мұның оларға пайдасы тиді деген ойдамыз. Себебі, болашақ мамандықты таңдау, ол оңай нәрсе емес. Өзім оқушы болғанда, қандай мамандық түрін таңдасам екен, болашақта өз жолымды дұрыс таңдап, қателеспесем екен деп ойлағанмын. Бірақ, менің әрдайым химия және

биология пәндеріне қызығушылығым мол болды. Қазіргі күні химия мұғаліміне оқығаныма өкінбеймін, бұл мені күн өткен сайын қызықтырып келеді. Өзімнің қызығушылығым мол болғандықтан, оқушыларды да тәжірибе кезінде химия пәніне тарттым.

Оқушылар стикерлерге «Химия несімен қызық?» деген сұраққа жауаптарын жазды. Стикерлерге жазылған пікірлер: «Маған химия әртүрлі эксперименттермен, химиялық реакциялармен қызықты; химия практикалық жұмыстармен қызық; ерекше пән, теория, есеп шығару, реакция теңдеулерін теңестіру ұнайды; химиялық эксперименттер жиі болса, қызық болар еді; бір заттың екінші затқа айналуы, түсті реакциялармен қызық». «Химия қызық емес» деген пікірлер де болды. Мұндай пікірлерді болдырмас үшін, оқушылармен көптеп практикалық жұмыстарды, әсіресе, эксперименттік жұмыстарды жүргізуге тырысу керек. Оқушылардың сауалнамаға жауаптары мен стикерлерге жазған пікірлерін төмендегі суреттен байқаймыз (4 сурет).

The image shows two survey forms titled "Сауалнама" (Survey). The left form is for Kamila Bekshenova (Аты-жөні: Бекшенова Камила) and the right form is for Marzhan Sadvakasova (Аты-жөні: Садвакасова Маржан). Both forms contain 8 questions about chemistry interest and career aspirations. The answers are handwritten in blue ink. There are also pink and yellow sticky notes attached to the forms, providing additional feedback or comments.

Left Form (Kamila Bekshenova):

- Қандай мамандық сізге әзір қызықтырады? *Химия*
- Бұл мамандықты бақылау аяқталғаннан кейін, сіз қандай жұмыс істейсіз? *Химиялық реакциялармен жұмыс істеймін, химиялық эксперименттер жүргіземін.*
- Сіздің таңдаған мамандығыңыз бойынша жұмыс істей аласыз ба? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Бұл мамандықты қандай қасиеттері қызықты? *Эксперимент жүргізу және химиялық реакциялар.*
- Бұл мамандықты алған кезде қандай қиындықтарға кезігесіз деп ойлайсыз? *Жоқ, ештеңе жоқ.*
- Бұл мамандықты мектепте үйреніңіз бе? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Алғашқы кезде мамандық таңдауыңызға неміс берді? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Осы мамандықты таңдауыңызға толық сенімдісіз бе? *Иә.*

Right Form (Marzhan Sadvakasova):

- Қандай мамандық сізге әзір қызықтырады? *Химия*
- Бұл мамандықты бақылау аяқталғаннан кейін, сіз қандай жұмыс істейсіз? *Химиялық реакциялармен жұмыс істеймін, химиялық эксперименттер жүргіземін.*
- Сіздің таңдаған мамандығыңыз бойынша жұмыс істей аласыз ба? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Бұл мамандықты қандай қасиеттері қызықты? *Эксперимент жүргізу және химиялық реакциялар.*
- Бұл мамандықты алған кезде қандай қиындықтарға кезігесіз деп ойлайсыз? *Жоқ, ештеңе жоқ.*
- Бұл мамандықты мектепте үйреніңіз бе? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Алғашқы кезде мамандық таңдауыңызға неміс берді? *Иә, бірақ оған білім қажет.*
- Осы мамандықты таңдауыңызға толық сенімдісіз бе? *Иә.*

4 сурет – Сауалнама №1 нәтижелері

Сауалнама №1 нәтижесі бойынша, тек екі оқушының химияға деген қызығушылығы бар. Бекшенова Камила және Садвакасова Маржан химия-биология пәндерін таңдап, болашақта медицина саласында жұмыс жасағылары келеді. Ал қалған 90%-ы көбінесе математика, физика, география, биология пәндерін таңдаған. Себебі, олар IT-маман, программист, әскери, әуе қорғаныс қызметшісі, архитектор, дипломат және мұғалім (география, биология және т.б. бірақ химия емес) мамандықтарын таңдап отыр. Сауалнама №2 бойынша оқушылар «Химия пәнінен оқу үлгерімін қалай жақсартуға болады?» төңірегінде қысқаша сұрақтарға жауаптарын білдірді (5 сурет).



5 сурет – Сауалнама №2 нәтижелері

Тәжірибелік жұмыстар өткізілді.

Тақырыбы: «Катиондарға сапалық реакция».

Оқу мақсаттары:

10.2.1.14 – калий, натрий, кальций иондарының сапалық реакциясын зерттеу (жалынды бояуы);

10.2.1.17 – Cu^{2+} , Zn^{2+} , Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cr^{3+} иондарын тани білу.

Оқушыларды химия пәнінен кәсіби бағдарлау үшін «Химия – өзге әлем, өзге туынды» атты апталығын ұйымдастырдық. Бұл апталықта 9-10 сыныптарға химия пәнінен өткен тақырыптар бойынша шығармашылық-өнерлік тапсырмалар бердік.

7-8 сыныптармен кәсіптік бағдар беруге байланысты көптеген қызықты шаралар ұйымдастыруға болады. Бұл әлі бейінді сынып болмағандықтан, оларға мамандықтар бойынша жалпылама шолу жасап кетуге болады. Мысалы, тәрбие сағаты, конкурстар, химиялық кештер, жарыстар және т.б. Тәрбие сағатында жұмбақтар, ойындар, әңгімелер, сонымен қатар ата-аналардың қатысында да кеш ұйымдастыруға болады. «Шығармашылық және талант», «Есейгенде өзімді қалай көремін», «Отбасымның мамандықтары» деген конкурстар мен тақырыптық сынып сағаттарын өткізу, оқушылардың болашақтарына өте пайдалы болады.



6 сурет – 9 сыныптардың жұмыстары

Оқушылар тақырыпты өз еріктері бойынша таңдады. Біреулері галогендерді сипаттаса, екіншілері бейорганикалық немесе органикалық заттардың атомдық модельдерін жасады (6 сурет).

10 «Ә» сынып оқушысы Садвакасова Маржан «Көмірқышқыл газымен майшамды сөндіру» экспериментін үйінде өткізіп, оны бізге мектепте көрсетті. Тәжірибеге қажетті құрал-жабдықтарды үйінен алып келді: майшам, стақан ас содасы, сірке қышқылы және сіріңке. Ол тәжірибе барысын бізге түсіндіріп, қорытындылады.

Оқушылармен химиядан бейіналды жұмыстарын бастамас бұрын, олардың химияға пәніне деген қызығушылығын арттырып алып, қосымша кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіп, жоғарыда атап өтілгендей белсенді іс-әрекеттерді іске асырып отыру қажет. Содан кейін ғана олар бар ынтасымен химия пәнін таңдауға талпынады. Осы сәтте бейіналды даярлау жұмыстарын бірге ұштастыра білу керек. Егер бейіналды даярлау мұғалімнің жоспарымен дұрыс іске аспай жатса, онда бейіндік даярлауда ондай көп мотивация болмайды.

Бейіндік дайындық үшін курстарды (элективті, факультативті) енгізген маңызды. Мұғалім химия пәнінен бейіндік элективті курстың бағдарламасын әзірлеуге кірісе отырып, келесі сұрақтарға жауап беруі пайдалы.

– Химиядан бейіндік оқытудың міндеттерін қандай мазмұндық материал және жұмыс формалары арқылы барынша толық жүзеге асыруға болады?

– Бейіндік даярлау курсының мазмұны негізгі мектептің химия курсының мазмұнынан сапалық жағынан қалай ерекшеленеді?

– Бұл курсқа қандай оқу материалдары беріледі? (оқулықтар, проблемалық әдебиеттер, химиядан қызықты әдебиеттер, дидактикалық материалдар және т.б.)

– Осы факультатив курсының мазмұнымен жұмыс істеу барысында жаратылыстану-ғылыми пәндер сабағында химияны оқытудың ерекшелігіне бағыт-бағдар беретін іс-әрекеттің қандай түрлері болуы мүмкін?

– Оқушының элективті курсты меңгерудегі дербестігінің үлесі қандай?

– Мұғалім мен оқушыға қандай критерийлер бейіндік элективті курсты оқуда, оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді?

– Мұндай курс оқушы үшін қалай аяқталуы мүмкін? Есеп берудің формасы қандай?

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, мұғалім іс жүзінде химиядан бейіндік даярлауға дейін элективті курстың бағдарламасын жасауға дайындалады. Мұндай бағдарлама титулдық бетті, түсіндірмен жазбаны, оқытылатын курстың мазмұнын, оқу-тақырыптық жоспарлауды және бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз етуді қамтуы керек.

Таңдау курстарының бағдарламасын жасаудың келесі алгоритмін анықтауға болады:

1) элективті курстың міндеттерін анықтау керек;

2) таңдау курсына дейінгі қалыптасқан білім мен дағдыны анықтау;

3) бейіналды элективті курстың мазмұнын әзірлеп, қолданатын оқу материалын топтастыру қажет;

4) бағдарлама мазмұнындағы тақырыптар мен бөлімдерді жинақтау;

5) іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қолайлы әдіс-тәсілдерді анықтау;

6) курс кезіндегі материалды меңгерудің қысқа тақырыптық жоспарын құру керек.

Зерттеу нәтижелері: аталып өткен №1 және №2 сауалнамалар, практикалық жұмысымның бастапқы кезеңінде алынған еді. 1 диаграммадағы көрсеткіш бойынша оқушылардың 62 %-ында химияға деген қызығушылығы орташа, 10 %-ында жоғары, ал 28 %-ында төмен. Тек 2 оқушы ғана белсенділігін жақсы танытады. Осыған негізделе отырып, 10 сынып оқушыларының химия пәніне деген қызығушылықтарының төмен екенін байқаймыз. Сондықтан, химияға деген ынталарын дамыту үшін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырдық.



1 диаграмма – Оқушылардың «Химия» пәніне қызығушылықтары

Химия пәніне деген қызығушылығы орташа оқушылар, «Химияны оқытуда нені өзгертер едіңіз?» деген сұраққа осылай жауап береді:

- тұрақты қатысу;
- көбірек практика;
- кейбір тақырыпты қайта өту;
- практикалық жұмысты көбейту;
- эксперименттерді жиі жасау және т.б.

Оқушылардың химия мамандықтарына кәсіби бағдарлануы» атты сынып сағатында сауалнамамен қатар, ребустар, сұрақ-жауаптар ұйымдастырылып, буклеттер тараттым. Мұндағы басты мақсатымыз: оларды химия бойынша білім беру бағдарламаларына қызықтыру болды. «Мамандығым – менің мақтанышым!» атты өзім туралы бейнебаян көрсетілді.

Жоғарыда аталып өткен сауалнамалардың, практикалық және зертханалық жұмыстардың пайдасы тиді. Осындай қызықты жұмыстардың нәтижесінде, оқушылардың химияға ынтасы арта түсті. Сол себепті, олардан қайта сауалнама алдым. Сол сауалнаманың нәтижесін 2 диаграммада байқаймыз.



2 диаграмма – Оқушылардың «Химия» пәніне қызығушылықтары

1 және 2 диаграммадағы көрсеткіштерді салыстыра отырып, эксперименттік жұмыстардың қызығушылықты дамытқанын, мүлдем қызықпаған оқушыларда белсенділіктің артқаны дәлелденді. Оқушылардың химия пәніне ынталарын арттыратын басқа да белсенді іс-әрекеттер бар.

Өз зерттеу жұмысымда, оқушыларды химия пәнінен даярлаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға тырыстық. Мұны әрдайым практикада қолдану, оң нәтижені көрсетеді деп ойлаймыз. Теориялық концепцияның негізгі ережелеріне сүйене отырып, таңдау курсының мазмұны 9 сынып жағдайында, шын мәнінде жүзеге асады. Эксперимент жүзінде дәлелденгендей, оқушылардың жаратылыстану бейіні бойынша сәтті дайындалуына әкеледі. Элективті курс және кәсіптік бағдар беру аясында, оқушыларды химиядан бейіналды даярлаудың тиімділігі дәлелденді. Бұл химияны оқуға деген ішкі мотивацияның, эмоционалдық жағдайдың, бейінді және бейіналды даярлық кезіндегі химиялық білімнің жоғарылауымен ерекшеленеді.

Қорытынды. Осылайша, зерттеудегі гипотезамыз жүргізілген алуан түрлі бейіналды даярлау жұмыстарының негізінде біртіндеп расталды. 10 сынып оқушыларына зертханалық жұмыс көрсете отырып, оқушыларының танымдық қызығушылықтары оқытылатын материалдың практикалық маңыздылығы арқылы ашылып, қалыптасатыны анықталды. 7 сыныптан бастап-ақ, оқушыларға химиялық білімді әртүрлі практикалық тапсырмалар, эксперименттер, көрсетілімдер және қосымша тапсырмалармен сауатты түрде жеткізу керек. Оқушыларды кәсіптік бағдарлайтын іс-әрекеттер (сауалнамалар, сынып сағаты, химия апталығы) жүзеге асырылды. Бұл шын мәнінде, оқушылардың химияға деген қызығушылығын арттырғанын дәлелдеді. Химия пәнінің қолданбалы, теориялық және эксперименттік аспектілерін қамтитын 9 және 10 сынып оқушыларына бейіналды даярлыққа арналған пәндік элективті курстың бағдарламалары әзірленді. Бейіналды кезеңдегі таңдау курстары, оқушыларға оқу бейінін саналы түрде таңдауына ықпал ететіні дәлелденді.

Қолданылған деректер тізімі:

1) Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптар) «Химия» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 8 б.

2) ПАК М.С. Теория и методика обучения химии. Учебник для вузов. – М.: Феникс, 2018. – 115 б.

3) Шабанова И.А. Элективные курсы по химии часть 1. 2010. – 6-9 б.

4) Шабанова И.А. Элективные курсы по химии часть 2. 2011. – 118 б.

5) Бекоева М.И. Основные направления профориентационной деятельности в современной общеобразовательной школе. Балтийский гуманитарный журнал. 2016. – 16 б.

МЕКТЕПТЕГІ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.М Оспанова

тарих пәні мұғалімі

Қадыр Мырза Әли атындағы Vinom School мектеп-лицейі

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіби бағдарлау жұмыстарының қажеттілігі туралы зерттеу деректері көрсетіліп, ықпалдас топтар туралы айтылып, Қазақстан қоғамы үшін бұл мамандықтың маңыздылығы айтылады. Бүгінгі таңның өткір тақырыбы колледжде оқудың тиімділігі мен артықшылығы айтылады. Ата-аналар мен оқушыларға кеңес беру жолдары көрсетіледі. Бұл мақала автордың 1 жылдық кәсіби бағдарлаушы маман тәжірибесін бөлісу болып саналады.

Кілт сөздер: кәсіби бағдар, қоғам, ықпалдастар, ата-ана, оқушы, колледж.

Аннотация. В данной статье отражены данные исследований специалиста по профориентации по вопросам необходимости профориентационной работы, обсуждены интеграционные группы, подчеркнута важность правильного выбора профессии для казахстанского общества. Острой темой сегодняшнего дня является эффективность и преимущества обучения в колледже. Родителям и учащимся представлены возможные пути консультирования.

Ключевые слова: профориентация, общество, влиятельные лица, родители, ученик, колледж.

Өмірде таңдау мүмкіндігі туғанда мейлінше мүлт кетпеуге мән беретін маңызды нәрсенің бірі – мамандық. Зерттеу деректері бойынша, елімізде еңбекке қабілетті халықтың 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Жыл сайын 70 мыңнан аса түлек жұмысқа орналаса алмайды. Бұған қоса НЕЕТ санатындағы жастар да аз емес. Еңбек нарығындағы бұл олқылықтың орнын толтыру үшін, жалпы адам капиталын тиімді дамыту үшін қазіргі кезде сапалы кәсіптік бағдарлауға барынша көңіл бөліне бастады. «Жаңа мамандықтар атласы» зерттеу жобасындағы деректер де бейжай қалдырмайды. Осы зерттеуде оқушылардың 87%-ы ата-аналары мен мұғалімдерінің ықпалымен мамандық таңдайтыны көрсетілген. Бұл ретте ата-аналардың 75%-ы балаларының қандай мамандықты қалайтынын толық түсіне алмағанын мойын-даған. Аталған сауалнамаға қатысқан оқушылар мен олардың ата-аналарының 90%-ы кәсіптік бағдарлау туралы біле бермейтінін және бұған қатысты ақпаратты мақсатты түрде іздемегенін айтқан [1].

Жалпы, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіз мамандардың көбею мәселесінің тамыры тереңде жатыр. Яғни болашақ мамандардың іске алғысыз кадр болмауына жол бермеу үшін мектеп табалдырығынан бастап қай салаға бейімділігін анықтау маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың қыркүйегіндегі халыққа Жолдауында: «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс», деп атап өтті [2].

Кәсіптік бағдар - бұл мамандық таңдаудағы жеке икемділіктерінің, қызығушылығының, кәсіптік ынтасына және қоғамның әр-түрлі деңгейдегі квалификациялы және әр-түрлі мамандық кадрларына сұранысымен жастарды дайындаудағы бағытталған іс-әрекет [3].

Әрбір он жыл сайын әлемде тың жаңа мамандықтар пайда болады. 21-ғасырда жаңа мамандықтардың пайда болуы жаппай жұмыссыздықпен, бос орындардың тапшылығымен, жаңа технологиялардың қарқынды дамуымен және де жаһандық компьютерлендірумен тікелей байланысты. Осы орайда қазақстандық қоғамның қазіргі даму жағдайында мектеп оқушыларының кәсіби бағдары өзекті мәселелердің біріне айналды.

Оқушыны кәсіби бағдарлау әлеуметтік мәселе ғана емес, бүкіл қоғамдық жайт. Өз ісін адасусыз таңдаған адам қоғам үшін пайдалы тұлға болады. Сондықтан да ел экономикасы үшін де өз мамандығын сүйетін, өз ісін ұнататын жұмысшы еңбек өнімділігін тудырады. Осыдан шығып, кәсіби бағдарлау жұмысы педагогтардың ғана немесе бір ғана министрлік жұмысы емес. Бұл қоғам болып көтеретін, қауым болып шешетін ауқымды іс. Әсіресе бұл жолда ата-аналар маңызды рөл атқарады.

Мәселен, бүгінгі таңда өзекті тақырып негізгі мектепті бітіріп, колледжге бару немесе бармау таңдауы. Мектеп мұғалімдері тәрбиесі қиын, оқу үлгерімі төмен оқушыларды кәсіптік-техникалық колледждерге жіберуге асығатыны жасырын емес. Бірақ бұл ұсынысқа ата-ағалар қарсы шығып жатады. Осындай сәтте кәсіби бағдарлау маманы жүйелі кеңестер бере білуі тиіс. Мәселен,

- колледждің рейтингісіне, кадр құрамына, аккредитациядан өткендігіне, мемлекеттік немесе меншіктің қай түрінде екеніне мән беріңіз;

- қандай бағдарлама бойынша оқу жүргізілетінін қараңыз. Себебі мамандықтардың атауы бірдей естіліп, бірақ мазмұна айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Колледжге түсетін балаңыз болса модульді оқыту бағдарламасы және дуалды оқыту туралы білгеніңіз дұрыс. Бұл – әлемдік тәжірибеде дәлелденген тиімді оқыту әдістері болып табылады;

- колледжді лайықты бағалау үшін оқушылардың өздерін де тыңдау керек, ал олар колледжде оқу өте қиын емес, шәкіртақы алады, ал оқытушылармен қарым-қатынас «ересек адам – ересек адам» моделі бойынша өтеді.

- кейбірінің пайымдауынша, колледжде білім, тәртіп жоқ. Ол қате пікір дер едім. Ол жерде де темірдей тәртіп пен білікті мамандар жеткілікті. Бұл жерде үйдегі тәрбие басты құрал екені дәлелденеді. Санасы бар, ата-анасын ойлайтын жанашыр балалар не болса да шектен шықпайды. «Мінезіне қарай тағдыры»

деген сөз бар. Бұзықтық мінезі тыйылмаса ол колледжде болмасын, мектепте немесе басқа жерде бәрібір сыр берері анық;

- колледжде тек нашар оқитын оқушылар оқиды деген де қате түсінік. Бұл пікірдің қате екені күнделікті өмірде дәлелденіп жүр. Керсінше, қазір бүкіл әлемде жоғары білімнен колледждегі білімге бет бұру басталды. Жастарды жұмыспен қамту және қоғамның толыққанды мүшесі етіп баулу барысында кәсіби білімнің маңызы зор. Бүгінде үкімет колледждерді сұранысқа ие кәсіп иелерін тәрбиелеп шығаратын ордаға айналдыру үшін бар мүмкіндікті жасап, мол қаржы бөліп отыр;

- колледжді тәмамдаған студенттер ерте есейеді. Мектепте оқыған сыныптастары студенттік өмірдің дәмін енді сезінуге аттанғанда бұлар үлкен өмірге аяқ басуға дайын тұрады. Жұмыс істеп, ақша табуды ойлайды. Әрі қарай көлік алу, жоғарғы білім алу деген сияқты мақсаттарды іске асыра алады.

Міне, кеңес сұраған ата-анаға осыны жіберсеңіз болады.

Колледждерге кәсіби бағдарлау жүргізу үшін нақты колледждермен меморандумға отыру арқылы бастаған жөн. Сол меморандум ішіне тәжірибе алмасу, тәжірибедегі бір күн, арнайы мамандықтың мастер-класс, практикалық базасына саяхат жасау, олардың мастер-оқытушыларының мектепке келіп шеберлік класстарын көрсетуі, студенттермен байланыс сынды пункттердің қосылуына назар аударуды ұмытпаңыз.

Жастардың кәсіби өзін-өзі айқындауы өзара байланысты кезеңдерден тұратынын ескерсек, негізгі мектептің бірінші сатысы (V–VII сыныптар) – жеткіншектерде кәсіби ниеттер пайда болады, олар мамандық таңдауға байланысты өз мүдделерін, қабілеттері мен қоғамдық құндылықтарын бірте-бірте түсіне бастайды. Осының барлығы жетекші танымдық және еңбек әрекеттерінде жүзеге асады [4]. Негізгі мектептің екінші кезеңі (VIII–IX сыныптар) – бұл кезеңде мектеп оқушыларының кәсіби сана-сезімі дамиды, оларда мамандық таңдаудың тұлғалық мәні пайда болады, өз идеялары мен нақты мүмкіндіктерін болашақ қызмет саласын таңдаудың қоғамдық мақсаттарымен байланыстырады; бұл кезеңде оқушыларды белсенді танымдық және еңбек әрекетіне баулиды, оларға мамандық таңдаудың ғылыми негіздерін зерделеуге, диагностика мен өзін-өзі диагностикалау әдістерін меңгеруге қолдау көрсетеді. Жалпы орта білім беру мекемелерінде оқу (мектеп, гимназия, лицей) - жекелеген оқу пәндерін тереңдетіп оқыту негізінде кәсіби бағдарлау жүзеге асырылады, кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасуына назар аударылады; оқушыларға өзін-өзі дамытуға және таңдаған кәсіби қызметіне өздігінен дайындалуға көмек көрсетіледі [5].

Қорыта айтқанда, кәсіби бағдарлау жұмысы бір ғана маманның жұмысы емес, бұл ұжым болып, қоғам мен мемлекеттік деңгейде атқарылатын жұмыс болып табылады. Ал оқушыны колледжге бағыттау аса жауапты іс. Сондықтан кең көлемді зерттеу мен ыждағаттылықты талап етеді. Болашақ маманның өз ісін ұнатып атқаруы оның алдыңғы маман болуына жол ашады. Сондықтан да бұл кәсіптің арқалаған жүгі ауыр әрі салмақты.

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) Орынбек Өтемұрат «Кәсіптік бағдарлау білікті маман болуға жол ашады», Егемен Қазақстан, 20.02.2023 жыл
- 2) ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жыл
- 3) Жолмұқан Түрікпенұлы. Кәсіптік бағдар. -Алматы: Санат, 1995-145 бет.
- 4) Мектеп және мамандық таңдау. Мектеп баспасы, Алматы: 1973-207 бет
- 5) Сейтешов А.П. Пути профессионального воспитания учащихся молодежи. - Алматы: Мектеп, 1988-189 с.

ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУДА ТӘЖІРИБЕДЕГІ ІЗДЕНІСТЕР

Ә.Ә. Пірімова

*Абай атындағы №138 орта мектебі
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушыларға кәсіби бағдар берудің тәжірибедегі озық үлгілері баяндалады. Әрбір баланың мамандыққа, кәсіпке қызығушылығын, бейімділігін анықтау жан-жақты, үздіксіз жүргізілетін жұмыс. Кәсіби бағдар беру педагогикалық, психологиялық әлеуметтік серіктестік байланыс, оқушымен сұхбат, ақпараттандыру, насихаттық топ бойынша жүзеге асырылады.

Тірек сөздер: кәсіби бағдар, кәсіби ойлау, тұлғалық қабілет, үгіт-насихат.

Аннотация: В статье описаны практические примеры профессиональной ориентации учащихся, представлена непрерывная работа по выявлению интереса, склонностей каждого ребенка к той или иной профессии. Профориентация осуществляется при педагогическом, психологическом социальном партнерском контакте, диалоге с учеником и информатизации данного процесса.

Ключевые слова: профориентация, профессиональное мышление, личностные способности, пропаганда.

Кіріспе. Ғылым мен техника қарыштап дамыған жылдам өзгермелі заманда жаһандық сын-тегеуріндерге төтеп беру үшін тұлға бойынан ХХІ ғасыр адамына қажетті бәсекеге қабілеттілік сапалары мен зияткерлік білімді қажет етеді. Өйткені адами капиталдың нақты көрсеткіші болып табылатын білім қай кезеңде де салтанат құрып, жарқын жетістіктерге жол ашады. ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында төртінші басымдық ретінде адами капиталдың сапасын жақсартуды атап көрсетті [1]. Сондықтан тұлғалық құндылықтарды жетілдіруге бағытталған қазақстандық білім беру жүйесінде болашақта қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына қатысуға қабілетті, тіршілік және кәсіптік проблемаларды шешуге құзыретті, өмір бойы тиімді еңбек етуге және оқуға дайын тұлғаларды даярлау аса маңызды. Осы талапқа сай бүгінгі таңда білім беруде жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын айқындау, жетілдіру, тәжірибе алмасу қажеттігі туындайды. Өз қатарластарынан интеллектуалды қабілетімен ерекшеленіп, ішкі потенциалын жоғары деңгейде таныта алатын

оқушылардың қабілетін дамытуды жүзеге асыру – мектептің және әрбір мұғалімнің жұмысындағы басым бағыттардың бірі.

Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы әрбір маманның кәсіби біліктілігімен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде оқушылардың тұлғалық қабілеттерін дамытып, ерте жастан кәсіби бағдарлау басты назарда. Олардың қарым-қабілетін ескере отырып, сұранысқа ие мамандықтарға баулу – бала болашағын айқындайтын жауапты іс.

Негізгі бөлім. Балалардың бойындағы қабілетті анықтау мен дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру Қазақстан Республикасының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Мектепте кәсіби бағдар беру жұмысы жүйелі жүргізілгенде ғана оқушы болашақ мамандығы туралы дұрыс шешім қабылдайды. Қоғам қайраткері Ж.Аймауытұлы: «Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе жастардың басында: Олар тәжірибесіз, олар көңілі, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды», - деген болатын [2]. Сондықтан оқушының икеміне қарай мамандық таңдауына көмектесу – педагогтен аңғарымпаздықты, шеберлікті, жауапкершілікті қажет етеді. Бұл орайда оқушы, ата-ана, кәсіби бағдарлаушы маманның бірлескен әрекеті нәтижелі болады.

Тәжірибемізде оқушыларды кәсіби бағдарлауды шартты түрде 3 топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Пән мұғалімдері тақырыпқа сәйкес белгілі бір мамандықтар туралы мәлімет беріп, сабақ процесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы, сабақтағы әрекеті арқылы кәсіп, мамандыққа икемділігін анықтайды. Балалардың қабілетін дамыту, белгілі бір мамандыққа баулудың іргетасы мектеп қабырғасында қаланады. Бұл ұзақ та күрделі үдеріс болғандықтан, мұғалім ең алдымен бұл бағыттағы жұмысын кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажет деп ойлаймын.

Бірінші, *мұғалімнің пәндік, педагогикалық, технологиялық білімінің тереңдігі.* Педагогтың кәсіби ойлауы - бірегей құрылыммен сипатталатын, маңызды және іс жүзінде тиімді қорлары, сапалық сипаттамалары және оқушының іс-әрекетін және жеке басын өзгертудегі практикалық мәселелерді шешуге бағытталған кешенді білім [3]. Себебі жеке тұлғаның рухани жан дүниесі бай, парасатты, саналы азамат болып өсуінде мұғалімнің психологиялық танымы, тәрбиесі мен тағылымы оқушыға үлгі болып, өмірлік көзқарасының қалыптасуына әсер етеді. Мәселен, 8-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтар» бөлімінде мамандық, кәсіпке байланысты 8 тақырып берілген. Бұл – оқушылардың мамандықтар туралы ақпарат алуына, болашақ мамандығы туралы ойлануына түрткі болатын, білім беру тұрғысынан ықпал ететін факторлардың бірі. Бұл бөлімдегі тақырыптардың тыңдалым, оқылым мәтіндері мамандық, кәсіп түрлерін қамтиды. Мысалы: «... еліміздің ертеңгі тірегі, сенім артар болашағы саналатын, егемен Қазақстанымыздың дамуы мен гүлденуі жолында аянбай еңбек ететін келешек маман иесі – жастарымыз мектеп бітірген сәттен өз мамандықтарын дұрыс таңдауы керек» деген мәтін үзінділерін талқылаудың мәні зор. Көркем еңбек пәнінде де мамандық түрлеріне байланысты тақырыптар берілген. Оқытудағы мұндай

тақырыптар оқушыны кәсіби бағдарлаудың педагогикалық аспектісі болып табылады.

Екінші, оқушының белгілі бір кәсіпке, мамандыққа қызығушылығын анықтау. Бұл кезеңге мектеп психологінің психологиялық сауалнамасы, сынып жетекшімен сұхбат, сыныптан тыс жұмыстар, сабақ барысында тапсырма нәтижелерімен танысу әрекеттерін жүзеге асыру жатады. Мысалы: мектепте жылына 2 рет кәсіби бейімділікке байланысты сауалнама алынады. Атап айтқанда, «Л.Йовайшидің кәсіби бейімділік» тақырыбында жүргізілген сауалнамада оқушылардың кәсіпке бейімділігі төмендегідей санаттар бойынша анықтау мүмкіндігі туды.

- 1)Адамдармен жұмыс істеуге бейімділік
- 2)Зерттеу қызметтеріне бейімділік;
- 3)Өндіріске жұмысқа бейімділік;
- 4) Іс-әрекеттің эстетикалық түрлеріне бейімділік
- 5)Іс-әрекеттің экстремалды түрлеріне бейімділік
- 6)Іс-әрекеттің жоспарлық-экономикалық түрлеріне бейімділік

2022-2023 оқу жылында желтоқсан айында алынған бұл сауалнамаға 15 оқушы қатысты. 10-12 ұпай: ашық профессионалды бейімділікті білдіреді. 7-9 ұпай: орташа профессионалды бейімділікті білдіреді. 4-6 ұпай: әлсіз профессионалды бейімділік. Сауалнама бойынша сынып жетекшіге мектеп психологі төмендегідей ұсыныс берді:

1.Бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасар кәсіби бейімділігін жетілдіру мақсатында сала мамандарымен кездесу өткізу;

2.Сынып жетекші ата-аналармен тығыз байланыс орнату.

Үшінші, *оқушының тұлғалық құзыреттілігін зерделеу.* Мұнда оқуға, күрделі тапсырмаларды құштар, ерекше қабілетімен көзге түскен оқушыны жан-жақты зерттеп, оның қызығушылығы мен қабілеттілік бағытын анықтау қажет.

Төртінші, 10-сыныпта оқушыларды таңдаған мамандығына қарай жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта өз өтініштері бойынша бөліп оқытудың да маңызы зор. Тәжірибемізде қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын пәннің мазмұны Ұлттық бірыңғай тестілеуде кеңінен қамтылады.

2.Сынып жетекші, мектеп психологі сауалнама, әңгімелеу, тәрбие бағыттары бойынша мамандықты таңдауына немесе мамандыққа бейімділігін байқайды, бағыттау да артық етпейді. Мектебімізде әлеуметтік серіктестермен байланыс жолға қойылған. Атап айтсақ, Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрының шығармашылық ұжымымен бірлесіп, «Абай» драмасын мектептің акт залында сахналау актерлік таланты бар оқушыларды кәсіби бағдарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар түрлі кулинариялық цехтарға, облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының жұмысымен танысу, музейлерге саяхат оқушылардың қызығушылығын, сол мамандық туралы түсінік қалыптасуына ықпал етеді. Еңбек нарқының, жекеленген оқыту негізінде оқушыларды өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі іске асыруға даярлаудағы әлеуметтік серіктестер қажеттілігі, кәсіптік білім беруге

дайындықтары кәсіби педагогиканың ғылыми зерттеулерінің маңызды және өзекті бағыттары болып табылады [4].

3. Мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасарының кең ауқымды жұмыстары – мамандықтар атласын құрайды. Бұл бағыттарды санамалап төмендегідей көрсетуге болады:

1) Түлектерге арналған мамандықтар туралы ақпараттық тақта. Ақпараттық тақтадағы мәліметтер жыл сайын толықтырып, жаңарып отырады. Мектептің фойесіне ілінеді.

2) Жоғары, орта арнаулы оқу орындарының үгіт-насихат тобымен кездесу; Мұнда оқу орындарының жоспарына сәйкес, жыл бойы насихаттық топтар мектепке келіп, оқушыларға оқу орындарындағы мамандықтармен таныстырып, тиімді жеңілдіктерді де баяндайды.

3) Түрлі мамандық иелерімен кездесу кешін өткізу; Тәрбие бағыты бойынша жүргізілетін мамандық иелерімен кездесу кештері оқушылардың мамандық таңдауда шешім қабылдауына түрткі болары сөзсіз.

4) Оқушылармен сұхбат жүргізу, кәсіби бағдар беру.

Мәселен, 8-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтар» бөлімінде мамандық, кәсіпке байланысты 8 тақырып берілген. Бұл – оқушылардың мамандықтар туралы ақпарат алуына, болашақ мамандығын айқындауына білім беру тұрғысынан ықпал ететін факторлардың бірі. Мысалы: «... еліміздің ертеңгі тірегі, сенім артар болашағы саналатын, егемен Қазақстанымыздың дамуы мен гүлденуі жолында аянбай еңбек ететін келешек маман иесі – жастарымыз мектеп бітірген сәттен өз мамандықтарын дұрыс таңдауы керек» деген мәтін үзінділерін талқылаудың мәні зор.

Қорытынды. Қорыта келе, Кәсіби бағдар беру жұмысы – көп аспектілі қызмет бағыты. Оқушымен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысы қоғамның дамуына өзінің қосатын үлесін және жауапкершілігін сезіне алатын, ерекше және қайталанбас тұлға ретінде адамның жаңа қырларын көруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушының тұлғалық қабілетін, ынтасын нақты анықтап, қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету, оның ішкі ресурстарын терең білім, шығармашылық ізденіспен дамытып қана қоймай, алған білімін, дарынын азаматтық ұстанымына сай өмірлік мақсатына, ел игілігіне қолдануға дайын саналы азаматты дайындау – әрбір мұғалімнің педагогикалық ұстанымына айналуы тиіс.

«Ұстазы пейілді болса, шәкірті зейінді болады» демекші, оқу-тәрбие үдерісінде әрбір оқушымен жұмыс дұрыс ұйымдастырылғанда ғана өз нәтижесін береді. Заман талабына сай білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі. Осы орайда оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар, ақыл-ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін жеке пәндерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру, оны тәжірибеге тиімді енгізу арқылы жаңа құзыретті идеяларды түрлендіруге және жүзеге асыруға қабілетті, әдеттен тыс шешімдер

табатын және қабылдай алатын креативті тұлғалар тәрбиелеу негізінде Қазақстанның табысты, серпінді, инновациялық экономикасы құрылады.

Қолданылған деректер тізімі:

- 1) «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Егемен Қазақстан» 31 қаңтар, 2017 жыл №20 (29001)
- 2) Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995, 312 б.
- 3) «Ұстаз – өзгертуші тұлға. Педагогтардың санасын жаңғырту» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-87 б.
- 4) «Саналы азамат»: Оқушының білім алуы мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 128б.

ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР

А.Ж. Раева

Қадыр Мырза Әлі атындағы Vinom School мектеп-лицейі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Педагогика ғылымдарының магистрі

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл білімі саласындағы өзекті бағыттар талқыланды. Бүгінгі күні лингвистиканың басқа ғылым салаларымен тоғысуынан жаңа бағыттар, сәйкесінше жаңа мамандықтар да пайда болуда. Атап айтқанда, нейролингвистика, юрислингвистика, лингвокриминалистика, компьютерлік лингвистика т.б. Аталған бағыттар әлемдік білім беруде жаңа сала болып табылмауы да мүмкін. Десек те, біздің елімізде бұл бағытта мамандар даярлау өзекті мәселе. Осыған орай, мақаланың жалпы мазмұнында тіл білімінің басқа салалармен тоғысуынан пайда болған бағыттардың ғылыми мәні сипатталады.

Тірек сөздер: лингвистика, лингвист, нейролингвистика, психолінгвистика, юрислингвистика

Аннотация. В данной статье обсуждались актуальные направления в области языкознания. На сегодняшний день из переплетения лингвистики с другими областями науки появляются новые направления и, соответственно, новые специальности. В частности, нейролингвистика, юрислингвистика, лингвокриминалистика, компьютерная лингвистика и др. Данные направления могут не являться нововведением в мировом образовании. Однако, в нашей стране подготовка специалистов в этом направлении является актуальным вопросом. В общем содержании статьи описывается научная сущность направлений, возникших в результате переплетения языкознания с другими областями.

Ключевые слова: лингвистика, лингвист, нейролингвистика, психолінгвистика, юрислингвистика

Лингвистика саласы бүгінгі таңда жаңа бағыттармен толығуда. Атап айтқанда, құқықтану, заң, неврология, әлеуметтану, психология т.б. салалармен интеграциялану нәтижесінде жаңа бағыттар қалыптасуда. Осыған сәйкес, жаңа бағыттың мән-мазмұнын игерту, тәжірибеде қолдану тұрғысында да жаңа мамандықтар қалыптасуда. Білім беру үдерісінде ғылым мен технологияның жетістіктерін назарға ала отырып, мектеп бітіруші түлектердің кәсіби бағдарлану

жұмысында олардың қабілет, дағдыларын есепке ала отырып, ғылымдағы жаңа бағыттар мен еліміз үшін өзекті әрі жаңа мамандықтарды таңдауларына дұрыс бағыт-бағдар берілу қажет. Ол үшін пән мұғалімі өз саласындағы өзекті мәселелерді талқылай отырып, жаңа мамандықтар және сол мамандыққа даярлаудағы озық ЖОО туралы да жан-жақты әрі ресми ақпарат беруі қажет деген пікірдеміз.

Лингвистика саласындағы бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қарастыра отырып, біз мақалада юрислингвистика және лингвист-сарапшы туралы, сонымен қатар нейролингвистикаға арнайы тоқталамыз.

Ғалым А. Оразбаева «Юрислингвистика» деп аталатын еңбегінде: «Юрислингвистика – тіл білімінің жаңа саласы. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысында пайда болғандықтан пән аралық сипаттарға ие. Лингвистика және юриспруденцияның әрқашанда ортақ салалары болды және оларды объективті түрде жақындастыратын тенденциялары бар», - деген тұжырымын айтады [1, 5].

Қазіргі таңда тіл мен құқықтың өзара байланысты мәселелерімен заңгерлер де, лингвистер де айналысуда. Заң лингвистика саласындағы мамандарға қазіргі қоғамда сұраныс үлкен болып отыр. Филологиялық факультеттер мен заң факультеттерінің ынтымақтастығы аталған мәселені қанағаттандыра алады, сондай-ақ, оның болашағы қазіргі білім беру жүйесіне байланысты болады және қажеттілігі өткір мамандарға бағыт береді.

Ғалымдардың тұжырымдауы бойынша, юрислингвистика — қазақ тіл білімінде соңғы кездерде ғана қарастырыла бастаған өзекті мәселе, лингвистика мен юриспруденцияның тоғысындағы проблемаларды қамтитын сала. Бұл салада белгілі бір мақсат-міндеттерді басшылыққа ала отырып жұмыс істеу нәтижесінде ғылыми тұжырымдарға қол жеткізу үшін көп істер жасалуы тиіс.

Тіл мен заңды объекті етіп алатын тіл білімінің жаңа саласы - юрислингвистика деп аталса, заманауи және қазіргі таңдағы өзекті сараптамалардың бірі азаматтық және қылмыстық істерді шешуде: авторлық құқықтың бұзылулар, жалған сөз бен халықтар арасындағы қарым-қатынасты бұзу және т.б. адами құндылықтарды шешуде лингвистикалық сараптамаға деген қоғам алдындағы қажеттілік күн санап артып келеді. Лингвистикалық сараптаманың зерттеу пәніне жағдайлар мен фактілердің заңнамалық тұрғыдан тілдік қызметтерді зерттеу болса, сараптаманың объектісін тіл қызметі бойынша кез-келген тасымалдаушы мәтіндер, атап айтқанда, бейне, аудио құрылғылардағы визуалды мәтіндер, ғаламтор желісіндегі және баспасөз беттеріндегі мақалалар құрайды. Бұл тұрғыдан келгенде, лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алады.

Осы бағытқа сәйкес бүгінгі күні өзекті деп танылған мамандықтар: лингвокриминалист, лингвист-сарапшы.

Тіл лингвистиканы зерттеудің негізгі нысаны ретінде бүгінгі таңда әртүрлі аспектілерде қарастырылады. XX ғасырдың тіл білімінің экспансионизмі жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына әкелді. Тілдің, ойлаудың және сөйлеудің өзара әрекеттесуіне бағытталған танымдық зерттеулер ерекше қызығушылық

